Жоғары деңгейде білімі мен дағдысы бар мұғалім ғана оқушыларына осы білім мен дағдыларды қалыптастырудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете алады. Сондықтан, бүгінде болашақ мұғалімдердің әмбебап оқыту әрекеттерін дамытуға бағытталған оқыту жүйесін енгізу қажет[2].

Болашақ информатика пәнінің мұғалімі үнемі ізденіс үстінде болуы керек, себебі қазіргі заманда ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны күннен күнге өсіп келе жатыр. Ал ақпараттық коммуникациялық технологияларда бір орында тоқтап қалмай, жаңарып отыратындықтан, информатика маманы да заман талабына сай өз білімін, тәжірибесін толықтырып, дамытып, алға жылжып отыруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау керек» - деп атап көрсетілген [3].

Сонымен қатар, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» - деп атап көрсетуі педагогикалық үдерістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді. Демек, білім меңгерудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр педагогтың міндеті. Әрбір педагог жұмыс тәсілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, оқушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты әр түрлі заманауи, жаңашыл әдістерді, ақпараттық – технологияларды қолданудың қажеттілігі туындайды. Тәжірибе жүзінде ең көп тараған сабақ ойын элементтерімен іс-әрекет болып саналады. Бұл оқушыларды максималды түрде қызықтырып, оларды ақпаратты адекватты түрде қабылдауларын дамытуға, өзінің, сонымен бірге басқа қатысушылардың жұмыстарын талдауға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Ойын барысында оқушылар материалды бекітіп және жалпылап қана қоймай, сонымен қатар өздері де сабаққа белсенді қатысуды, өзара және мұғаліммен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Оқушылардың алған білімдері біліктілік пен дағдыларға айналу үшін, міндетті түрде олар өздері талаптанып, белсенділіктері артуы қажет, жауапкершілікпен жұмыс жасап, істеген ісіне деген сенімі болуы шарт. Шығармашылық жұмыс – бұл әрбір адамның әрекетті саналы түрде таңдап алып, оны табандылықпен орындау арқылы сипатталатын қасиет.

Информатиканы оқыту үдерісінде оқушыларға базалық білімді толық меңгерту мұғалім тарапынан көп жұмысты қажет етеді. Осыған байланысты информатика сабағында жобалық іс-әрекет арқылы көптеген мәселелерді шешу, әсіресе, оқушылардың зерттеу біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру тиімділігі қарастырылуда. Оқыту үдерісінде оқушыларды жобалық іс-әрекет арқылы шығармашылыққа, өздігінен ізденуге, өз ісіне сыни тұрғыдан қарап, мәселені шешу әдістерін тиімді пайдалана білуге үйретсе, онда оқушылардың зерттеу біліктіліктері сөзсіз өздігінен қалыптасады.

Жалпы информатикадан оқушылардың жобаны жасау барысында сыни тұрғыдан ойлауын ұйымдастырудың екі бағытын ажыратуға болады. Біріншісі, мектептерде информатика пәні бойынша негізге алынып жүрген оқыту бағдарламаларының ішінен оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын еркін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тақырыптарды таңдау. Жобалар пәндік мәселелерді шешумен қатар, оқушылардың сабақтағы меңгерген біліміне қоса өзіндік қажетті коммуникативтік, ақпараттық, т.б. қабілеттерін қалыптастыруға негіз болады.

Екіншісі, жобалаудың тұтас құрылымын орындауды мақсат етіп қоймастан, жобалауға тән – қалыптасқан жағдайды талдау, шағын тапсырмалар беру арқылы жаңа ақпаратты өз бетімен меңгеруге қызығушылық туғызу. Бұл жерде тұтас жоба жасау маңыздылығынан қарағанда, оқушының сыни тұрғыдан ойлауын ұйымдастыруға еркіндік беру. Оқушы берілген тапсырманы орындау барысында сабақта алған теориялық білімін тапсырманы орындау құралына айналғанда ғана оның тұлғалық дамуы жүзеге асырылады. Жоба шағын болуы мүмкін, бірақ ол дәстүрлі түсініктегі «жаттығу орындау», «ереже жаттау» болмайды [4]. Жобалау әдісі информатика сабағында маңызды орын алатындығы пәнді оқыту ерекшеліктерінде көрсетілген. Осы әдіс көмегімен оқушылар қандай да бір қосымша компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу арқылы алған теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіте алады және оқу-танымдық және ақпараттық құзіреттіліктері қалыптасады.

Біріншіден, білім дайын түрде берілмейді, оған оқушы өзінің оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінен бастап жаңа ақпарат жайлы деректер жинайды, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады.

Екіншіден, жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасын, сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Әр оқушы өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады.

Үшіншіден, оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – оның өзіндік іс-әрекеті.

Төртіншіден, оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы пайда болады. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз екені көрінеді.

Егер информатикадан оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын ұйымдастыру жұмыстарын өткізу әдістемесі оқу үдерісіне енгізілсе, оқушыларда қоғамдағы және табиғаттағы үдерістерді зерттеу элементтері мен ғылыми көзқарасы қалыптасып, информатика пәніне деген қызығушылығы артады; оқушының оқу мүмкіндігі мен қажеттілігі, оқуға мүдделілігі толық іске асырылуы негізінде тұлғалық даму мүмкіндігі пайда болады; өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды.

Оқу барысын, оқушыларды тек біліммен ғана қаруландырып қоймай, оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өкізілетін, сыныптан тыс жұмыстар: танымдық ойындар да оңтайландырады.

Қаралған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, оқушының білім сапасын көтеру, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп оқушы құзырлығын дамытады. Осындай тәжірибе арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жетуге болады.

Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың информатикалық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай информатикалық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Қорытындылау кезінде тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін сәйкестендіру кестесін толтырғызып, сабақты бекітеміз. Әр тарауды өткен соң, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу қажет. Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқу жұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

1. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады.
2. Шығармашылық қабілеттері артады.
3. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады.
4. Оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды.
5. Компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Қорыта келгенде «Информатика» пәнін оқыту деңгейі, дидактикалық программалар, оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру виртуалды өмірге енгізу т.с.с жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар мұндай программалар материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты оқыту сияқты негізгі әдістерін жаңа сапалық деңгейге көтереді.

#### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоғары мектеп №1, 2004. -5-8ст.
2. Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Даулеткулов А. Новые информационные технологии, Алматы, Джагамбек, 2002 г., 442с (на русском и казахском языках)
3. Джапарова Г.А. Основы информатики. Алматы, Экономика, 2004 г., 235с.
4. Информатика, практикум по технологии работы на компьютере. Под ред. проф. Н.В. Макаровой, , Финансы и статистика, 2000 г.
5. Черкасова Ю.М. Информационные технологии управления.-М.: Инфра-М, 2001.

**Смағұл Мейрат Жақыпұлы**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, smagul.meirat@mail.ru

**Ыбыраймова Света Сембайқызы**

аға оқытушы, Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, sveta.sembai@gmail.com

**Шукетаева Камиля Кдырбаевна**

т.ғ.к., доц, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

**Абдибекова Куляш Джалеловна**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Буланова Толкынай Молдақуловка**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, tolqunay@mail.

**МАТЕМАТИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

***Андатпа.** Математика тарихы жайлы оқу құралдары, көпшілікке арналған кітаптар өте сирек кездеседі. Мәселен, математика тарихының төрінен орын алатын ұлы ғамымдар Евдонс, Евклид, Архимед, Аполоний... есімдері ежелгі грек мәдениеті тарихы кітаптарының көбісінде жоқ. Тіпті, ұлы жерлесіміз данышпан әл- Фарабидің математиканың мұрасына арналып, қазақ тілінде жазылған дүние жоқ деуге болады...*

***Түйін сөздер:** математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтар, математика, жаңа идеялар, астрономия, логикалық ой-өріс, ғылым тарихы мен ғылыми тарихшылары, элементарлық математика дәуірі.*

***Аннотация.** Математика, учебные пособия по истории, для популяризации книги очень редко. Так, в ғамымдар Евдонс, которые займут свое достойное место в истории математики, Евклид, Архимед,... культура древней греции, чьи имена история не Аполоний большинстве книг. Даже гений нашего великого земляка аль - Фараби посвящен наследию математиканың матем, можно сказать, что нет в мире на казахском языке...*

***Ключевые слова:** сведения из истории развития математической науки, математика, новые идеи, астрономия, логического мышления, история науки и историки науки, эпоха элементарной математики.*

***Summary.** Mathematics, textbooks on history, to promote the book very rare. So, in Alemdar, Idons that will take its rightful place in the history of mathematics, Euclid, Archimedes,... the culture of ancient Greece, whose names are the Apollonia most books. Even the genius of our great countryman, al - Farabi dedicated to the heritage of mutikani mate, we can say that there is in the world in the Kazakh language...*

***Keywords:** information from the history of mathematics, mathematics, new ideas, astronomy, logical thinking, history of science and scientific historians, the era of elementary mathematics.*

Қазіргі ғылым, оның іргетасы-математика, қазіргі заманымыздағы аса мәдени құбылыс, жалпы өркениетіміздің бөлінбес маңызды бір бөлігі болып отыр. Сондықтан да тек болашақ математика пәнінің мұғалімдері ғана емес, білім-парасатқа ұмтылған әрбір азаматтың ғылым тарихынан, белгілі бір дәрежеде хабардар болуы тілекті нәрсе.

Математика – орта мектептегі негізгі пәндердің бірі болып табылады. Ол басқа пәндерді оқып үйренуге, оқушылардың логикалық ой-өрісінің дамуына септігін тигізеді. Математика әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтарды білу қажет.

Математиканың маңызы қазір үздіксіз өсіп келеді. Математикада жаңа идеялар мен әдістер туындап келеді. Бұлардың бәрі математиканың қолданылу өрісін кеңейтеді. Қазір адам атқаратын қызмет салаларының қайсысын алсақ-та математика айтарлықтай қолданылмайтыны жоқ. Ол табиғат жайындағы ғылымдардың бәрінде, техникада, құрылыс, экономика, типтем, медицина қоғам тануда аса маңызды құралға айланып барады. Жаңа заман, тіпті, юристер мен тарихшылар да математикалық әдістермен қаруланған болуын талап етіп отыр.

Алайда, мәдениет тарихын баяндауға арналған еңбектерде математика тарихына осы кезге дейін жеткілікті көңіл бөлінбей жүр, тіпті болашақ математика мен педагогика институтында да математика тарихы көп жағдайда өтілмей келеді. Математика тарихы жайлы оқу құралдары, көпшілікке арналған кітаптар өте сирек кездеседі. Мәселен, математика тарихының төрінен орын алатын ұлы ғамымдар Евдонс, Евклид, Архимед Аполоний есімдері ежелгі грек мәдениеті тарихы кітаптарының көбісінде жоқ. Сондай-ақ әйгілі ақын Хаиянның математика, астрономия

тарихындағы елеулі еңбектері жайлы мектеп мұғалімдерінің көбісі білмейді. Тіпті ұлы жерлесіміз данышпан әл-Фарабидің математиканың мұрасына арналып, қазақ тілінде жазылған дүние жоқ деуге болады.

Ғалым тарихын зерттеп білудің ғылымның өзі үшін де маңызы зор. Көрнекті математика Боль Гианкейдің сөзімен айтсақ, тарихтың бірден-бір түпкі мақсаты тіпті де бекер әуесқойлықты қанағаттандыру емес, оны зерттеп білу, сайып кемеңде, болашақты нұрландыру деген. Мысалы, тарихи тұрғыдан алып қарағанда, Ньютон XVII ғасырдағы физика-математика ғылымдарындағы ең көрнекті тұлға. Оның еңбектеріне қазіргі кездегі жаратылыстану ғылымдарының көп саласы негізделеді. Ньютонның механикасы осы заманға физикаға іргетас қалады, ол қазіргі астрономияның негізін салушылардың бірі. Алайда ежелгі грек оқымыстылары – Архимед, Апполоний, Птоломей еңбектері болмаса, одан кейін шыққан Галилей болмаса, Ньютон болмас еді. “Мен жұрттан алысырақ көремін, өйткені мен алыптардың иығында тұрмын” – деп Ньютонның өзі айтқан екен. Ал Ньютон болмаса, ұлы Эйнштейннің физикасы дүние келмес еді. Осындай сабақтастықтың заңдылықтарын зерттеп ашып, ғылым жұртшылық пен қалың бұқараға жеткізіп отыру – ғылым тарихы мен ғылыми тарихшыларының негізгі міндеті. Кейбіреулер математика өте шабан дамиды, тіпті өзгермейтін ғылым деп қарайды. Бұл түбірі мен дұрыс емес. Адамзат мұқтаждығын қоғамдық прогресс талабын өтеу жолында математика ғылымы удайы дамып, кемелденіп келеді.

Математика тарихының методологиялық негізі-диалектикалық материял аз болып табылады. Математиканы оқыту әдістемесі математиканың көп ғасырлы дамуымен тығыз байланысты.

Математика қазіргі кезде ғылым саласында ерекше орын алады. А.Н. Колмогоров: «Математиканы білмей, осы күнгі техниканың негіздерін де, ғалымдардың, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды қалай зерттейтіндігін де түсінуге болмайды» деген болатын. Математика материалды дүниенің мазмұнынан бөлініп алынған кеңістік формалары мен сандық қатынастарын зерттейді және математика әдіснамасы математикада қолданылатын таным әдістерінің барлық жиынтығын зерттейді. Бұл жиынтықты таразылау үшін математиканы тарихи даму, өркендеу тұрғысынан қарастыру қажет және математика ғылымының ішкі байланыстарымен бірге, оның басқа ғылымдармен адамзат қызметінің әр алуан қырларымен байланыстырып зерттеу керек.

А.Н.Колмогоровтың таратуы бойынша Жалпы математика ғылымының даму тарихын төрт кезеңге бөлуге болады:

Бірінші дәуір – математиканың туу, математикалық білімдегілердің, мағлұматтардың жиналу және қорлану дәуірі. Бұл жазба тарихқа дейігі санаудан, алғашқы қауымнан басталып математика өзінің белгілі бір зерттеу пәні, мақсаты, әдістері, салалары бар дербес теориялық ғылым болып қалыптасқан (б.з.VI ғ.ғ.) грек математикасына дейін созылады. Бұл дәуірде математикалық негізгі ұғымдар, сандар, фигуралар т.б. қалыптасады.

Екінші дәуір – элементарлық математика дәуірі – б.з.д. VI-V ғ.ғ.дәуірі. Бұл кезеңдегі математикада бүтіндей дерлік тұрақты шамалар қарастырылады. Математиканың арифметика, алгебра, геометрия және триометрия деп аталатын дербес салалары пайда болады.

Үшінші дәуір – айнымалы шамалар математиканың туу дәуірі. Бұл кезеңде математиканың негізгі нысанасы объектісі процендерді, қозғалыстарды зерттеп білу. Бұл дәуір XVII ғасырдағы Декард, Лейбцидің, Ньютонның ашқан математикалық жаңалықтарынан басталып XIX ғ. 1-інші жартысын қамтиды. Бұл аралықта математиканың бұрынғы салаларына аналитикалық геометрия, дифференциялық және интегралдық есептеулер, дифференциалдық теңдеулер, ықтималдық теориясы сияқты физика-математикалық, техникалық және басқа жоғары оқу орындарына оқылып жүрген қазіргі математиканың классикалық негізгі болып саналатын көптеген салалар қосылады.

Төртінші дәуір – қазіргі математиктер Н.И.Лобачевский, Э.Галуа ашқан математикалық жетістіктерден басталады. Мұнда математика қамтитын кеңістік пішіндері мен сандық қатынастар мейлінше кеңейді, бұл тұста сандар ғана емес, вектор тәрізді және басқа тектес шамалар қарастырылады. Кеңістік туралы ұғымның шеңбері кеңейіп, әр түрлі геоиертиялар ашылады. Алгебраның мазмұны бүтіндей өзгеріске ұшырайды. Математиканың өзінің тарихын, логикалық және философиялық тұрғыдан негіздеу мәселесі қолға ашылады, есептеген машиналар пайда болады.

Бұл аталған мәселелер математиканың өткені-тарихы жайында болса, бүгінде, мектепте оқытуды ақпараттандыру және оқу-тәрбие үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану барысында, сабақта ақпараттық -коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану өзекті мәселе болып тұр.

Елімізде жүріп жатқан қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды өзгерістерге сәйкес бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу өзектілігі туындап отыр.

Мектеп пәндерінің мазмұны мен оқыту әдіс - тәсілдерін жан-жақты жетілдіру негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру көзделуде.

Бұл талаптар жалпы білім сапасын көтеруге негізделген соған байланысты математиканы оқыту сапасын арттыру мәселесін шешу есептің мазмұнын оқу міндеттеріне сәйкестігін негіздеуді, оқушылардың танымдық қабілетін тиімді басқару жолдарын іздеуді және оқушылардың белсенді шығармашылық ойлау жұмысын қамтамасыз ете алатын педагогикалық жағдайларды анықтауды көздейді. Ал математиканы оқыту барысында оқушылардың есеп шығаруы оқу - танымдық еңбектің негізгі түріне жатады, сол арқылы оқушылар математикалық әрекетке негізделген біліктер мен дағдыларға ие болады. Сонымен бірге математиканың мектептік курсына көпжақтарға берілген есептерге барынша көп көңіл бөлінуі керек, өйткені олар оқушылардың кеңістікті елестетуін дамытуға үлкен мүмкіндік жасайды.

Олар оқуға икемделуді жоғарылатады, оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, керекті ақпаратты іздеу арқылы туындайтын өзіндік ізденудің көрсеткіштерін жоғарылатады, ұсынылатын ақпараттар мен қолданылатын тапсырмалар жиынтығының көлемін ұлғайтады, оқудағы жеке - дара қарым қатынасты жүзеге асырады, оқушыларды арттырады, сонымен қатар, оқу үрдісін басқарудағы ыңғайлылықты қамтамасыз етеді. АКТ-ны қолдана отырып, көптеген әдістемелік мақсаттар іске асуы мүмкін. Компьютерлік технологияны еркін меңгерген, кез-келген жағдайда шешім таба алатын, белгіленген шеңберден асып өзінше еркін ойлана алатын түлектерді дайындауға болады.

Мектеп оқушыларының геометриялық есептерді шешу әдісін қалыптастыру туралы көптеген ғылыми - әдістемелік зерттеулер бар (В.Г.Болтянский, В.В.Орлов, Д.Пойа, В.И.Рыжик, Г.И.Саранцев, И.М.Смирнова, Л.М.Фридман, И.Ф.Шарыгин т.б.). Барлық дерлік авторлар геометриялық тапсырманың шартында берілген ақпаратты графикалық нұсқасын сыза білу, оның шешімін табуда маңызды рөл атқарады және табылған шешімді зерттеуге көмектеседі деген байлам жасаған. Дегенмен негізгі қиындықтардың бірі оқушылардың ең алдымен кеңістік туралы білімдерінің, елестетулерінің іргесі дұрыс қаланбауында болып табылады. Мұны қалыптастыру мәселесін шешу барысында көптеген математик -әдіскерлер және психологтар айналысты (Н.М.Бескин, Г.Д.Глейзер, И.Я.Каплунович, В.Н.Костицын, Н.Ф.Четверухин, А.Я.Цукарь, И.С.Якиманская т.б.).

Білімді меңгеру үрдісінің маңыздылығы жөнінде көптеген психологтар айтып өткен. «Оқушы оқу материалын белсенді жұмыс істеп, тиісті дәрежеде өз білімін қолданып көргенде ғана меңгеру мүмкіндігі жүзеге асады». Алайда, осындай оқытуды ұйымдастыруға жол ашатын компьютерлер көбінесе тиімді пайдаланыла бермейді. Көп жағдайда олар оқу материалын ұсынудың тағы бір құрамы ретінде жай ғана қолданылады да, оқушы әшейін бақылаушы ретінде қалады.

Геометрияны оқыту әдістемесінде кеңістікте елестетуді үйретудің көптеген әдіс тәсілдері сипатталады (әр түрлі денелердің үлгілерін және комбинацияларын пайдалану, дайын суреттер, арнайы таңдалған тапсырмалар және жаттығулар т.б.). Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы кеңістікте елестету дағдысын қалыптастыру және стереометриялық тапсырмаларды солардың көмегімен шешу мәселесі енді-енді тереңінен қарастырылып жатыр.

Мектеп геометриясындағы мәселелерді ақпараттық технологиялар арқылы шешу туралы зерттеулер Г.Л.Абдулғалимовтың, Е.И.Баранованың, С.М.Танеевтың, А.В.Горшкованың, В.А.Далингердың, В.Р.Майердың, Н.А.Резниктың және т.б. еңбектерінде кездеседі. Олардың зерттеулерінде ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары, графикалық ақпаратты ұсынудың түрлері, геометрияның нақты бөлімдерін оқыту әдістемелері, геометриялық тапсырмаларды шешу кезінде мультимедиялық технологияларды пайдалану жолдары және т.б. баса назарға алынған.

Бүгінгі күні геометриядан электронды оқулық құрушылар шығарған бағдарламаларының әдістемелік мақсаты мен әсеріне көңіл бөлудің орнына, көбінесе сол мультимедиялық технологияның мүмкіндіктерін көрсетуге тырысқан. Оқыту мақсатында геометрияға арналып жасалған электронды курстарға қосымша ретінде оларды пайдалану әдістемесі қосылып берілмейді; бір-біріне сәйкес келмейтін әр-түрлі бағдарламалық орталарда жасалған.

Осылайша геометрияны оқыту әдістемесінде геометриялық денелердің орналасуына байланысты тапсырмалар қоры жинақталған, оларды шешу үшін көптеген әдіс-тәсілдер ойластырылған, барлық дерлік жоғары сыныптардағы геометрия есептерді шешуге арналған компьютерлік бағдарламаларда оларға мультимедиялық сүйемелдеулер жасалынған, бірақ математикадан өтетін мемлекеттік аттестацияларда оқушылардың жоғары сыныптарға арналған геометрия тапсырмаларын шеше білу дағдысының сапасы өзгерусіз қалған. Сондықтан, қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар сабақтарға жаппай енгізіліп жатқанымен, оны оқыту үрдісінде дұрыс пайдалану әдістемелері мен нұсқаулары жоқ. Осылайша, жаңа технология енуі арқылы, оқытуда жаңа мәселелер туындады.

Алайда, стереометриялық есептерді, оның ішінде көпжақтарға берілген есептерді шығару біліктілігін қалыптастыру мәселесін нәтижелі шеше алатын компьютердің жеткілікті дәрежеде қолданыс таппай отырғандығы, компьютерлік оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігі, оның дидактикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеуі арасында қарама - қайшылық пайда болуда.

Бұл мектеп математикасының жекелеген тарауларын оқытқанда оның даму жолы мен заңдылықтарын, математиканың бізді қоршаған ортамен байланысын нақты фактілермен көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан математика сабағында және сыныптан тыс жұмыстарда математика тарихына қысқаша шолу жасау оқушылардың пәнге ынтасын, қызығушылығын арттырумен қатар, бұл ғылымның тарихи төркінін, практикалық құндылығын жете түсінуге де баулиды. Математиканы оқыту әдістемесінде математика курсының дамытуға, оның мазмұнын жаңартуға дидактика тікелей қолғабыс жасайды. Математиканы оқыту әдістемесі дидактиканың заңдары мен қағидаларына сәйкес дамиды. Математиканы оқыту әдістерінің жүйесі мен оған қойылатын талаптар оқыту әдістерінің дидактикалық сарапталуымен басты-басты қағидалары жүзеге асырылады.

#### ***Қолданылған әдебиеттер:***

1. *“Математика энциклопедиясы.”*
2. *Ж.С. Садықов., А.Ж. Садықова, Ж.Қ. Дауытова. Геометрия. I-бөлім, Оқу құралы. Алматы. 2009 ж.*
3. *Справочник по элементарной математике. Под редакцией члена – корреспондента АН УССР Фильчакова Павла Феодосьевича. Издательство «Наукова думка», Киев, 1967.*
4. *Геометрия. Погорелов А. В., М.:Прсвещение, 2008 ж.*
5. *Геометрия. В. Гусев, Ж. Қайдасов, Ә. Қағазбаева, Алматы: Мектеп, 2007.*

### Салгараева Гульназ Ибрагимовна

т.ғ.к., доц, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, gulnaz\_sal@mail.ru

### Шукетаева Камиля Кдырбаевна

т.ғ.к., доц, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

### Бекежанова Алтыншаш Асылхановна

аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
bekezhanovaaltynshash@gmail.com

### Дауытова Жамила Кдырбаевна

аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, fotka\_e.f.j.@mail.ru

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТАР ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАСТАР МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ

***Андатпа.** Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының пайдасы мен зияндары қарастырылған. Оның жасөспірімдердің мінез-құлқына жағымсыз әсерлері талданған.*

***Түйін сөздер:** қашықтан қарым қатынас, психологиялық әсер, галамтордың жағымды және жағымсыз тұстары, жастар, онлайн режимі, әлеуметтік желілер, виртуальды әлем, виртуальды дос, тұйықталу, тәуелділік, девиантты мінез-құлық.*

***Аннотация.** В статье рассмотрены польза и вред средств массовой информации. Представлены рекомендации по снижению влияния СМИ на формирование отклоняющегося поведения подростков.*

***Ключевые слова:** дистанционное общение, психологическое воздействие, положительные и отрицательные моменты интернета, молодежь, режим, онлайн, социальные сети, виртуальный мир, виртуальный друг, замкнутость, зависимость, девиантное поведение.*

***Summary.** The article discusses the benefits and dangers of media. Teenagers, its behavior is analyzed for adverse effects.*

***Keywords:** remote communication, psychological impact, positive and negative aspects of the Internet, youth, mode, online, social networking, virtual world, virtual friend, circuit, dependency, deviant behavior.*

Ғаламтор дамуы, оған енудің ыңғайландырылуы, жылдамдығының артуы, мультимедия технологиясының дамуы, дыбыс және видео қашықтан оқытудың қызықты өтуі мен сапалығын арттырды.

Оңай тұтынылуы мен қолданбалылығы оқу орнынан арақашықтықтың шектелмеуі, өз үйің, жұмыс орнынан шықпай-ақ оқуға мүмкіндік туғызды. Жаңа маман тәжірибе жүзінде өмір бойы еш іс-сапарсыз, уақытша үзілістерсіз, негізгі қызметіңізбен бірге қатар оқуына мүмкіндік жасалды. Тіптен кешке немесе демалыс күндері-ыңғайлы уақытта, немесе, басқа жұмыс орнында, демалыс орнында, больница, курортта жүріп ең таңдаулы курстарыңызға, дөңгелек стөл-конференцияларға қатысуға болатын мүмкіншіліктер туды.

Адам басқа ел, басқа континенттен болса да еш кедергісіз, еш виза, билет, қонақүйісіз қалаған уақытында қажет шаруасын бітіре береді.

Компьютер мен Ғаламтор бар болса, жер шарының кез-келген жерінен білім алуға болатын болды. Білім беру процессін, классикалық білім берумен салыстырғанда, өте тиімді әрі ыңғайлы көп жеңіл. Өз еліңізде таппаған курсты Ғаламтордан іздеп тапсаңыз болды, сайтта тізімге тіркеліп, банк арқылы оқу ақысын төлейсіз. Білім алу процессі білім беруді ұйымдастырушыны да сізді де әуреке салмайды. Әдеттегі оқу басталардағы формальді әурегершіліктер болмайды.

Қазіргі кезде жол жүру, басқа қалада күнделікті күн көру ақысы, квартира жалдау, білім беруді ұйымдастыру шығыны (сабақ өту орны үшін төлеу, коммунальный, оқытушы, т.б. қызметшілер үшін төлеу) сияқты шығындарсыз сапалы білім алуға болады.

Әр түрлі ел, әр түрлі университеттен әр түрлі курс таңдауға болады. Бір уақытта бірнеше жерде оқуға болады және курсты да салыстырып, қай ұнағанына жазылуға болады. Ең тиімді технология, ең білікті оқытушы, қалаған елдің ең алдыңғы қатарлы оқу орындарында оқу мүмкіншілігі пайда болған.

Кез-келген жерде, кез-келген уақытта оқу мүмкіншілігі студенттерге өз үйренген ортасында отырып оқу, күнделікті өмір сүру тәртіп- ережесін бұзбай-ақ, тіптем, жеке бір өзі үшін курсты оқу графигін жасауына да болады.

Адам жасы, мамандығы, түрлі кемшілігі, ұлт-нәсілі сияқты, жағымсыз қылықтары, ұялшақтық, немесе дөрекілік сияқты кемшіліктеріне қарамай білім алуына болады. Барлық адам барлық уақытта күндізгі оқуда оқи алмайды. Оқырмандар тізіміне басқа адам атымен тұрып-та оқуға болады. Оқуға



оқырмандардың жас жағынан сырт көрінісі, ден-саулық, психика, ұлт-нәсіл сияқты т.б. жағынан әр түрлілігі әсер етпейді. Өз компания, фирмасы бар іскер адамдар, мысалы, өз ісінен қол үзіп сыртта оқи алмайды. Сол сияқты үлкен жан ұя бағатын, жан ұясында өзге табыс табатын мүшесі жоқтар үшін ең дұрыс жол- осы қашықтықтан оқу болмақ. Күнделікті істеп жүрген тірлігімен бірге білім алуы да қатар алып жүру мүмкіншілігі пайда болған.

Ғаламтордың пайда болуымен мүгедек және сол сияқты түрлі басқа кемшіліктері бар –кем тарларға оқу мүмкіншілігі пайда болды.

Қашықтан оқытуды қолданғанда университеттер әр түрлі ел, әр түрлі нәсіл, әр түрлі қала, т.б. – студенттер санын арттыра алады. Виртуалды аудиторияда оқушылар санына шектеу жоқ.

Қашықтан оқыту жүйесінің дербестігі. Оқушы өзі оқу уақытын-ырғағын таңдайды, кей тақырыпты бірнеше рет қайталап, ал кей бір тақырыптарды тастап кетуіне, ұзақ не тез, арасында демалып не еш үзіліссіз бітіруіне болады. Студент пәнді сессия кезде тез, қысқа уақыт мерзімінде қарап шықпайды, қашықтан оқу уақыты арасында асықпай терең білім алады. Бұлай оқыту жүйесі студентке өздігінен білім алу қасиетін қалыптастырады.

Тәжірибе, қашықтан оқитын бала жинақы, мобильді әрі пысық болатынын көрсеткен. Бұл қасиеттерсіз ол оқи алмаған болар еді. Қашықтан оқу қажеттілігі туып және осы қасиеттер қатар жүрсе, онда өте қажет мамандар дайындалып шыққан болар еді.

Жаңа қоғамда ақпараттың үнемі және жоғары қарқынмен дамуымен болуынан мамандарға бүкіл өмірінде оқумен болу қажеттігі пайда болды. Бұрын маманның бір кезде алған білімі бүкіл өміріне жететін болса, қазіргі заманда “өмір бойы білім алу”, немесе, бір мамандық аздық жасап, екі немесе одан көп мамандықты игеру қажеттілігі туындап жатыр. Жаңа білім беру технологиясы мен білім беру әдістерін іздеу қажеттілігі туындап, және ол қажеттіліктерді орындаудың дара жолы мен таптырмас құралы- тек қашықтан оқыту мен Ғаламтор технологиясы болып отыр.

Қашықтан оқуда оқушы көп психологиялық әсерлерден құтылады- топ алдында, ұстаз, көпшілік алдында қорқу, емтихан, тест сияқты сынақтардан өткенде сасу, асығу. Дәл солай, керісінше, ұстаз да көпшілік алдында кездейсоқ кедергі, ыңғайсыздықтардан сасу, асығу, кобалжу т.б. себептермен ойын дұрыс, толық жеткізе алмауы мүмкін.

Тек қашықтан оқу ғана емес, құжаттар дайындау, оны реттеу, сараптау, көп мәліметтер кенішіне, деректер қорымен де қамтамасыздандырады. Және қоғамның қай саласын алсақ та Ғаламтордың берер көмегі шексіз.

Ғаламторға, оның ішінде қоғамдық желілерге тәуелді жастар ғалымдардың соңғы зерттеулері бойынша осы әуестігі нәтижесінде өзіне деген сенімділігін жоғарылатады екен. Психологтар қоғамдық желілер арқылы танысып, тілдесу адамның батылдығына, өзіне беретін бағасына әсер ете алатынын, ол көрсеткіштерді жақсы жаққа қарай өзгеретінін дәлелдеген.

Бүгінде Ғаламтор барлық дерлік ісіміздің тез жылжу, қозғалу механизміне айланған. Көліксіз ешқайда шыға алмайтынымыз сияқты Ғаламторсыз еш ісіміз алға жылжымайтын қалға жеткенбіз. Бала бақша сәбінен бастап зейнет жасынан асқан қарттарға дейін-бәріміз ғаламторға тәуелдіміз.

Осы тәуелділік- Ғаламторды пайдаланғанда оның біздің өмірімізге деген қандайда бір оң немесе теріс әсері туралы ойланбаймыз. Қоршаған ортадан алыстап бара жатқанымызды байқамаймыз. Күнделікті өмірде бетпе-бет өзара қарым-қатынас жасайтын адамдармен салыстырғанда, біз виртуалды «достармен» көбірек араласамыз.

Facebook, Twitter, Pinterest, Google+, Tumblr, Instagram, ойын сайттары және жеке блогтар секілді сайттардың пайда болуымен біздің тәуелділігіміз де күшейе түсуде. Сонымен қатар қауіптер саны артып күшейе түсуде. Олардың саны мен түрі асқан сайын біз шынайы өмірден алыстап виртуалды әлемге етене еніп барамыз.

Компьютерге отырған кезде адам жай ғана отырмай интернет пайдаланады. Ғаламтордан өмірге керектінің бәрін таба алады. Қазір, тіпті, өзіне керекті интернетте отырып-ақ сатып алуына болады (киім, жиһаз, тамақ, дәрі-дәрмек, әшекей-бұйымдар т.б.). Әрине, бұл адамға пайдалы. Бірақта әрбір заттың өз уақыты, өз орны болу керек. Ал қазіргі жастар күні-түні монитор алдында отыруға бар. Ол бір жағынан денсаулыққа зиян, ал бір жағынан санаға әсер етеді. Әрине, ғаламтордан көп нәрсе білуге болады, бәрінен хабардар болып отырасың-оның қорында шек жоқ. Бірақ сол кеніштен жақсы мен қатар не бір сұмдықтар да шығып жататынын бәрімізге мәлім.

Бала күннен компьютерді игеріп өскен бала жинақы, ширақ, әлемнің көп жаңалығымен хабардар болатыны рас, бірақ ол жақсы мен қатар жаманмен де хабардар болуы мүмкін. Қазіргі ата-аналар ғаламторды балаларына қосып беріп жатады. Өзі білмесе де баламның көзі ашық болсыншы, білсін, оқысын деп. Ал бала болса құр ойнаумен уақытын өткізеді. Ал сабақ жайында қалады.

Қазір ғаламторда дені дұрыс ойын да жоқ, кілең атыс-шабыс-өлтiру, қатыгездiк. Мiне, осының бәрi бала санасына, бала ағзасына әсер етедi. Компьютер психологиялық қана емес, физиологиялық – тұрғыдан да әсер етуi мүмкiн. Компьютер монитормының кескiндерi адам көзiнiң көру өткiрлiгiн нашарлатады. Бiр мезгiл спорт, қара жұмыспен айланысу орнына жеке дара бұрышқа тығылып, бүгiнгi жастар, тапжылмастан компьютер алдында тәулiк бойы отыруға дайын. Ұзақ қисық отыру бұлшық еттердi қажытады және де омыртқаға зиян болады. Еш ойлауды қажет етпейтiн-санаулы функциялардан тұратын ойындарды қайталаумен уақыт өткiзумен, не виртуалды әлемдi шарлап не бiр - адам шошырлық «сұмдықтарға» кенелiп жатуы мүмкiн. Ғаламтордан бәрiн көрiп өскен бала бұл өмiр ғажаптарына селт етпейдi. Компьютер берерi көп, бiрақ ол адам қажетiнiң бәрiн бере алмайды. Мысалы: мейрiм, өмiр, ден-саулық, т.б.

Шынайы өмiрдегi қоршаған орта, онда болып жатқан оқиғалар виртуалды өмiрдегiмен салыстырғанда түкке тұрғысыз болып көрiнiп, еш бiр терең ойлаусыз тәулiктеп, апта, айлап санаулы фнкциялардан тұратын ойындарды сансыз қайталаумен уақыт өткiзетiн баланың ойлау өрiсi нашарлап, психикасы ауытқиды.

Бала әр бiр 2-4 сағаттан кейiн пайдалы iстермен айланысып тұру керек. Компьютерде жұмыс iстеу уақыты баланың жасына да байланысты болуы керек.

Экран алдында күндiз-түнi ұзақ уақыт отырғаннан адам, атын көздiң барлық көру қабiлетi белгiлерiн бiрiктiрiп, мамандар қойған, компьютерлiк көру қабiлетiнiң синдромы, ауруымен аурады екен.

Жалпы, бейне монитордың, жазу столының, отыратын орындықтың, тағы да басқаларының орналастырылуы дұрыс болуға тиiстi. Орындықтың биiктiгiн, арқалығының дұрыс тұруын, клавиатураның тұрған орнын, дисплейдiң көлемiн, экранмен ара қашықтықта жұмыс iстейтiн адамның өзiне ыңғайластырып қойғаны абзал. Өмiр тәжiрибесi көрсеткенiндей, көп жағдайда дисплей өте жоғары тұрады, жүйелiк блоктың үстiне қойылады. Соның салдарынан, басты үнемі көтерiп отыруға тура келедi де, мойын омыртқа тұсы ауыратын болады. Бастың желке тұсы, мойын мен иық, жауырын, бiлек ауырады.

Жарыққа да мән берген жөн. Мамандар бөлмеге жарықтың 300-500 люкс шамасында бiркелкi түсуiне ақыл-кеңес бередi. Негiзiнен, жарықтың қапталдан түскенi қолайлы және бөлменiң төбесi қабырғасына қарағанда ашық, ақ болуы шарт.

Компьютерден шығатын электромагниттiк сәулениң адам ағзасына зиянды екендiгi жөнiнде көптен берi айтылып келедi.

Монитор ғана емес, мамандар клавиатураның одан да қауiптiрек екенiн дәлелдеген. Клавиатурадағы төмен диапазоннан тарайтын электромагниттiк сәулелер саусақ арқылы ағзаға әсер етедi. Нәтижесiнде, компьютермен көп жұмыс iстеген адам жүйке ауруына ұшырайды.

Интернеттiң зиян тұстарын тiзiп, атап көрсетiп дабыл қаққандар көп-ақ. Бiрақ олардың бәрi ешкiмге әсер етпейдi, өйткенi қазiр адамдар тәуелдiлiгiн, оларды ойын ойнауға және әлеуметтiк желiлерде отыруна кедергi болатын, ешқандай күш жоқ.

Айта берсек, Ғаламтор ақпаратының шексiздiгi сияқты оның пайдасы мен зиянында да шек жоқ. Компьютер, ғаламтор, ондағы түрлi сайттар, компьютерлiк ойындар, теледидар, толығырақ айтқанда бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) пайдасынан көрi зияны асып бара жатқаны соңғы жылдардың өзектi мәселесi болып отыр. Себебi, соңғы уақытта девиантты мiнез-құлықты жеткiншектер саны артып барады.

Девиантты мiнез-құлық мәселесi қазiргi таңда бiздiң қоғам үшiн ең маңызды мәселелердiң бiрi болып отыр, себебi оның салдарлары әртүрлi келеңсiз жағдайларды тудыруда. Жеткiншектердегi девиантты мiнез-құлықтың қалыптасуына әсер ететiн бiрден-бiр фактор бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарының бастапқы мақсаты ағартушылық, сонымен қатар дұрыс өмiр сүру әдеби мен салтын насихаттау болатын. Ал бүгiнде бұқаралық ақпарат құралдары агрессивтi, жағымсыз, әлеуметке қарсы мiнез-құлықтардың көрiнуiне әсер ететiн, қоғамға қауiп төндiретiн аса күштi құралдардың бiрiне айланып барады.

Бұл мәселе қазiргi кезде алаңдататын мәселелердiң қатарында, себебi ақпарат құралдарын қолданушылардың көпшiлiгiн құраушылар жастар.

Өйткенi жасөспiрiмдiк кезең психологиялық сипаты жағынан түрлi әсерлердi қабылдауға аса сезiмталдылығымен сипатталады. Ол тұлғаның, күрделi физикалық және психикалық өзгерiстермен сипатталатын, 11 мен 18 жас аралығындағы даму кезеңi. Ол кез психиканың дамуы эмоционалдылық пен қозушылықтың аса жоғарылығымен және көңiл-күйдiң құбылмалылығымен сипатталады.

Белгiлi психолог Л.С.Выготский жасөспiрiм жастағы кезеңде (14-18 жас) екi үлкен өзгерiс болады: ол ағзадағы жыныстық жетiлу және өзiнiң “Мен” мәдениетiнiң ашылуы, тұлғасының және

дүниетанымының қалыптасуы деп көрсеткен. Жасөспірім бұл жас кезеңінде жақсы мен жаманның арасын толықтай ажырата алмайды, сондықтан кез-келген сырттан келген әсерлер оның қандайда бір әрекетті жасауына итермелейді [1].

Көп уақытын теледидардың алдында өткізу жасөспірім тұлғасының психикалық құрылымының барлық деңгейіне әсер ететін негативті жағдайларға алып келуі мүмкін. Ол әрине ақырындап жүзеге асады. Жағымсыз теле бағдарламаларды көру - жасөспірімдердің бағдарлама кейіпкерлеріне ұқсамақ болуына, олардың жағымсыз қылықтарын игеруіне, мәселені шешудің агрессивті тәсілдерін меңгеруіне әкеледі. Нәтижесінде жасөспірім девиантты мінез-құлық көрсетеді.

Девиантты мінез-құлық белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқу және артынан құқықтық және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың іс-әрекеті.

Бұл жаста жасөспірім киноларда, телебағдарламаларда, интернетте көрсетіліп жатқандарды үлгі ретінде қабылдайды. Ол өзінің сөздерін, әрекеттерін, қылықтарын көгілдір экраннан көргендерімен байланыстырып, өз өмірінде құрбыларымен, ата-анасымен қарым-қатынаста немесе қандайда бір мәселе туындағанда қолданады.

Ал БАҚ-та көрермендер бұрындары көрсетілетін тәрбиелік мәні бар ертегілер немесе көркем фильмдер емес, керісінше атыс-шабыс, қылмыс, зорлық-зомбылық, ұрлық т.б. Сонымен қатігез әрекеттерді бақылау жауыздықпен байланысты ойлардың туындауына себепші болады [2].

Бүгінде көрсетілетін телебағдарламалар, сериалдар көрермендердің эмоционалды күйлеріне әсер етіп, белгілі бір мінез-құлық нышандарының қалыптасуына ықпал етеді [3].

БАҚ девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына едәуір ықпал етеді. Ал егер бұл әсерлерге қарсылық көрсетпейтін болсақ, девиантты мінез-құлықтың көрініс беруі өсе түсетіні мәлім.

Сондықтан біздің алдымызда тұрған міндет девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының әсер ету күшін төменгі деңгейге жеткізу үшін алдын-алу шараларын жүргізу. Ал алдын-алу шаралары тиімді болу үшін ол жан-жақты сипатта болуы қажет, оған ата-алар, педагогтар, әрине сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары да атсалысуы керек.

Жалпы ата-аналар балалары оларды үлгі тұтатындай жағымды әрекеттер жасауы керек, мысалы балаларының өміріне белсенді араласуы, болашақ жоспарлары мен мақсаттарын дұрыс құруға көмектесу. Сонымен қатар ата-аналар балаларына көп көңіл бөліп, теледидардың алдында қанша уақыт отыратынын қадағалап, сондай-ақ қандай компьютерлік ойындарды ойнайтынын, интернетте оны не қызықтыратынын бақылап отыруы керек. Егер ата-ана балаларымен көп уақытын бірге өткізетін болса, онда олардың да бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінуі азая түседі. Онымен қоса қазіргі қоғамда компьютер мен теледидарды алмастыратын басқа да нәрселер көп, атап өтсек театрға, музейге, сауықтыру орталықтарына, мәдени орталықтарға бару және отбасымен бірге уақыт өткізуді айтуға болады.

Педагогтарда жасөспірімдердің дұрыс тәрбиесіне ықпал ете алады. Мұғалімдер жасөспірімдердің оқуға, спортқа, мәдени іс-шараларға деген қызығушылығын оятып, сол арқылы өз өмір жолын таңдауына және оны жүзеге асыруына жағымды ықпал ете алады. Жасөспірімге өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды айқындауға көмектесу керек.

Өз кезегінде БАҚ алдарына білімділікті көтеру, көрермендердің дүниетанымын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, ақыл-ой деңгейін, мәдениеттілікті дамыту сияқты өзгеше мақсаттар қоюлары керек.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. *Бабанский, Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса (методические основы) / Ю. К. Бабанский. - М.: Просвещение, 2012. - 192 с.*
2. *Черкасова Ю.М. Информационные технологии управления. -М.: Инфра-М, 2001.*
3. *Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Даулеткулов А. Новые информационные технологии, Алматы, Джагамбек, 2002 г, 442с (на русском и на казахском языках)*
4. *Джапарова Г.А. Основы информатики. Алматы, Экономика, 2004 г.*

**Буланова Толкынай Молдакулова**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, tolqynay@mail.ru

**Шукетаева Камиля Кдырбаевна**

т.ғ.к., доц, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

**Абдибекова Куляш Джалеловна**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ak\_nur@mail.Ru

**Ыбыраймова Света Сембайқызы**

аға оқытушы, Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, sveta.sembai@gmail.com

**Смағұл Мейрат Жақыпұлы**

аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, smagul.meirat@mail.ru

## **БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

***Андатпа.** Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.*

***Кілт сөздер:** ұстаз, мәдениет рухы биік ұрпақ, интеллектуалдық деңгей, кәсіби шеберлік, білім сапасы, мұғалім біліктілігі, шығармашылық, қоғамдық талаптар, тұлғалылық, демократиялық бағыт, құзіреттілік, жаңа қоғам, қазіргі заманның талабы.*

***Аннотация.** Цель современной системы образования - подготовка конкурентоспособного специалиста. Требования к учителю в условиях рынка конкурентоспособность, высокое качество образования, профессионализм, мастерство в методической работе.*

***Ключевые слова:** учитель, дух поколения и культура, интеллектуальный уровень, профессиональное мастерство, качество образования, квалификация учителей, творчество, требования общества, личность, демократическая направленность, компетентность, новое общество, требование современности.*

***Summary.** The purpose of the modern system of education is to prepare competitive specialist. Requirements for teachers in terms of market competitiveness, high quality education, professionalism and skills in methodical work.*

***Keywords:** the teacher, the spirit of a generation and culture, intellectual level, professional skills, quality education, qualification of teachers, creative, requirements, social, personal, democratic orientation, competence, a new society, a requirement.*

Қоғамды ақпараттандыру Қазақстан дамуының маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Қазіргі мектептің болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылымға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Білім беру процесі ақпараттық қоғам жағдайындағы жасөспірімдерді жан-жақты даярлайтын процесс болуы қажет. Сондықтан электрондық техникалар мен жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесінде тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені, бүгінгі таңда компьютер адам қызметінің барлық саласындағы еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беруді ақпараттандыру білім беру жүйесін қайта құрудың маңызды шарты болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру - ақпараттарды жинау, өңдеу, сақтау мен қолдануды оңтайлы ету мақсатында әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдардың кіріктірілген жүйесін құру болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру, қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Адамдардың ақпараттық мәдениеті олардың еңбек қызметін анықтаушы факторы болып табылады. Ақпараттық қоғамға, қозғалысқа қарай оның рөлі де ақпарат бағалылығы да арта түседі. Адамның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы - оның күнделікті тіршілігіндегі білім, біліктерімен өз білімін жетілдіру кезінде жүзеге асады.

Әйтсе де, оның құрылымын анықтап, оқыту және тәрбие жүйесімен жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін бағытталған түрде дамыту кезінде күшейтуге, ұйымдастыруға болады. Тәжірибе көрсеткендей, оқытудың компьютерлік технологиясын келесі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады:

- ақпараттық әдіс, үйренушінің танымдық қызметін;
- компьютерлік модельдеу әдісі, мәліметтер базасы мен білімді, гипермәтіндерді қолдану арқылы білім алушының танымдық қызметін жүзеге асыру;
- автоматты оқыту және білімді бақылау әдісі, математикалық және логика-лингвистикалық модельдерді қолдануға негізделген, танымдық қызметті дамытады;
- автоматтандырылған оқыту және білімді бағалау әдісі, автоматтандырылған оқыту жүйелерін, тестілеу жүйелері мен мультимедианы қолдануға негізделген, танымдық қызметті дамытады;
- ойындық әдіс, компьютерлік, іскерлік ойындарды, эксперттік жүйелерді қолдануға негізделген танымдық қызметті дамытады;
- білім беруде ақпараттық технологияларды сәтті тарату, сауатты қолдану және интенсивті дамыту бірнеше факторларға байланысты екендігі анықталды;
- техникалық (компьютерлік) база жағдайын;
- ақпараттық және компьютерлік аймағындағы маман-оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейін;
- пән оқытушыларының компьютерлік сауаттылығы және ақпараттық мәдениет дәрежесін;
- нақты аймақтағы ақпараттық технологияны дамыту тенденцияларына оқу жоспары мен бағдарламалар мазмұндарының сәйкес келуі.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды спутниктік арнаарқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қазіргі мектептерге шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өз қызметін шығармашылық түрде іске асыруына мүмкіндік береді[1].

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі. Қазіргі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мұғалімді тек пән мұғалімі ретінде қабылдау олқылықты көрсетеді. Себебі, мұғалім қоғам – айнасы. Бүгінгі күні біздің өмірімізге еніп келе жатқан білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңарған қоғам талабы болып отыр.

Бүгінде адамға ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына қатысуға және ол кеңістікте еркін бағдарлай алуға, ақпараттық өзара іс-әрекетке түсуге мүмкіндік беретін білім деңгейі керек. Оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағыттағанда ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Демек, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Демек, мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін, білім деңгейін көтеру керек.

XXI ғасыр-қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты, енжарлықты, керітартпалықты көтермейтін ғасыр. Бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры бізге-ұстаздарға аманат ретінде тапсырылып отыр. Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгі біздің арқамызда.

Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі баршамызға белгілі. Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі- ұстаз, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Бүгінгі білім саласында республикамыздың білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылысы мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Елдің әлеуметтік, мәдени, саяси, психологиялық жай-күйі халықтың білім жүйесінен, оның деңгейінен, ағартушылық іс-әрекетінен аңғарылады.

«Елімізді 2030 жылы барысқа айналдыратын күш – мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы жастар» деп Елбасымыз бекер айтқан жоқ. Өйткені Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейін

жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Біліктілік – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Өркендеп келе жатқан егеменді еліміздің басты мақсаты болып, дамыған мемлекеттер қатарына қосылу болса, ал соның ең бірінші алғышарттары болып қоғамдағы біліктілік пен білім деңгейін арттыру болып табылады. Ал бұл мәселе мұғалімнің құзіреттілігі мен оның жан-жақты ізденісімен тікелей байланысты, осыған орай жаңа қоғам қазіргі заманның талабына сай оқытушы талап етеді.

Еліміздің болашағы жас маман, өсіп келе жатқан ұрпаққа байланысты, олардың білімді, білгір болып өсуі мемлекетміздің дамуына әсер тигізеді.

Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде қоғамымыз дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді. Еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан, білімді тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, іздемаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иелерін тәрбиелеу керек.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Сол себептен де білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру - әрбір ұстаздың міндеті. Осы тұрғыда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі беріліп отыр.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы *«төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту мен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиістілігін»* атап кетіп, еліміздің ертеңгі болашағын ұстайтын жас жеткіншектерге білім беру жүйесінің ескі жүйеден әлемдік деңгейде көтерілуге мүмкіндік беретін жаңа жүйеге көшуді, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігін күллі қазақстандықтарға баяндай өткен болатын.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына кәсіптік өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Жаңа ғасыр бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе болашағымыз бала тәрбиесімен айналысатын болашақ маманның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Жаңа типті мұғалімнің біліктілігін жетілдіру мен қатар, кәсіби іс-әрекеттің ғылыми негіздерін іс-тәжірибелеріне қолдануға, адами-құндылық қасиеттермен қатар іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда оқушыны қалай оқыту керек – деген мәселеге жаңа көзқарас, жаңа ой қажет. Қоғам талабына сай даму кезеңінде ең қажеттісі жаңа мазмұн, жаңа ақпаратты меңгеріп ыңғайына қарай қолдану білікті мамандарға қойылатын негізгі бір талаптардың бірі болып отыр.

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа

технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Сондықтан білгір педагог жаңа ақпараттық және инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың ой өрісін кеңейту арқылы қоғамның дамуына үлкен әсерін тигізуі сөзсіз.

Осы айтылғандарды жинақтай келгенде, білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу. Ал, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейлерімен сипатталатын, оқыту процесінде жаңа технологияны шебер қолдана алатын, оқу бағдармаларын осыған сәйкес жасай алатын, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысып үнемі тәжірибе жинаумен болатын, үздіксіз ізденісте болатын, рухани жан-жақты, ұлтының тілі мен дінін, тарихы мен мәдениетін, болмысын терең игерген тұлға.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта белгіленген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияларын атқаруға тиіс. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін -үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алуы тиіс.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселе болып отыр.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Ақпараттар тасқыны толассыз ағылған қоғамымызда әр мұғалім өз ісіне қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білу керек.

Қазіргі білім беру саладағы оқытудың озық техникаларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани азаматтық және басқа көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсер етеді.

Ақпараттық ғасырда ақыл-ой қызметінің дамуы компьютерлік және қазіргі қарым-қатынас құралдарымен тығыз байланысты. Бұл ақпаратпен өзін-өзі қамтамасыз ету адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді.

Қазіргі жағдайда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейдегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады.

Жеке тұлғаны оқыту, білім беру, дамыту жүйесін жақсартуды талап етеді. Сол себепті еліміздің болашағын дамытатын, жетілдіретін болашақ мамандардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ерекшеліктеріне назар аударуымыз қажет. Болашақ маман тұлғасының қандай да ғылымды меңгеруі оның дүниетанымдық, қызығушылық, шығармашылық ерекшеліктеріне байланысты болмақ. Қазіргі жағдайда қоғамда болып жатқан өзгерістерді терең тану, оның рухани дамуының дәрежесін айқындау, халқымыздың дәстүрлі мұраларынан сусындай отырып, өзі өмір сүріп жатқан қоғамның даму үрдісіне елеулі үлес қоса алады. Болашақ маман жеке тұлға болып қалыптасуы үшін - қоғамдық сананың, адамның тұрмыс тіршілігінің барлық түрлерінен хабардар болуы керек. [2.18].

Болашақ мұғалімнің ақпараттық мәдениеттілігі мен педагогикалық компетенттігі оның кәсіби білімінің деңгейімен жеке басының қабілеті және тәжірибесімен, өзбетімен білім алуға ұмтылысымен, кәсіби-педагогикалық қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауымен анықталады.

Болашақ мұғалімнің ғаламдық интернет жүйесін меңгеру арқылы дүниенің төрт бұрышындағы жаңалықтар мен өзгерістермен ақпараттандырыла отырып кәсіби білімін көтеруге үлкен мүмкіндік алады. Білім беру жүйесінің жаңа талаптарын меңгеру дамыған 50 мемлекет құрамына кіру үшін кез-

келген сала маманымен қатар жеке пәндерден дәріс беретін оқытушы мен мектеп мұғалімі ғаламдық ақпарат жүйесіне кіре білуі қажет.

Болашақ мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру оқу-тәрбие жүйесінің құрамды бөлігі – ол сабақтан және аудиториядан тыс жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, қазіргі мұғалім кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға болуға тиіс.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі***

- 1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы /Егемен Қазақстан, 1999 ж.*
- 2. Жаңа педагогикалық технологиялар (оқу құралы) Алматы, 2006*
- 3. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//<http://www.akorda.kz>*
- 4. Егемен Қазақстан газеті - Жаңартылған білім беру мазмұны// <https://egemen.kz>*
- 5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоғары мектеп №1*



**Бекежанова Алтыншаш Асылхановна**  
аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
bekezhanovaaltynshash@gmail.com

**Шукетаева Камиля Кдырбаевна**  
т.ғ.к., доц, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

**Суранчиева Зинагуль Тургановна**  
аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, zina\_ss@mail.ru

**Орынтаева Жанна Абдыхамитовна**  
аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, janna\_nurai@mail.ru

## **САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МӘНІ**

***Андатпа:** Мақалада жасөспірімдерді тәрбиелеу барысында елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының рөлі туралы айтылады.*

***Кілт сөздер:** рухани байлық, адами капитал, өнеркәсіптік революция, заманауи технологиялар, жастар санасы, рухани жаңғыру, салауатты, саналы ұрпақ, ұлттық құндылықтар, экономикалық қарыштап даму, стратегиялық құжат, білікті, білімді кадрлар.*

***Аннотация:** В этой статье рассматривается роль программы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в воспитании молодого поколения*

***Ключевые слова:** духовное богатство, человеческий капитал, промышленная революция, современные технологии, молодежь, сознание, духовное совершенство, осознанное поколение, национальных ценностей, динамичного экономического развития, стратегический документ, квалифицированный, образованный кадр.*

***Summary:** The role of «The Future orientation: Spiritual revival» in the process of bringing up the young people of Kazakhstan is considered in this article.*

***Keywords:** spiritual wealth, human capital, industrial revolution, modern technology, youth, consciousness, spiritual perfection, healthy, conscious of generations, national values, rapid economic development, a strategic document that skilled, educated workforce.*

Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашанда кеңеймек. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «*төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту мен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиістігін*» атап кетіп, еліміздің ертеңгі болашағын ұстайтын жас жеткіншектерге білім беру жүйесінің ескі жүйеден әлемдік деңгейде көтерілуге мүмкіндік беретін жаңа жүйеге көшуді, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігін күллі қазақстандықтарға баяндай өткен болатын. Бұл қоғамдық сананы жаңғырту арқылы еліміздің саяси және экономикалық саласына оңтайлы өзгерістер енгізу негізінде Қазақстан дамуының айрықша бастауы болып отыр.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру, бәсекеге қабілетті маман дайындау болып табылады.

«Елім менің аңсаған, тас бұғаудан босаған» дегендей, қоғамда өмір сүруші әрбір адам тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, еңбексіз өмір сүре алмайды.

Еліміздің бүгінгі межесі-әлемдік өркендеудің, бәсекеге барынша қабілетті, алдыңғы елулігіне ену. Межені бағындыру, негізгі мақсатқа барынша жақындай түсу бағытындағы жұмыстар өміріміздің барлық саласында бірдей күнделікті атқарылып жатуы тиіс. Бұл дегеніміз – бәсекеге төтеп беру. Әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты – күшті рух пен білім.

Елбасының рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға маңыз беруі – көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы үшін жасалып жатқан жұмыс деп білеміз. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны ол жеке азаматтарымыз үшін де, өскелең ұрпақ-болашағымыз үшін де, туған еліміз үшін де өте маңызды. Рухани жаңғыру бағдарламасында атап көрсетілген басым бағыттарды «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, Мемлекет

басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы жарқын болашақтың алғышарты деп түсінеміз.

Рухани жаңғыру сөзін естігенде, адамның ойына ең әуелі адамның ұлттық санасының болмысы келетіні сөзсіз. Елбасымыз осы ұлттық санамызды жаңғырта отырып, еліміздің экономикалық дамуына жаңаша серпін беруге бағытталған «Рухани жаңғырту» бағдарламасының алты бағытын атап көрсетті.

Бұл аталған жаңғырту бағыттарын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізін қалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеудің басты құралы деп айтуға болады. Кез-келген ұстаз қауымы балаға білім бермес бұрын оған өнегелі тәлім-тәрбие беру арқылы ғана оның санасына сапалы білімді сіңірте алатынын жақсы түсінеді.

Мәңгілік ел болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеу үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына мән береді. Осы орайда ол: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдай алды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар», деп бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдірді. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдіруі әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа сенім мен үмітті үндестіреді.

Қоғамның зияткерлік әлеуетін ілгерілетуді жүзеге асыру педагог кадрларға тікелей байланысты. Осы орайда Елбасы Жолдаудың жетінші негізгі міндетінде білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман шындығы мен экономика сұраныстарына жауап беруі тиіс екендігін және бұл арада мұғалім мамандығының беделін арттыру қажеттігін алға тартты. Жаңа мыңжылдықты өз кәсібінің қыр-сырын жете меңгерген мамандықтың бәсі басым болмақ. Жастар тәрбиесі, ел болашағы.

Білікті, білімді кадрлар даярлауда және технологиялық дамыған елдердегі ғылыми жұмыстар жүйесінде жоғарғы оқу орынының да маңызды рөл атқарары қажет.

Жоғарғы оқу орыны- жаңа уақыт талаптарына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісі мен ұлттық тәрбие негізінде ұрпақ тәрбиелейтін ұлағат ұясы.

Басты миссиясы білім мен ғылымды дамыту, белсенді азаматтық ұстанымы бар мамандар даярлау болып табылатын жоғарғы оқу орындарының өткізіп жатқан халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялары, жүзеге асып жатқан түрлі жобалары саладағы мәселелерді шетелдік әріптестермен бірлесе шешіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Жоғарғы оқу орыны-тағылымды тәрбие мен өрісті білімнің іргелі ордасы, ізеттілік пен үлгі-өнеге отауы, кадрлар дайындауға сүбелі үлес қосатын ұлағат ұясы. Жастарымыз ұлтымыздың барлық игі қасиеттерін меңгеріп, оны шынайы өмірде кәдеге жарата білсе қазақ халқының ерекше рухани болмысы қалыптасатыны сөзсіз. Жастарға жүктелер міндет ауқымды. Ал, бұл міндетті жүйелі жүзеге асыру бізге жүктеліп отыр. Біз өз қызметімізде «Тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби бабамыздың дана сөзін жадымыздан шығармауымыз керек. Өйткені, жастар абыройы- тұтас халықтың абыройы.

Ұлт болашағын тәрбиелеуде бізге жүктелер жауапкершілік жоғары. Себебі біз –ұстазбыз. Ұстаз–өзін–өзі шығармашылық тұрғыда үнемі дамытып отыратын мамандық иесі, зиялылық пен мәдениеттілік сияқты ізгі қасиеттер үйлескен тұлға. “Жақсы мұғалім мектептің жаны һәм жүрегі”, деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұстаз адам тәрбиешісі, кез-келегіннің маңдайына жазыла бермейтін ерекше кәсіп. Шәкіртінің бойындағы өзгеге байқалмайтын асыл қасиеттерді көре білетін, оны дамытуға бірден-бір жәрдемші бесаспап маман. Ұстаздықтың ұлы жоланда таламай еңбек еткен адам ғана өзінің биігін бағындыра алады. Оның негізі ізденімпаздық пен талап, қажырлы еңбек яки табандылық. Сол себепті біз осы талаптар үдерісінен толықтай шығуға тырысуымыз керек.

Білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Ұстаздардың алдында қазіргідей жаһандану заманында әлемді билеген, алпауыт ұлттардың көлеңкесінде қалмайтындай немесе олардың өңешінде жұтылып кетпейтіндей бәсекеге қабілетті, интеллектуалды, тәрбиелі, ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. Әрине, бұл жолда үлкен, маңызды істерді

атқаруға тура келді. Білім алушы жастар тек кәсіби білімді меңгеріп қана қоймай, еліміздің ертеңін ойлайтын, халыққа шын жанашыр бола алатын азаматқа, тәрбиелі тұлғаға айналу керек, қоғамның келешегін ойлайтын отаншыл, елжанды азамат ретінде қалыптасу қажет.

Қоғам мен адамның рухани, моральдік тұрғыдан азғындаған кезінде өскелең ұрпаққа берілетін ұлттық тәрбиені күшейту маңызды. Қазіргі кезде тек өзін ғана ойлайтын өзімшіл жастар, басқа мәдениетке еліктеген, басқа діннің жетегінде кеткен жастар көбейіп барады. Міне, осы тұрғыдан алғанда, мемлекетіміздің болашағына алаңдайтын, елдің саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайынан хабардар жастарды тәрбиелеуіміз керек.

Еліміздің болашағы жарқын, егемендігіміз баянды болсын десек, өскелең ұрпақ жан-жақты білімді болуы керек, тек қана өздері меңгеріп жатқан кәсіби білімнің төңірегінде қалмай, өзіндік, азаматтық көзқарасы қалыптасқан тұлғаға айналуы қажет.

«Мұғалім – адам жанының инженері». Нағыз ұстаз шәкірт жанына үңіліп, дұрыс жолға сала білуі де қажет. Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашанда кеңеймек. Өскелең жасты еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен мұғалімге байланысты. Ал, осы жауапкершілікті абыроймен атқару ардақты ұстаздарға жүктелген мәртебелі міндет. Осындай бәскеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Сонымен қатар, қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерінің, ғылыми орталықтары мен, ірі кәсіпорындары мен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыру қажеттігін алға тартты. Біздің ойымызша, Елбасы жүктеген міндеттерді жоғары дәрежеде орындау үшін мұғалімнің мәртебесін көтере түскен абзал. Бұл осы аталған міндеттердің орнықты іске асуына ұйытқы болмақ. Сондай-ақ, педагогтардың кәсіби біліктілігін заманауи технологиялар арқылы көтеруге де басты назар аударған абзал.

Тәрбиешінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халқының тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру.

Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Келешек маман иелерінің өз мамандықтарына деген ой-өрісін кеңейтіп, білімді маманның ел ертеңін ойлар азамат болатындығын кеңінен білуге мүмкіндік туғызу. Студенттердің адам құндылығының дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру. Салауатты өмір негізінде білімдерін жетілдіру.

Студенттердің сана-сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір сүруге азаматтың жауапкершіліктерін орнықтыру. Рухани деңгейде жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болуға тәрбиелеу еңсесін биік көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақ пен білікті, білімді мамандардың орны бөлек. «Білікті, білімді маман – ел болашағы»

Адам әрқашан даму үстінде болатыны сияқты, мемлекетіміз де даму үстінде болады. Мемлекеттің дамуы сол мемлекеттің адамдарының даму дәрежесіне байланысты болады.

Адами капиталдың сапасын арттыру – мемлекет дамуын қамтамасыз етудің негізгі алғышарты.

Рухани жаңғыруға баса назар аударылуы керек. Яғни дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық болмысымыз бен құндылығымыз, тарихымыз бен мәдениетіміз сақталуы керек.

Бүгінгі Қазақстан- тек өзі орналасқан аймақ емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел.

Біз жас ұрпақ тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек. Бүгінгі жас ұрпақ-ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың міндеті-өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екіншіден-сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елге аянбай қызмет ету. Тәуелсіздігімізді сақтау үшін еліміз бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүруі тиісті. Тәуелсіздік ұраны-халық болып табылады.

Білімнің салтанат құруы-әрбір шәкірттің сапалы білім ала отырып, өз-өздерін рухани дамытуын көздейді. Оқушыларға білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жете алатынын ұғындыра отырып, табысты болудың басты факторы білім екенін түсіндіріп отыру қажет.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы дегеніміз, революциялық соғыс, қауіп-қатер кезеңі болса енді эволюциялық, яғни, бейбіт жолмен даму дегенді білдіреді. «Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі [2]». Бұл ретте, оқушыларды әрбір сабақ барысында кез-келген жағдайға саналы түрде түсіністікпен қарап, оның пайымына барып, терең түсіне білуге баулу өте маңызды. Өскелең ұрпаққа барлық уақытта болып жатқан жағдайды ұлттық санамен түсініп, оны тәртіп жолымен шешуді ұғындыру қажет.

Жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады.

ЖОО дайындап жатқан келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс. Сондықтан бүгінгі білім алушыға тек маман ретінде ғана қарау жеткіліксіз. Оның ең алдымен, өз елінің азаматы, адамгершілігі мол шығармашылық тұлға, елдің жанашыры, келешектің иесі, халқының тірегі ретінде тану керек, соған мүмкіндік жасалуы тиіс.

Елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім беріп, тәлімді тәрбиелі шәкірт дайындауымыз керек.

Ендігі мұрат, осы Елдігімізді сақтап қалу, мәңгілік ету!

### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі***

1. *Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы /Егемен Қазақстан, 1999 ж.*
2. *Жаңа педагогикалық технологиялар (оқу құралы) Алматы, 2006*
3. *Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//<http://www.akorda.kz>*
4. *Егемен Қазақстан газеті - Жаңартылған білім беру мазмұны// <https://egemen.kz>*
5. *Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоғары мектеп №1, 2004. -5-8ст.*
6. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б*

## БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РОЛІ

**Андатпа.** Бұл мақалада «Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларының білім сапасын көтерудегі ерекшеліктері нысанаға алынып, қазіргі таңдағы оқытушылардың дәріс барысындағы пайдаланатын инновациялық және интерактивтік әдістемелерінің оқу үрдісін жандандырудағы ықпалы зерттелген.

**Түйін сөздер:** ақпараттандыру дәуірі, ақпараттық-коммуникациялық технология, ақпаратты өңдеу, түрлендіру, тасымалдау, тарату технологиясы, есептеуіш техника, программалық құралдар, ақпаратты жинау.

**Аннотация.** В этой статье анализируются особенности передовых технологий обучения в современном образовании и влияние современных методов преподавания и интерактивного обучения используемых лекторами для улучшения учебного процесса.

**Ключевые слова:** информационная эра, информационно-коммуникационные технологии, обработка информации, модификация, транспортировка, технология распространения, компьютерные оборудования, программное обеспечение, сбор информации.

**Summary.** This article deals with the features of advanced teaching technologies in modern education and the impact of modern teaching methods and interactive teaching used by lecturers to improve the learning process.

**Keywords:** informatization epoch, information - communication technology, information processing, modification, transportation, distribution technology, computing equipment, software, information collection.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «*төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту мен білім беру жүйесінің ролі өзгеруге тиістігін*» атап кетіп, еліміздің ертеңгі болашағын ұстайтын жас жеткіншектерге білім беру жүйесінің ескі жүйеден әлемдік деңгейде көтерілуге мүмкіндік беретін жаңа жүйеге көшуді, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігін күллі қазақстандықтарға баяндай өткен болатын.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру үрдісінің өзіндік ұлттық үлгісі орнығып, жаңа мазмұндағы оқыту жүйесі қалыптасуда. Дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсаты көзделіп, әрбір ғылым саласында нақты өзгерістер енгізілуде. Мұндай түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын нақтылап, оны тың арнаға, жаңа сапаға қарай дамыту қажеттілігін міндеттейді. Ұстаздар үшін оқыту әдістемелерін саралап, ғылым табыстарын сын көзбен бағалау; білім алушыларды болашақта жан-жақты дамыған, рухани жетілген жеке тұлға ретінде қалыптастыру және өз іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін жаңаша қалыптастырып, жаңаша ұйымдастыруды жолға қою тың міндеттерге айналуда. Еліміздің дамыған елдермен қатар тұра алатын терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, олармен білімі мен ғылымы, мәдениеті мен технологиясы теңесуі үшін маңызды істер атқару – ел мүддесі алдындағы парыз. Сондықтан білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды, телеқатынастық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру бүгінгі күн талабы.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі. Қазіргі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мұғалімді тек пән мұғалімі ретінде қабылдау олқылықты көрсетеді. Себебі, мұғалім қоғам – айнасы. Бүгінгі күні біздің өмірімізге еніп келе жатқан білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңарған қоғам талабы болып отыр. БҰҰ-ның шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі.

Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне көшті. Осы жаңа ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім берудегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол екендігі дәлелденді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғаннан бері қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар мұғалімдік кәсіби қызметке де өз ықпалдарын тигізуде. Заманауи қоғамда мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Елбасының 2010 жылғы жолдауындағы: «Жоғары білім саласы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек. 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс» - деген сөзі дәлел болады.

Заман сұранысын қанағаттандырып, экономиканың дамуын қамтамасыз ету - қазіргі кезеңде оқушыларға сапалы білім беру мен білімді, мейлінше, ақпараттандыру болып отыр. Сол себепті біздің бастапқы мақсатымыз-білімнің мазмұнын тереңдете түсіп және оны барынша ақпараттандыру қажет. Бүгінгі күні адамзаттың шығармашылық әрекетінің жемісі – ақпаратты тиімді пайдалану арқылы ғана болмақ. Ақпараттық қоғам жағдайында ақпаратты тиімді пайдалану мен сапалы білім-экономика, техника, ғылым, саясат және жалпы қоғам дамуының шешуші күшіне айналуға. Ғылыми-техникалық прогресті одан әрі дамытпақ.

Қазіргі кезеңдегі білім беру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны кеңінен енгізудің, сонымен қатар оқушының ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәнаралық байланыстарды сәйкестендіретін оқудың мазмұны мен мақсатын нақты көрсететін жолдарын іздестіру болып табылады. Білім беру үдерісінде осы мақсатта дәстүрлі оқытудан оқытудың жаңа түрі – инновациялық оқытуға көшу қажеттілігі туындаған. Оқытудың бұл түрі оқушының бойындағы жеке қабілетін дамытып, оны әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тез бейімделетін тұлға айландырады. Сол себепті білім беру сапасын одан әрі дамытуда осы бағыттарды іске асыру керек. Білікті мамандарды тәрбиелеп шығару –білім саласының айрықша мақсаты болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру мәселесін тиімді шешу, негізінен педагогикалық кадрлардың ақпараттық мәдениеттілігін қалыптастырумен тікелей байланысты. Бүгінгі мұғалімнің ақпараттық мәдениеттілігі оның педагогикалық мәдениеттілігінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру сыртқы (еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының сұраныстарына) және ішкі қажеттіліктермен (оқу-тәрбие үдерісі сапасының артуымен) сипатталады.

Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі. Білім беруді ақпараттандыру құралдары деп компьютерлік аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды, сонымен қоса, білім беруді ақпараттандыру мақсаттарына жету үшін пайдалынатын олардың мазмұндық толықтырмасын айтады.

Жоғарғы оқу орындарында оқыту жүйесіне сәйкес студенттің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды жетілдіру ақпараттық технологиялар түрлерін толығымен пайдаланылмауы және ақпараттық технологиялар негізінде студенттің ақпараттық мәдениетін жетілдіру қажеттілігі мен бұл мәселенің педагогикалық теория мен практикада жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықтар анық байқалады. Осы қайшылықтардың шешімін табу мақсатында оқушының ақпараттық технология түрлерін бүгінгі заман сұранысына сай қалыптастыру келесі шарттардан тұруға тиіс:

- студенттердің ақпараттық мәдениеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік жүйесін анықтау;
- оқушының ақпараттық мәдениеттілігін қалыптастыру жоғары дәрежеде болуға тиіс;
- оқыту барысында оқушының ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың әдістері мен жолдары анықтау;
- оны жүзеге асыруға толықтай мүмкіндік жасау;
- білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу;
- болашақ маманың білім дәрежесі жоғары, сапалы мамандар даярлауға жағдай жасау;
- жоғарғы оқу орындарында ақпараттандырумен қатысты пәндерді ақпараттық технология түрлерін пайдаланып оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін жетілдіру, оның зерттеу тақырыбы бойынша кезеңдері мен деңгейлерін ұсыну;
- білім беру үдерісінде оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау;

*Сол мақсатта келесі шаралар орындалуға тиіс:*

-*ақпаратты ұсынудың жаңа формасы.* Қызықты, жанды немесе алдын ала жазылған мультимедиялық ақпарат тек текстен емес, графикалық бейнелерден, анимациядан, дыбыстан және видеоүзінділерден құралып, *Internet* желісі арқылы беріледі немесе басқа телекоммуникациялық құралдар арқылы компакт-дискілерге жазылады;

-*жаңа кітапханалар.* Интеллектуальдық ресурстар көлемі және табыстары өседі. *Internet* электрондық кітапхана каталогтарымен бірігіп, жер қашықтығы мен уақыт айырмашылығына қарамастан, зор ақпараттар көлемін жинауға қол жеткізеді. Әрине, мұндай кітапханалар онда сақталатын ақпараттарға толық жол аша бермейді;

-*оқу сабақтарының жаңа формалары.* Оқушылар мен оқытушылардың виртуальды семинарлар және лабораториялар режимінде бірігіп жұмыс жасауы, сонымен бірге жаңа синхрондық мүмкіндік пайда болды. Бірқатар оқушылар үшін мұндай жұмыс формалары анағұрлым ыңғайлы, өйткені дәстүрлі оқытуға қарағанда, оларға өз мүмкіндіктеріне қарай, өздеріне қолайлы графикпен жұмыс жасау және артық ескертулермен кездеспей отырып ашу қызықты;

-*білімнің жаңа құрылымы.* Бүгінгі күні білім жүйесіне жаңа құрылым беру үшін телекоммуникация жүйелерімен толықтырылуы қажет, сонымен қатар білім үрдісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізуде жоғары біліктілікке ие мамандар керек.

Көбінесе АТ оқыту бағдарламалары *оган барынша мол қол жеткізуге* мақсатталған және оқыту сапасына аса анық емес талаптар қояды. Мұндай бағдарламаның білім сапасын *жетілдіруі үшін* орындалуы міндетті келесі *талаптар қатарын* құрады:

- *сапасы мен мүмкіндігі жоғары білім кеңістігін құру*, кәдімгі оқу орындары ұсынатын мүмкіндіктерден жоғары білім ортасын жасау;

- *Internet желісінде амбебап компьютерлік кітапхана құру*, кез келген уақытта қолданушыға қол жеткізерлік және кәдімгі кітапханаға көлемді ақпарат беруі тиіс;

- *желі бойынша педагогтармен қарым-қатынас ұйымдастыру*;

- *оқытушының да, оқушының да білімін компьютермен тексеру жүйесін жасау*.

Төмендегідей базалық шарттар сақталған жағдайда сапалы білімге қол жеткізуге болады:

- қымбат тұратын технологиялар мен бағдарлама өнімдерін қолдану;

- іштей және АТ оқыту түрлерін біріктіру;

- қажетті ақпараттық ресурстарды табуды жеңілдететін толық каталогтар жасау. Қазіргі таңда әрбір оқытушы өзінің ізденімпаздық іс-әрекеті арқылы сабақ өткізу формалары мен тәсілдерін күнделікті сабаққа қолданылуына толық мүмкіншілігі бар. Сабақ өткізуде аса көңіл бөлетін мәселелер:

Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу мен үйрету жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешудің бірден-бір жолы болып табылады.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Ол үшін оқытушы өз бетімен жұмыстың тапсырмаларын құрастырғанда оның қиындық дәрежесі оқушылардың оқу мүмкіншілігіне жауап беретіндей болуы тиіс.

Компьютерлік программаларды қолдану оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттыруға келесідей мүмкіндіктер береді:

- оқушылардың техникалық дағдыларын дамытудағы уақытты үнемдеу;

- жаттықтырушы тапсырмалар санын көбейту;

- оқушылардың жұмыс қарқынын оңтайландыру;

- оқу әрекетінің ынтасын арттыру;

- оқушылар оқытудың субъектісіне айналады немесе программа одан қызығушылықпен кіріскен белсенді іс-әрекетті қажет етеді;

- программамен сұхбаттасу арқылы оқу үдерісін ойын түріне айналдыруға және т.б. болады, мұндағы программалық жабдықтау оқытудың деңгейлеп саралау мүмкіндігіне тәуелді.

- Интерактивті әдістің ерекшеліктері: білім беру үдерісі барысында қатысушылардың бір мағыналық кеңістікте болуы; мәселенің проблемалық аймағына бірге көңіл бөлінуі, яғни, тұтас шығармашылық кеңістіктің іске асуы; қойылған есептің іске асу әдістері мен құралдарын таңдаудағы келісім; есепті шешу барысындағы қиындықтар туған кезде ұқсас эмоциялар мен сезімдердің бастан кешуі.

- Интерактивті оқытудың негізгі артықшылығы білім алушылардың барлығы дерлік тану үдерісінде белсенді қатысады. Әр адам белгілі бір тақырыптың дамуына немесе ортақ проблема шешуде ат салысады. Сол арқылы оқудан тыс жағдайларда қолдануға болатын өздері үшін ерекше

тәжірибе алады. Топтағы жұмыс қызығушылықты арттырып, білім беру үдерісін одан әрі белсенді қылады, материалдың меңгерілуі жақсартады.

- Оқытушы бұл жерде өзіндік фильтр болып келеді және өзі арқылы ақпарат өткізіп, ақпарат көзінің бірі ретінде жұмыстағы көмекші рөлін атқарады.

- Білім беру үдерісінде интерактивті формаларды қолданудың тиімділігі: білім алушылардың қызығушылығын оятады; білім беру үдерісінде әр білім алушының белсенді қатысуына мүмкіндік береді; оқу материалының меңгерілуінің тиімділігін арттырады; білім алушыларға жан-жақты әсер етеді; кері байланыс тудырады (аудиторияның жауап беру реакциясы); білім алушылардың өзіндік көзқарас пен қарым-қатынасын қалыптастырады; өмірлік қабілеттерді қалыптастырады; іс-әрекеттің жақсы жаққа өзгеруіне себепші болады.

Қорыта айтқанда, интерактивті әдіс – материалдың көркемдігіне кепіл беріп, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауына бейімдейді. Және ол топтық жұмыс үшін де өте ыңғайлы болып келеді, топ мүшелері арасында достық қарым-қатынас, сенім, позитивті көңіл-күй қалыптасады. Интерактивті оқыту құралдарын қолдану студенттердің назар аударуына көмектеседі, өйткені компьютерлік технологиялар ғасырында студенттерді таң қалдыру өте қиын. Қосымша кеңістікті технологияларды, смартфондарды және интерактивті тақталарды қолдану ақпаратты көркем түрде ұсынып, студенттерді алдағы уақытта осы бағытта жұмыс жасауға қызықтыруға мүмкіндік береді.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану[1].

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

- 1 *Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007*
- 2 *Болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашыл тұлғасын қалыптастыру// Білім-Образование. – Алматы, 2010. -№4(52). Б. 41-46.*
- 3 *Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға даярлаудың функциялары //Қазақстан кәсіпкері – Профессинал Қазақстана. – Алматы, 2010. -№7(86). Б. 19-22.*
- 4 *Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың тұжырымдамалық бағыт-бағдары //Қазақстан мектебі. - Алматы, 2010. -№8. -Б. 34-39.*
- 5 *Дидактическая подготовка будущих учителей к развитию творческой деятельности школьников. // Pedagogic mahorat. Buxoro davlat universiteti Pedagogika va jismoniy madaniyat fakultetining nazariy va ilmiy-metodi jurnali, O'zbekiston respublikasi, - Tashkent, 2010. - №1. С. 13-16.*



Даулетқұлова А.Ө.  
п.ғ.к., профессор м.а.

Ертай Қ.

1 курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
hahai527.hahai@mail.ru

## ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

**Аңдатпа:** Ұсынылып отырған мақалада орта мектепте сабақ беру процессінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар көрсетілген. Дидактикалық ойындар баланы қызықтыра отырып, жаңа білімді меңгертіп, танымдық белсенділігін арттырады. Ал мұғалім – сол ойын түрлерін тиімді пайдалану арқылы балаларды өздігінен ойлай білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге, әртүрлі танымдық дағды мен шеберлікті меңгеруге қол жеткізе алады, яғни сабақ барысында «ойын» элементтерін пайдалану біріншіден, балаларға берілген білім берік меңгерту құралы болса, екіншіден балаларға берілген білім сапасын көтеріп, танымдық қызығушылығын арттыру болып табылады.

**Түйін сөздер:** дидактикалық ойын, мектеп, оқушы, мұғалім, математика.

**Резюме:** В статье описываются дидактические игры, используемые в средней школе в процессе обучения. Дидактические игры, развивая ребенка, помогают изучать новые знания и повышают познавательную активность. В свою очередь учитель может использовать эти игры, чтобы помочь детям самостоятельно мыслить, повышать свои навыки мышления и культуру речи. Учиться различным навыкам, то есть использование элементов игры во время урока является, во-первых, средством воспитания детей, во-вторых, для улучшения качества образования предоставляемого детям, и для повышения их познавательного интереса к окружающему миру.

**Ключевые слова:** дидактические игры, школа, ученик, учитель, математика.

**Summary:** The article describes the didactic games used in high school in the learning process. Didactic games, involving the child, develop new knowledge and increase cognitive activity. In turn, the teacher can use these games to help children think independently, improve their thinking skills and speech culture, learn different skills, that is, using the elements of the game during the lesson is, first, a means of raising children, and secondly, for to improve the quality of education provided to children, and to increase their cognitive interest.

**Key words:** didactic games, school, pupil, teacher, mathematics.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, әрі адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік-жігер қасиеттері шындалады, мінез-құлқы айқындала түседі. Мұғалімге оқушы психологиясының өзіндік ерешеліктері айқындалып олармен оқу-тәрбие істерін жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіншіліктері туады. Бала өзіне жаңалық болып сезілген әр қилы нәрселерге еліктегіш келеді. Осы қасиеттермен бойындағы сезім мен қабілет ерекшеліктерін аңғартады. Мінезінің ұнамсыз жақтары байқалатын тұс та осы. Ұстазға бұл ретте істейтін жұмыс түрлері көп-ақ. Осылардың ішіндегі дидактикалық ойындардың маңыздылығы жоғары. Бірақ, ескеретін бір нәрсе, маңызды екен деп сабақ мазмұнына үйлеспейтін ойын түрлерінен аулақ болған жөн. Әр ойынның өз реті бар. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданылатын сабақ мазмұнына, мақсатына сәйкес таңдап алған жөн. Өйткені ойын оқушылар үшін қызықты әрекет, іс-қимыл бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол педагогикалық ізденістің арқасында ғана қуатты құралға айналады.

Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әр түрлі іс – әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай іс-әрекеттің бір саласы – ойын әрекеті. Жоғары сатыда дамып жетілген сана- сезім мен ақыл – ой иесі адам баласының ойын әрекеті бір жағынан, тіршілік етудің негізгі формасы болып саналатын болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын өмір тәжірибесінің нәтижесі болып саналады. Міне, осы тұрғыдан алғанда, адам баласының ойын әрекеті, негізінен балдырған кезінде кеңінен дамып, баланың өсіп жетілуіндегі басты және жетекші факторға айналады.

Дидактикалық ойынның мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа білімді меңгертіп, танымдық белсенділігін арттыру болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін тиімді пайдалану арқылы балаларды өздігінен ойлай білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге, әртүрлі танымдық дағды мен шеберлікті меңгеруге қол жеткізу болып табылады, яғни сабақ барысында «ойын» элементтерін пайдалану біріншіден, балаларға берілген білім берік меңгерту құралы болса, екіншіден балаларға берілген білім сапасын көтеріп, танымдық қызығушылығын арттыру болып табылады.

Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық меңгергенше жалғасады. Ол оқыту процессінде жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»- деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Орыс ғалымы дәрігер, педагог К. А. Покровский «ойын-күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады»-деген. Олар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау. Ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.

Дидактикалық ойындарды сабақтың әр алуан буындарына енгізу:

1. Түрткі ретінде дидактикалық ойындар
2. Материалды игеруге даярлық кезінде пайдаланатын дидактикалық ойындар.
3. Материалды пысықтау кезінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар.
4. Игерілген материалды қайталау кезінде қолданылатын дидактикалық ойындар.
5. Есептік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

- Балалардың іс-әрекетіне ойын түрлерімен оқуды байланыстыру, біртіндеп қызықты жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы берілген оқу тәрбие мәселелеріне көшу.

- Шарты мен міндеттерін біртіндеп күрделендіруі
- Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеуі
- Оқу тәрбие мақсаттарының бірлігі

Дидактикалық ойын мектеп оқушыларының белсенділігін

арттырып, қиын оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетуі және көлемі бойынша үлкен оқу материалдарды есте сақтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі үздіксіз тасқындаған ақпараттар тасқынынан оқушыларды ұлттық сана- сезімде төл халқының өзіндік әдет-ғұрпын, мәдениеті мен әдебиетін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелейтін қажетті деректерді оқыту процессіне енгізу керек. Баланың құлағына жас кезінен бастап халықтың тәрбиелейтін қажетті деректерді тәрбиелік асыл-маржандарын құйып отыру - тек мектептегі мұғалімнің ғана жұмысы мұғалімінің міндеті болуы керек, сонымен қатар үйдегі ата-аналардың негізгі міндеттерінің бірі болуға тиіс. Абай Құнанбаев он тоғызыншы сөзінде жас кезінен жақсы сөз естіп өскен бала кейін есті адам болады дейді: "Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады". Сондықтан баланы жас кезінен бастап тәрбиелік маңызы жоғары халық ойларының кәусар бұлақтарымен сусындату қажет.

Р.М.Қоянбаевтар халық педагогикасының мақсаттарына мыналарды жатқызады: "Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты өмірге дайындау, өнер-білімге баулу, бүкіл елдің қамын ойлау сияқты ең жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу.... Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, үйелмен тәжірибелері т.б." жататындығын атап көрсете келе, халық педагогикасының оқушыларды тәрбиелеудегі роліне айрықша тоқталады: "...халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді олардың бойына екті".

Сондықтан математика сабағын дидактикалық ойындар арқылы меңгерту барысында шәкірттердің санасына ұлттық рухты сіңіру, өз халқының өткеніне мақтанышпен қарау сезімдерін ояту керек. Бұл оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінің жетілуіне негіз болады.

Қазақ халқының ұлт ретінде өмір сүруіне оның тілі мен қатар салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының маңызы айрықша! Қазақтың мақал-мәтелдері жас ұрпақты ибалы болуға, әдептілікке, мінезін жақсы қасиеттер арқылы имандылық пен инабаттылыққа тәрбиелесе, ақын-жыраулардың көркем шығармалары эстетикалық, этикалық қасиеттерге тәрбиелейді.

Қазақ халқының өзіндік ерекшелігіне жас ұрпақты туылған кезінен бастап, халық лықтық педагогика негіздерімен тәрбиелеуі жатады. Бесік жырынан бастап, өскенге дейін бала тәрбиелік маңызы жоғары өсиет сөздер естіп еседі. Бірақ, қазіргі кезде ата дәстүрлері қалалық жерлерде ұмытылып жүр. Бұл жас ұрпақты мәңгүрттікке апарады. Сондықтан қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгертуде халық педагогикасының тәрбиелік мәні басым элементтерін кеңінен

қолдану қажет. Осы арқылы оқушылардың рухани дүниесі парасаттылық пен бауырмалдылыққа, адалдық пен кішіпейілділікке, ибалылық пен үлкенді сыйлауға тәрбиеленеді. Демек, сабақтар да дидактикалық ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған математиканы дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынадай мақсаттары болуы керек:

1. Оқушыларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу. Бұл төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

а) дидактикалық ойындарды ұлттық тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда жұмбақтарды, мәтін есептерді халықтың ауыз әдебиетіндегі ертегілерімен байланыстырып, оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

ә) оқулықтағы есептерді дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

б) дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға әр түрлі фигураларды үйретіп, олардың тіл мәдениетін жетілдіру керек.

2. Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін математиканы оқыту барысын-да тиімді қолдану.[11]

Қорыта келе айтарым ойын –баланың жан серігі. Ол баланың алдынан өмірдің есігін ашып оның шығармашылығын оятады. Сонымен қатар, ойын-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат бітіретін ғажайып нәрсе екен. Сондықтан да құрметті әріптестер балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығын жақсартып, өмірін гүлдендіріп саналы да сапалы білім беру –біздің басты міндетіміз.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. *«Математикадан дидактикалық материалдар мен ойындар» 1994ж.*
2. *«Ойын технологиясы оқушылардың білімін дамыту құралы» Л. М.Муканова*
3. *Ұстаздық еткен жалықпас. – Алматы: Үш қиян, 2003*
4. *Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012.*
5. *Маркова А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников. – Москва: Педагогика, 1998 г.*

**Русакова Т.Г.**

д.п.н., профессор, Оренбургский государственный педагогический университет  
e-mail: [rus-tg@yandex.ru](mailto:rus-tg@yandex.ru),

**Жолдасова М.А.**

аспирант 2-го курса, Оренбургский государственный педагогический университет  
e-mail: [mursikka@mail.ru](mailto:mursikka@mail.ru),

**Лупандина Е.А.**

ст.преподаватель, Оренбургский государственный педагогический университет

## **ЦЕННОСТНЫЕ ОСНОВАНИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Резюме:* Образование и воспитание на основе национальных ценностей в формировании личности

*Түйін:* Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру

*Summary:* Education and upbringing on the basis of national values in the formation of the individual

В середине XX века общество столкнулось с массовыми трудностями, затронувшими все стороны жизни человечества, представляющие угрозу самому существованию человека (природные катастрофы, общественно-финансовый упадок, теракты, межэтнические инциденты). Для разрешения выше-названных проблем необходим поиск новых путей развития цивилизации в направлении внутреннего преобразования культуры человечества, переориентации с идеологии потребительства в высоконравственное возрождение человечества. Сегодня студенты, получая профессиональную подготовку в вузе и осознавая свою роль в развитии производства, науки и культуры завтрашнего дня, демонстрируют активный интерес к имиджевой составляющей профессии и карьерному росту, связывая с ними свое финансовое благополучие. Этические инварианты науки и профессионального мастерства, основанные на традиционных ценностях духовно-нравственной культуры и обеспечивающие выработку культурного социоккода как одного из ключевых ресурсов инновационного развития институтов культуры страны, не входят в список жизненных приоритетов большинства студентов. В сложившейся ситуации использование ресурсов духовно-нравственной культуры в процессе профессиональной и научно-исследовательской подготовки студенческой молодежи к самореализации в изменяющемся мире способно снизить риски развития страны по негативному сценарию.

В настоящее время в России и Казахстане предпринимаются попытки по реформированию высшей школы. С целью эффективной реализации реформы высшей школы необходима разработка философской концепции образования, соответствующей национальным интересам государства, реализации возможностей каждого гражданина страны. Данная философская концепция должна основываться на определенных аксиологических предпосылках, *системе ценностных оснований*.

В данной взаимосвязи особенную важность обретает высказывание

Назарбаева Н.А., президента Республики Казахстан, с инициативой реализации нового национального проекта «Интеллектуальная нация – 2030», в которой в качестве одного из приоритетных направлений выделяется осуществление духовного воспитания молодежи через формирование правильной системы ценностей, основополагающими качествами которой являются такие качества, как «трудолюбие, честь, порядочность, стремление к постоянному самосовершенствованию и обучению, дисциплина» [1].

Проблема ценностных оснований имеет внутриличностный смысл и для любого отдельного индивида, и непреходящее значение для общества в целом. Поскольку как судьба каждого гражданина, так и будущая судьба России и Казахстана зависят от того, какие ценности будут востребованы личностью, какие цели и идеалы претворятся в жизнь.

Обращение к *проблеме ценностных оснований высшего образования* актуализируется кризисными явлениями как в общественной жизни в целом, так и в сфере высшего образования в частности, так как институт образования, обладающий определенной автономией, одновременно включен в общественную систему, являющуюся провиантом и инструментом культуры. Если же появляются значимые рассогласования связей института образования с более широкой системой либо нарушается равновесность внутри самой образовательной системы, институт образования утрачивает устойчивость и определенность. Вышесказанное обуславливает потребность исследования мировоззренческих, методологических и дидактических основ духовно-нравственного воспитания студенческой молодежи с

опорой на общечеловеческие ценности, которые должны стать главным элементом реформирования высшей школы.

*Институт образования* представляет собой многоплановое и многогранное явление [2]. Высшая школа должна транслировать из поколения в поколение не только знания, но также накопленную веками общечеловеческую мудрость, отражающую внутреннюю духовную мощь человека: бережное отношение ко всему живому, честность, терпимость, альтруизм, позволяющие использовать приобретенные знания во благо обществу.

Источником высоконравственных идей и жизненных примеров для воспитания характера человека являются работы великих духовных учителей человечества, таких как Конфуций, Сократ, Гегель, И. Кант, Н.А. Бердяев, Л.Н. Толстой. Богатое духовное наследие Казахстана представлено в произведениях Ю. Баласагуни, аль-Фараби, М.Х. Дулати, Ы. Алтынсарина, Ш. Кудайбердиева, А. Кунанбаева.

О ценностях духовно-нравственного воспитания молодого поколения писали Е.В. Бондаревская, В.А. Сластенин, В.А. Караковский. Образование воссоздает суть общества, его результаты во многом определяются ценностными основаниями общества, но, с другой стороны, благодаря образованию, индивидом осознаются модели и культурные ценности, поэтому культура может рассматриваться как результат образования в определенном смысле. Если аксиологическая призма института образования пропускает в своё пространство преимущественно продуктивные ценностные ориентации общества и из них формирует собственное ценностное основание, то такая обратная связь служит залогом гармоничного стабильного развития человечества.

Рассматривая ценность через отношение значимости, необходимо подчеркнуть, что *ценность* рассматривается как социальная форма бытия явления, предмета, вещи, учитывая социальную составляющую их ценностных свойств [3].

*Ценность* трактуется как идеальное качество явлений Культуры, формирующееся в процессе общественно-исторической, предметно-практической, духовной и духовнопрактической деятельности Человека и отражающее отношения их значимости в социальном взаимодействии и общении, служащее смыслообразующим основанием человеческого бытия, задающее направление и мотивацию конкретной деятельности, поступков и всей жизнедеятельности. (Перевозчикова Л.С., Петренко К.С.) [4].

Высший уровень ценностного сознания, отражающий стремление к самореализации - *духовность*. Духовность составляет сущностную характеристику гуманистического мировоззрения [5]. Разнообразны формы проявления духовности. Любой вид межличностных отношений и общественно-полезной деятельности может быть сферой ее проявления, так как духовность заключается не в самой деятельности и отношениях, а в мотивации и ценностной ориентации, которыми руководствуется человеческая личность в их процессе. Любая деятельность и общение, сопряженные с социально значимыми идеалами и ценностями, носят духовный характер.

*Духовность (духовная реальность)* - это объективная реальность, онтологическая данность, которая не является производной от человеческой деятельности; это единая, универсальная сущность всей Вселенной и человека [6]. Ядро духовности составляют смысложизненные ценности, имеющие общечеловеческую основу. Духовное воспитание личности происходит именно на пути их освоения через придание ей смысла жизнедеятельности.

Идеальная духовная активность индивидуума как субъекта образования должна развиваться в таком направлении, в котором человек становится на путь самообразования, сознательного выбора способов мышления и действия, способствующих сохранению жизни природы и культуры. Одним из главных результатов духовной активности должно стать формирование духовной культуры субъекта.

И в России, и в Казахстане существуют различные подходы к пониманию духовности, в которых отдельные авторы рассматривают духовность: как качественную интегративную характеристику личности, как наличие определенных нравственных качеств (Р.Ж. Шалтбаева, Р.М. Салимова А.С. Сарсенова); с точки зрения какой-либо религии; как объективную реальность, как высшую природу человека и мира, не порожденную в деятельности (А.Д. Нысанбаев, Г.Г. Соловьева, Ш.А. Амонашвили, А.А. Корзинкин, В.П. Зинченко); как ценностное культурно-историческое пространство (Б.Д. Болганбаева, И.В. Юстус).

Во вселенной Духовная реальность проявляется как жизнь, движение, гармония, развитие, порядок; в совокупном сознании человечества как высшие идеалы, общечеловеческие ценности; в сознании человека проявляется в виде нравственности, совести. Степень осознания человеком духовного уровня своего бытия различна. Уникальность человеческого существования заключается в том, что только человек, используя сердце и разум, может осознать свою духовную природу и сущностное родство со всей Вселенной.

Таким образом, мы подходим к пониманию общечеловеческих ценностей: *общечеловеческие ценности – это вечные этические ценности, различные грани единой духовной реальности, имеющие трансцендентную, исторически не локализуемую природу, и потому являющиеся инвариантами изменчивой системы социальных, политических, национальных, научных, личностных и других ценностей*[7]. Таковыми можно назвать: милосердие, добро, альтруизм, бескорыстное исполнение долга, безусловную любовь, , внутренний мир и покой, правдивость, ненасилие.

Ценностное отношение к образованию рассматривается в различных аспектах: мировоззренческом, психологическом, социологическом, педагогическом. Институт образования является многомерным, сложным явлением, которое не сводится к какому-либо одному проявлению. Для осмысления целостности аспектов института образования, следует определить ценностное основание как философский, мировоззренческий фундамент, обуславливающий принципиальные образовательные решения и сами системы образования с их целями, организацией, методами. Педагогические, психологические, гражданские ценности в данном случае выступают уже как компоненты общего ценностного фундамента.

### Список литературы

1. *Абрамова, Н.Т. Ценности образования, новые технологии и неявные формы знания // Вопросы философии. 1998. - №6.-С.58-65.*
2. *Авдеев, В.И. Становление культуры мышления как проблема. -Воронеж, 1992,- 175 с.*
3. *Алексеев, Н., Семенов, И., Швырев, В. Философия образования //Высшее образование в России. 1997. - №3. - С.88-95.*
4. *Аристотель. Политика. Афинская полития. М., 1997. - 458 с.*
5. *Батищев, Г.С. Введение в диалектику творчества. Спб., 1997. -463 с.*
6. *Духовно-нравственное воспитание студентов педагогического вуза как внутреннее образование // Хабаршы. Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «педагогические науки». – Алматы, 2009. – №2(22) – С. 66-70.*
7. *Русакова, Т. Г. Духовная культура личности как смысл образования /Т. Г. Русакова // Вестник ОГУ, 2005. - № 5. – С.29-37.*
8. *Философско-методологические аспекты духовно-нравственного воспитания в педагогических вузах // Современные подходы к модернизации системы образования: материалы республиканской научно-практической конференции, посвященной 70-летию проф. Шаяхметова Ш.Ш. – Алматы, 2009. – Том 2. – С.419-425.*
9. *T.Rusakova, E.Gabdrakhmanova, T.Morozova, R.Salahov. Role of the system of values of design studies graduates in preparation for educational work // INYED2016 Proceedings, 10th International Technology, Education and Development Conference, Valencia, Spain, 7-9 March, 2016, p. 8367-8374*
10. *Стратегия 2030: процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев // Электронный ресурс: <http://akorda.kz>*

### **Толубекова Рымшаш Камешовна**

п.ғ.д., «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, toleubekova@mail.ru

### **Имашева Турсынай Бахытжановна**

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының Ph.D докторанты,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 4161222@mail.ru

### **Ишанов Пірмағамбет Зулпхарұлы**

п.ғ.к., «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының профессоры,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, ishanov65@mail.ru

## **БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНЫҢ ТҮЛГАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ**

**Түйін.** Мақала мазмұнында, әлеуметтік педагогтың кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына бағытталған білім беру процесінің теориясы мен практикасына ғылыми тұрғыдан талдау жасалған. Білім беру мекемелеріндегі білім алушы жастармен әлеуметтік педагогтар жұмыс жүргізу барысында түрлі кедергілерге ұшырап отырғандығы баяндалған. Әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамыту мен кәсіптік құзырлығы айқындалған. Әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамуы, жеке тұлғалық тұрғыдан қарастырылған. Әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамуында алдыңғы қатарға мотивация, одан кейін оқу деңгейі, жеке тұлғаның бағыттылығы, уақыт тұратындығы анықталған. Әлеуметтік педагог қызыметінің кәсіптік –тұлғалық жарамдылығын анықтайтын сапалық қасиеттері негізделген. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамытуы, білім алушылардың өздерін дамытуларының негізгі шарты ретінде белгіленген.

**Тірек сөздер:** Әлеуметтік педагогика, әлеуметтік педагог, кәсіби өзін-өзі дамыту, кәсіптік-тұлғалық құзырлық, жеке-тұлға, тұлға теориясы, білім беру, педагогикалық процесс, педагогикалық шеберлік, сапалық қасиет.

**Резюме.** В статье представлен научный анализ теории и практики образовательного процесса, направленного на саморазвитие социального педагога. Студенты и социальные педагоги в учебных заведениях подвергались различным препятствиям во время своей работы. Определено профессиональное саморазвитие и профессиональная компетентность социального педагога. Профессиональное саморазвитие социального педагога обеспечивается в индивидуальном контексте. Определяется социально-педагогическая мотивация для профессионального саморазвития, затем уровень образования, индивидуальная ориентация, время. Качественные качества социального педагогического персонала, которые определяют профессиональную пригодность. В то же время профессиональное саморазвитие социального педагога определяется как предпосылка для развития студентов.

**Ключевые слова:** социальная педагогика, социальный педагог, профессиональное саморазвитие, профессионально-личностная компетентность, личность, теория личности, образование, педагогический процесс, педагогические навыки, качественные характеристики.

**Summary.** The article presents a scientific analysis of the theory and practice of the educational process aimed at the self-development of the social pedagogue. Students and social educators in educational institutions were exposed to various obstacles during their work. The professional self-development and professional competence of the social teacher is defined. The professional self-development of the social pedagogue is provided in an individual context. Socio-pedagogical motivation for professional self-development is determined, then the level of education, individual orientation, time. Qualitative qualities of the social pedagogical staff, which determine professional suitability. At the same time, the professional self-development of a social pedagogue is defined as a prerequisite for the development of students.

**Keywords:** social pedagogy, social pedagogue, professional self-development, professional-personal competence, personality, personality theory, education, pedagogical process, pedagogical skills, qualitative characteristics.

Егеменді елімізде әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі – маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының және жастар саясатының өзекті проблемаларының шешілуіне тигізер әсері мол. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр.

Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек. Болашақта әлеуметтік педагог мамандығы педагог пен медицина қызметкерлері секілді бұқаралық сипатқа ие болатындығына күмән жоқ.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагогика ғылымының елімізде әлі қарыштап дами қоймаған шағында, бүгінгі таңда, білім беру мекемелеріндегі білім алушы жастармен әлеуметтік педагогтар жұмыс жүргізу барысында түрлі кедергілерге тап болады.

Қазіргі заман жастарының қоғамдағы жағдайын әлеуметтік депривациялық жағдай ретінде, яғни олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті өмірде жастар ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде.

Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжіңді, қолайсыз, бейморалды отбасылар көбеюде. Балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да әлеуметтік депривацияға түсуде. Қазіргі таңда сапалы білім алу тікелей отбасының материалдық жағдайына, байланысты болып отыр. Әлеуметтік қатынаста депривациялық фактор әлеуметтік жіктелудің күннен күнге тереңдеуіне және қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа байланысты болып отыр.

Мұндай жағдайда қоғамның әр мүшесінің өз шығармашылық потенциалын жүзеге асыру қажеттілігі айтарлықтай артады. Бұл «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Халқына жолдауында [1], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2007), Қазақстан Республикасының «Орта білімді дамыту тұжырымдамасында», «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» қарастырылған [2].

Осыған орай, мұғалімнің кәсіби білім деңгейіне қойылатын талаптар, өз еңбегінің нәтижелігіне жауапкершілік күрделене түсуде. Бұл жағдайда педагогикалық шеберлікті жетілдіру, педагогтың шығармашылық потенциалын дамыту мәселесі әлеуметтік талап қана емес, сонымен бірге педагогтың жеке тұлғалық-кәсіби қарым-қатынасын шыңдауға деген талапқа ұласады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі жеке тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамыту мәселесі өткен ғасырдың 20-шы жылдарында қарастырыла бастаған. Педагог-ғалымдар Е.В. Бондаревская, В.В. Зайцев, Н.К. Сергеев, В.В. Сериковтар кәсіби білімнің тиімді дамуы үшін оқушылардың білім алуларында таңдау жасауларына мүмкіндік беріп, даму мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасарлық жеке тұлғалық тұрғыдан қарастыру жөн деген пікір білдірген.

«Өзіндік сана» мәселесін Ш.М. Мұхтарова, «өзін-өзі өзектілендіру» мәселесін К. Маслоу, «өзін-өзі тәрбиелу» мәселесін А.Г. Ковалев, А.Б. Бекмановалар, «өзін-өзі дамыту» мәселесін Г.О. Абдуллаева, М.М. Рыскуловалар қарастырса, мұғалімнің кәсіби дамуын М.М. Мұхаметқали, Т.Б. Машенбаев, К.С. Құдайбергенова, Е.Е. Чудина, Н.Н. Костогрызозтар ғылыми тұрғыда негіздеген.

Педагогтарға білім беру саласының мазмұнды жаңаруы мен мақсаттарын түсіну мен қабылдауға жағдай туғызу, педагогтің дербестенуі, кәсіби даму педагогикалық практиканы нақты өзгерту механизмдері болып табылады. Негізінен білім алушылардың дамуы педагогикалық әрекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Ал, білім алушы өзін-өзі дамыту процесіндегі педагог қана толыққанды дамыта алады. Практикалық тұрғыда педагогтың өзін-өзі кәсіби дамытуы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етілмей өздігі түрде өтеді. Екіншіден, педагогтың өзін-өзі кәсіби дамытуы дербестік, өзіндік әрекет сипатына ие, өзінің саналы таңдауы болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына бағытталған білім беру процесінің теориясы мен практикасын талдау:

- педагогтың кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттілігін толық сезінбеуін;
- кәсіби даму жүйесінде өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту процестеріне түрткі болатын жағдайлардың аздығын;
- кәсіби өзін-өзі дамыту процесін бақылау және бағалаушы жүйелердің жоқтығын көрсетті.

Ал, қазіргі кездегі өскелең ұрпақты оқыту-тәрбиелеу процесі өзін-өзі үнемі кәсіби тұрғыда жетілдіріп отыратын педагогті қажет етеді.

Болашағын ойлайтын әр қоғам, әр мемлекет педагог жағдайын күн тәртібінің алдыңғы кезегіне қоюға тиіс. Әр педагог кәсіби даярлығы жетілген бесаспап болуы керек. Қазіргі уақытта кәсіби педагог болудың, үнемі қызметін жаңа бастаған педагог болуды талап ететіні көптеген педагогтар мен ата-аналарға белгілі бола бастады.

Педагогикалық шеберлікке, педагогикалық өтілім жолдарына, лауазымға, ынта-тілекке қарамастан «оқытуды қалай жүзеге асыруды» кейінге қалдырмай қайта оқып білуге тура келеді. Педагог еңбегі



жоғары жылдамдықты қажет ететіндігімен, күрделілігімен, көпқырлылығымен ерекшеленеді және терең әрі әр салалы ғылыми және кәсіби білім, іскерлік, дағдыларды талап етеді.

Егер педагог өзімен үнемі жұмыс істемесе, меңгерген теориялық білімі ұмытыла береді, ол жалпылама сипатқа ие болып, күрделі педагогикалық шындықтың объективті құрылымын, құбылыстар мен фактілерін ашып көрсете алмайды.

Сондықтан, бүгінгі таңда оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру саласын ізгілендіру қажет. Ізгілендіру ұғымы жалпы және кәсіби білім беруде адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуымен, жеке тұлғаның ақыл-ой, эмоционалдык, еріктік және адамгершілік потенциалын жоғарылату үшін нақты жағдайлар туғызумен, өзін көрсете алуға талпынумен, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі көрсете алу шекарасын кеңейтумен байланысты.

Классикалық педагогикада өзін-өзі дамыту болмысы жайлы философиялық тұжырымдар табиғилық принципінен көрініс табады.

Классиктердің ізгілікке негізделген идеялары кәсіби өзін-өзі дамыту ерекшелігі болып табылады. Я.А. Коменскийдің табиғилық революциясы және осы істі жалғастырушы И.Г. Песталоцци тұжырымдамалары үлкен ізгілікке толы. Я.А. Коменскийдің ойынша бала бесікте жатқан кезінен бастап, нақты жағдайда өзіне ненің қажетті әрі пайдалы екендігін біліп, соны жасауға ұмтылып, сенуге тиісті, яғни аталған принцип адамның оң мүмкіндіктерінің ізгі идеясын көрсетеді [3].

Қ.А. Сарбасованың зерттеуінде білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезені жаңа парадигмаға өтудің жолдарын іздестірумен, яғни білім берудің жаңа мақсатының жетістіктерімен байланысты. Жаңа парадигманың маңызды компоненті – тұлғаның өзіндік даму тұжырымдамасы болып табылады. Өзіндік даму – бұл ішкі және сыртқы әлеммен байланысу қабілетін қалпына келтіру. Тұлғаның әртүрлі саладағы икемділіктері мен қабілеттерін дамыту оның дербес ерекшеліктеріне, өзіндік талдау, өзіндік баға беру қабілеттеріне байланысты екендігін көрсетеді [4].

Жеке тұлғалық өзін-өзі дамыту – дамушы адамда бар және қажетті әлеуметтік, психологиялық деңгейлер арасындағы дамудың қозғалтушы күші болып табылатын қайшылық тудыратын психологиялық «адам қалыптастыру» механизмі десек болады.

Өзін-өзі дамытуда ізгілікті ұстанған педагогтардан қолдау көріп және мақсатты түрде өз іс-әрекет тәжірибесі мен қарым-қатынас аясын кеңейте отыра, оқушылар тікелей әлеуметтік қарым-қатынастың: дағды, адамдармен қарым-қатынас орнату және оларды түсіну, іс-әрекетті ұйымдастыру, топпен байланыс орнату, қиын жағдайларды шешуде шығармашылықпен әрекет ету сияқты формаларын меңгереді. Сондай-ақ, оң нәтиже берген әлеуметтену жеке тұлға дамуын өзектілендіретіндіктен, осы жерде өзін-өзі дамыту мен әлеуметтенудің байланысы тағы байқалады.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың өзін-өзі кәсіби дамыту процесін қарастырғанда алдыңғы қатарға мотивация, одан кейін оқу деңгейі, жеке тұлғаның бағыттылығы уақыт тұратынына көз жеткіздік. Егер адам өз мамандығын кездейсоқ таңдамай, саналы түрде келсе және педагогикалық іс-әрекет оның алдыңғы қатардағы іс-әрекетіне айналса, онда оның кәсіби тәжірибесінің қалыптасуы кәсіби өзін-өзі дамыту түрінде жүзеге асады. Білім берудің қандай ең жетілген, дамыған жүйесі де мамандарды еш қиындықсыз, қайшылықсыз дамыта алмайды.

Себебі, әрбір шебер педагогтың өзіндік қолтаңбасы қайталанбас болғандықтан, барлық жағдайда қолдануға болатын дайын «рецептер» жоқ. А.Н. Леонтьевтің пікірінше педагогтың кәсіби «менінің» қалыптасуының басты көзі оның білім алушылармен қарым-қатынасы, өзін ұжымда көрсетуге деген талпынысы болып табылады [5].

Біздің ойымызша, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамыту мәселесінің негізгі идеясы – бұл жеке тұлғалық әрекеттің даму идеясы. Сондықтан, адам кәсіби және әрекеттегі жетістігіне сай ұстанымы негізінде оқып үйренеді. Кәсіби қалыптасу кәсібилену жолындағы даму мен жеке тұлғалық даму бірлігі болғанда ғана мүмкін. Себебі қазіргі таңда, әлеуметтік педагогтарды дайындайтын орта арнаулы, жоғары оқу орындары жетіспейді.

Кедергілердің бірі әлеуметтік педагогтардың жұмысына қажетті әдістемелік құралдырдың жетіспеушілігі. Бұл әдістемелік көмекші құрал жалпы білім беретін мекемелердегі әлеуметтік педагогтардың проблемасын зерттеу нәтижесі болып табылады.

Әдістемелік құралда әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістемесі мен технологиясы, әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс әдістемесі, әрбір нақты мекеме жағдайына бейімдеуге келетін сыныптың, оқушының әлеуметтік паспорты, оқушының отбасына мінездеме, әлеуметтік педагогтың қабырға бұрышы және т.б. үлгілері берілген. Сонымен қатар, білім беру мекемелерінде, әлеуметтік педагог жұмысындағы диагностикалық жұмыстарға, түрлі балалар категориясымен жұмысының негізгі бағыттарына әлеуметтік педагогтың педагог-психологпен бірлескен жұмыстарына,

девианттық мінез-құлықты оқушылармен жүргізілетін әлеуметтік педагогтардың жұмыстарына мән берілген.

Мысалы, жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік педагогтар, білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушылардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, білім алушының, педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс жасауға мамандалады.

Балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау – баламен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын, мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал кедергілерді жою үшін жолын анықталады. Өмір сүруіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына көмектеседі.

Әлеуметтік педагогты әлеуметтік қызметкердің бір түрі деп санау қателік болар еді. Оның қызметінің негізгі сферасы социум - әлеумет. Негізгі басымдық бала мен отбасы, бала мен тұрғылықты жеріндегі жақын ортасының арасындағы қарым-қатынасын зерттеуіне беріледі. Әлеуметтік педагог балалармен, оның отбасымен көпшілік ортасымен жұмыс жасайды.

Оның қызметінің мақсаты – социумда балалар мен ересектердің әлеуметтік маңызы бар профилактикалық қызметін ұйымдастыру, баланың дамуын, білім алуын әлеуметтік қолдау.

Әлеуметтік педагог біріншіден, мүмкіндігінше проблеманың алдын-алуына тырысады, проблеманы тудыратын себептерді анықтай және уақытында оны жойып отыру, адам бойындағы олардың қарым-қатынасындағы әртүрлі ауытқушылардың алдын-алып отыру, осы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаны сауықтырып отырады.

Әлеуметтік қызметкер проблеманың алдын-алумен емес, проблеманың өзімен жұмыс жасайды (алкоголизм, нашақорлық, әлеуметтік депрессия, қаңғыбастық, ауру, өзін-өзі қызмет ете алмаушылармен, мүгедектермен, стихиялық зіл-зала, көші-қонмен, жанының күйзелуі әлеуметтік бейімделу) арнайы көмектің түрін, арнайы мамандануды қажет етеді (қарт адаммен жұмыс, босқындармен, әлеуметтік риск тобына жататын адамдармен жұмыс). Сонымен қатар, ол арнайы жас ерекшеліктері бойынша топтардың (балалар, жасөспірімдер, жастар, қарттар), мекемелердің, микроорталықтың ерекше сфераларының (ауыл-әскери бөлім) әлеуметтік проблемаларын шешуге мамандануы да мүмкін.

Әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік педагогтың кәсіптік қызметтерінің жұмыстарының түрі мен әдістемесі бір-бірімен қиылысып жатқанымен әр маманның өзіндік айырмашылықтары бар. Дегенмен әлеуметтік қызметкер жұмысының нәтижелілігі әлеуметтік педагогтың жұмысымен тығыз байланысты, тиісінше әлеуметтік педагог жұмысының нәтижелілігі де әлеуметтік қызметкердің қорытындысынсыз жоққа шығар еді. Әлеуметтік педагог бірінші кезекте тұлға мен отбасы қорғауға арналған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдар арасын байланыстырушы буын. Әлеуметтік педагог – өсіп келе жатқан тұлғаның мүддесін, заңдық құқын қорғаушы. Әлеуметтік педагог сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы. Сонымен қатар, бұл қызметтің жетекші ұйымдастырушысы. Оның барлық күш жігері адамды әрекетке, әлеуметтік инициативаға қиын жағдайдан шығу жолын іздеуге оятуға бағытталады, адамдардың проблемасын өздері шеше алуына көмектеседі.

Әлеуметтік педагогты рухани жетекші, тәлімгер десек те болады, себебі ол жылдар бойы баламен, оның отбасымен жұмыс жүргізеді, әлеуметтік, жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге, ол әлеуметтік терапевт – өзінің қамқорлығындағы адамдардың кикілжіңжі жағдайын шешуге, соған сәйкес мамандарға көрінуіне көмектеседі. Әлеуметтік педагог әрқашан өзінің клиентінің құқығын қорғайды, «әлеуметтік диагноз» қоюда эксперт ретінде қатыса алады.

Осыған байланысты, ғалымдар әлеуметтік педагогтың кәсіптік-тұлғалық құзырлығын қарастыру барысында, бұл мамандықты таңдаған адамның ерекше тұлғалық сапасы болу керектігін негіздейді.

Әлеуметтік педагог қызметі, ол адамдар арасындағы сенімділік зонасы, олардың өзара түсінушілік, өзара көмек, өзара жауапкершілік жолы, яғни әлеуметтік педагогтың кәсіптік-тұлғалық жарамдылығын анықтайтын сапа:

- адамгершілік-өзінің түсінушілігін, ол көз қарасын басқа адамды қолдай алатындығын көрсете алу;
- сыпайылық-әдептілік, басқа адамдармен қарым-қатынаста сыпайы болу;
- аутентілік-адамдармен қарым-қатынаста шынайы болу, адал болу, ортамен байланыста өзімен-өзі болу;
- ашықтық-басқа адамға ішкі дүниені аша білу, адал болу, өзінің сезімі мен ойын айта білу;
- нақтылық-жалпылама пікір айтуда бас тарту, сұраққа жауап бере алу;

- «Осы жерде және қазір» жағдайында сөйлей алу-және әрекет алу, адам туралы, оның жағдайы туралы нақты білу және оны көрсете білу [6].

Жалпы біздің ойымызша, әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін-өзі дамуы мен кәсіптік құзырлығын, жеке тұлғалық тұрғыдан қарастыру, ол тек қана оқытып, тәрбиелеп қана қоймай, білім алушылардың жалпы кәсіби дамуларына жағдай жасап, олардың өз-өздерінше алға басуларына мүмкіндік тудырады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана. 2012 жыл 14 желтоқсан.

2. «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» // Егемен Қазақстан. - 2010 жыл 18 маусым.

3. Власова Е.А. Профессиональное саморазвитие будущих социальных педагогов: монография / Е.А. Власова. - Балашов: Николаев, 2009. - 116 с.

4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық-педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру: пед.ғылым. канд. дис. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды, 2004. - 147 б.

5. Лупанова Н.А. Педагогическое сопровождение профессионального саморазвития будущего педагога // Вестник СамГУ. - 2013. - №8/1 (109). - С. 274-277.

6. Шентенко Н.А., Воронина Г.А. «Методика и технологии работы социального педагога»: учебное пособие / под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 208 с.

**Қазиев Қ.О.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
6D010300-«Педагогика және психология» мамандығының докторанты,  
E-mail:kazi\_karas@mail.ru

**Шалғынбаева Қ.Қ.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және  
өзін-өзі тану кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор, E-mail: kadisha1954@mail.ru

## **РЕФЛЕКСИЯНЫҢ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Түйін:** Мақалада ғалымдардың еңбектеріне талдау беру арқылы рефлексия, педагогикалық рефлексия ұғымдарына талдау беріледі, берілген түсінік нақтыланады, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі алатын орны ашып көрсетіледі. Педагогикалық рефлексияның мәні, құрылымы, типтері, түрлері, формалары мен функциялары анықталады. Сонымен қатар педагогикалық рефлексия педагогтың кәсіби өсуінің құралы ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық рефлексия болашақ педагог-психологтың кәсіби тұлғасының тиімді қалыптасуының интегралдық көрсеткіші, оның іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастырудың алғышарты ретінде негізге алынатындығынан, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда тиімді нәтиже беретін жолдардың бірі - педагогикалық рефлексиялану теориясын әзірлеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын, механизмдерін ерекшелік болып табылатындығы жайлы мазмұндалады. Рефлексияның ерекшеліктерін зерттеу әртүрлі деңгейде (теориялық, әдістемелік, практикалық) жүргізіліп, мамандар категорияларында көрінуі спецификасы айқындалып, кәсіби іс-әрекеттің әр саласындағы зерттеулерге назар аударылады. Зерттеуіміздің объектісі «болашақ педагог-психологтардың іс-әрекетінде рефлексияны дамыту» болғандықтан «рефлексия» түсінігін талдау қажеттілігі айқындалады.

**Кілт сөздер:** рефлексия, педагогикалық рефлексия, рефлексивтік білік, рефлексивті белсенділік, рефлексивті басқару, әдістемелік рефлексия, педагогикалық рефлексияға дайындық, рефлексивті мәдениет, рефлексивті сауаттылық

**Резюме:** В статье анализируется концепция «рефлексии» и педагогической рефлексии. Проанализировав работы ученых, в статье дается объяснение понятию «рефлексии», раскрывается роль учителя в педагогической деятельности. Педагогическая рефлексия является неотъемлемым показателем и интерпретируется как инструмент эффективного формирования будущего педагога-психолога как одной из предпосылок самоорганизации в своей профессиональной деятельности. Одним из способов эффективного обучения будущих учителей является разработка теории педагогической рефлексии и определение условий и механизмов по обеспечению качества педагогической деятельности. Специфика рефлексии изучается на различных уровнях: на теоретическом, методологическом и практическом. Особенности подготовки специалистов в данной категории фокусируются на исследованиях в различных областях профессиональной деятельности. Предметом нашего исследования является анализ концепции «рефлексия», поскольку это необходимо для развития мышления у будущих педагогов-психологов.

**Ключевые слова:** рефлексия, педагогическая рефлексия, рефлексивное умение, рефлексивная деятельность, рефлексивное управление, методологическая рефлексия, подготовка к педагогической рефлексии, рефлексивная культура, рефлексивная грамотность.

**Summary:** The concept of "reflection" and pedagogical reflection is analyzed in the article. Analyzing the work of scientists, it's revealed the explanation of the term "reflection", the role of the teacher in the educational activities. Pedagogical reflection is an indispensable indicator of the effective formation of the future professional teachers of pedagogy and psychology as one of the prerequisites for self-organization in one's activity. It's one of the ways to effectively teach future teachers in order to develop the theory of pedagogical reflection and determine the conditions and mechanisms to ensure the qualitative pedagogical activities. The essence, structure, types, forms, forms and functions of pedagogical reflection are defined. At the same time pedagogical reflection is interpreted as a tool for the professional growth of the teacher. The specificity of reflections is studied at various levels: theoretical, methodological, practical. Features of the emergence of specialists in this category, focusing on research in various fields of professional activity. The subject of our research is the need to analyze the concept of "reflection", as it is "reflection and development of reflections on future teachers of pedagogy and psychology".

**Keywords:** reflection, pedagogical reflection, reflexive skill, reflexive activity, reflexive management, methodological reflection, preparation for pedagogical reflection, reflexive culture, reflexive literacy.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін көтеру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, кәсіби біліктілігін

дамытуды қамтамасыз ету, халықаралық деңгейдегі білім көрсеткішін жақсарту, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [1].

Өйткені, бүгінгі қоғамның талабына сай педагогикалық жоғары оқу орындары білімді ғана емес, әрі тәрбиеші, әрі қоғамшыл, әрі зерттеуші, әрі ұйымдастырушы педагог кадрлар даярлауды қажет етеді. Осы мақсатта еліміздегі жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан педагогика және психология мамандығының білім бакалаврының кәсіби қызмет саласы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие процесін жобалау, тәрбиеленушілердің әлеуметтік дамуы мен тұлғалық мәселелерін психологиялық-педагогикалық тұрғыда зерттеу, білімгерлердің жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту бағдарламаларын даярлау болып табылады.

Маман дайындауда, ең алдымен, әрбір педагог-психологтің кәсіби тұлғалық қалыптасуы талап етіледі. Бұл ұзақ және күрделі процесс. Алайда, оның негізі кәсіби дайындығы барысында рефлексиялық қызметі де жетілдіріледі. Педагог-психологтың рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттерін айқындап, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалған іс-әрекеттің нәтижесін қортындылай білу. Педагог-психологтар әр түрлі кезеңдегі жастардың бейімделуі кезінде пайда болатын проблемаларды шешіп және кеңестер беріп қана қоймай, сонымен қатар солардың ішінен дарындыларды, мінез-құлқында қиындығы бар балаларды анықтап әрқайсымен жеке сұқпаттаса отырып, кеңес беруі қажет. Әрқайсының қоғамдық санасын дамытатын оқу-тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу арқылы олардың ынтасын ояту және т.б.

Болашақ педагог-психолог:

Біріншіден, педагогикалық үдерістегі іс-әрекеті ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала болжап, мүмкін болатын жағдайда үлгермеушіліктің себептерін реттеуді меңгеруі тиіс;

Екіншіден, білімгерлердің негізгі: құндылық-бағдар, жалпы мәдениет, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік-тұлғалық құзырлылықтарын қалыптастыруға дайын болуы тиіс;

Үшіншіден, білімге ерекше қажеттілігі бар білімгерлермен жүргізілетін жұмыс формаларын анықтап, жүзеге асыра білуі керек [2].

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлаудың бүгінгі әлемдік тәжірибесінде педагогикалық іс-әрекетке сын көзқарасты дамытуға, оның құнды жақтарын көре білуге, мән-мағынасын зерделеуге, нақты-практикалық тәжірибеде рефлексиялау білігін дамытуға ерекше назар аударылуда. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, оны меңгерудің жолдарын анықтау.

«Рефлексия» түсінігінің анықтамасының көптігі, бәрінен бұрын, оның механизмінің әмбебаптылығымен байланысты, рефлексивті механизмнің көп қызметтілігі педагогика мен психология саласының зерттеушілерінің рефлексивтік мәселеге деген қызығушылықтары артуының шарты болып табылады. Жалпылай алағанда, рефлексия адамның өзін қоршаған әлеммен пәндік-әлеуметтік қатынасының мәнін түсіну және оған қайта мән беру, өзіне – өзі талдау жасай білу қабілеті ретінде қарастырылады [3].

Мәселен, А.А.Бизяева, Л.И.Божович, Д.В.Выготский, К.Я.Вазин, В.В.Давыдов, А.И.Зимняя, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, Г.П.Шедровицкий және т.б. философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеушілердің еңбектеріне жасалған талдау бізге «рефлексия» ұғымына берілген анықтамаларды төрт топқа бөлуге болатындығына мүмкіндік берді. Олар: *әлеуметтік - психологиялық тұрғыда берілген анықтамалар* «рефлексия – субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психологиялық күйін саралау, өз іс-әрекетін талдауға деген бейімділігі»; «рефлексия ой мен іс-әрекетте - тұлғаның өзінің әрекет ету механизмі; кооперация мен коммуникацияда - «іштей», «сыртқы» позицияға шығу механизмі»; өзіндік танымда - іштей бағыттылықта өзінің орнын анықтау механизмі мен «Менділік» шекарасын белгілеудің әдісі; Осының нәтижесінде төмендегідей рефлексивтік үдерістер ажыратылады: өзін-өзі түсіну және басқаны түсіну, өзіне-өзі баға беру және өзгені бағалау, өзіне-өзі түсініктеме беру және басқаны түсіндіру.

*Логикалық-гносеологиялық тұрғыда берілген анықтамалар* «рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістеріне талдау жасау»;

*Әлеуметтік-философиялық тұрғыда берілген анықтамалар* «рефлексия - өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы; рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті»;

*Педагогикалық тұрғыда берілген анықтамалар* «рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы» [4].

Қазіргі таңда ғылымда «педагогикалық рефлексия» ұғымы жиі кездеседі. Демек, педагогикалық рефлексия - мұғалімнің өзіне, өзінің мінез-құлқына объективті баға беру, оны білім алушылар, әріптестері, ең әуелі педагогикалық қарым-қатынас процесінде қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті.

Біздің зерттеуіміздің объектісі «студенттер бойында педагогикалық рефлексияны қалыптастыру» болғандықтан «педагогикалық рефлексия» түсінігін талдау қажеттілігі айқындалды Сондықтан педагогикалық рефлексияға назар аударудың шарты болып қоғам дамуының қазіргі заманғы тенденциялары педагогикалық білім беру жүйесіндегі болашақ педагогтардың кәсіби даярлықтарын жетілдіру жолдарын іздестіруге бағыттайтындығы айқын көрініс береді. Педагогикалық рефлексия мұғалім тұлғасының кәсіби қалыптасу сәттілігінің интегральді көрсеткіші, оның іс-әрекетінің, өзін-өзі ұйымдастыруының алғы шарты ретінде мойындалғандықтан болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың көп нәтиже күттіретін жолдарының бірі педагогикалық рефлексиялану теориясын әзірлеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын ерекшелеу болып табылады.

А.К. Маркованың пікірі бойынша, «педагогикалық рефлексия - мұғалім санасының өзіне қаратылуы, мұғалімнің өз іс-әрекеттері туралы оқушыларының не ойлайтындығы»-дейді. Сондай-ақ, А.К. Маркова: «педагогикалық рефлексия бұл оқушыда қалыптасқан жағдаяттың бейнесін ойша елестету және соның негізінде өзі туралы ойды нақтылау, рефлексияны өзгермелі жағдайларда мұғалім өзін оқушылар көзқарасы тұрғысынан қарастыруы, педагогикалық рефлексия – бұл мұғалімнің өзін-өзі талдауға көңіл бөлуі»-деп есептейді [5].

Осыған ұқсас анықтаманы Г.И. Метельский де береді. Ол «Педагогикалық рефлексия дегеніміз - бұл мұғалімнің оқушылар өзі жайында не ойлайтындығы туралы болжамы» деп түсіндіреді [6]. Мұғалімнің өз оқушыларының түсінгі жайында ой қорытуы – бұл болжау нәтижесінде тұжырымдалған, бұрын тәжірибе мен әрекеттесудің өзекті жағдаятына сүйенетін образ болып табылады. Мұғалім өзіне оқушылар көзімен қарайды десе де болады. Мұғалім оқушыларының ішкі әлемін, нұсқамаларын оқыту пәніне, сыныптастарына, өз-өзіне деген қатынастарын түсіну негізінде білім беру жағдайын оқушылар көзқарасымен бағалау және жоғарыда аталған білімдерді білім берудің ақпараттық өзегі ретінде пайдалану педагогикалық іс-әрекеттің елеулі ерекшеліктерінің бірі рефлексивті басқарудың негізін құрайды.

Зерттеуші ғалым, И.А.Мушкина педагогикалық рефлексияны «білім беру жүйесінде сапалы өзгерістерге жету мақсатында ондағы елеулі белгілерді анықтауға, бағалау және жалпылауға, педагогтың кәсіби және тұлғалық жетілуіне бағытталған, арнайы әрекеттер кешені арқылы жүзеге асырылатын мұғалімнің білімі мен интеллектуалдық қабілеттерінің жиынтығы»- дей келіп, «педагогтың кәсіби рефлексиясы дегеніміз – бұл мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруін негізге алатын арнайы іс-әрекет түрі»-деп түйіндейді. [7].

Ал, Р.С. Ткачтың ойынша, «педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексия дегеніміз – бұл нәтижесінде мәселенің немесе қиыншылықтың мәні және оларды шешудің жаңа перспективалары туындайтын қандайда бір мәселенің кәсіби қиындықты немесе сәттілікті ойша талдау процесі»-деп анықтайды. Демек, мұғалім өзінің іс-әрекетіне, қателеріне, сәтсіздіктеріне, ашқан жаналықтарына сауатты талдау жасап, өз іс-әрекеті туралы әріптестерінің сынын қабылдап, немесе, күтпеген жағдайларға өзінің кәсіби әлемін қарсы қоя отырып, кәсіби шеберлікке ие болған жағдайда ғана өз ісінің маманы бола алады, деп тұжырым жасауға болады.

Мәселен, Отандық педагогика ғылымда Ш.Т.Таубаева, Э.Ковалев, Л.Р.Мылтықбаева, А.Б.Нұрғожина, О.Н.Франковска және т.б зерттеуші ғалымдардың зерттеулерінде, «педагогикалық рефлексияны» - болашақ педагогтардың бойында рефлексиялық мәдениетті дамыту – білім берудің негізгі идеясы екенін атап көрсеткен [8].

Алайда, біздің зерттеу нысанымызға Е.В. Рогулинаның педагогикалық рефлексияға берген анықтамасы жақынырақ келеді. Себебі, Е.В. Рогулина: «педагогикалық рефлексия – бұл болжау, сыни талдау, өзгермелі педагогикалық жағдайларда оқушылар тұлғасын дамыту мен оны қайта ұйымдастыру, тиімділігін бағалау мақсатында педагогтың өзінің кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын түсіну мен оған қайта мән беруге санасының бағытталуы»-деп анықтайды [9]. Демек, педагогикалық рефлексия, болашақ педагог-психологтардың білім беру саласындағы жанартуларға сәйкес, кәсіби іс-әрекетті болжай білуі, оларға сын тұрғысан талдау жасай отырып, болашақ қоғам иелері жеткіншек жас ұрпақтардың қоғамдық санасы мен іскерлігін, белсенділігі мен дағдысын дамытуға ерекше мән беруі деп тұжырым жасауға болады. Рефлексия жасап отырған педагог баланың ішкі жағдайын тани және оған дер кезінде көмек бере алады.

Практикалық сабақтарда студенттерге «Тағы басқаша қалай айтуға болады, ойлан», «Кім толықтырады?» немесе тіпті кейде «Тағы да бір-біріңізбен пікірлесіңіздер, ойларыңызды толықтырыңыздар, жүйеленіңіздер, жинақтаңыздар» деп, өзара пікірталасуға, әңгімелесуге тартып

отырамын. Нәтижесінде алғашқы берген жауаптарына қарағандаанағұрлым маңызды, мазмұнды жауап беруге дағдыланып, бір-бірінің ойларын тыңдап, әркім өзінің ойын толықтыруға мүмкіндік ала білді.

Мұндай әдіс олардың болашақта ойларынжүйелі, бірізділікте білдіре білуге машықтандырады. Оқыту - бұл жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол студенттердің қабілеттері мендағдыларын жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Қабілеттер мен дағдылар оқу үрдісінде белгілі бір дәлелдерді талқылап, қарастыруды қажеттететін сын тұрғысынан ойлауға негізделген тапсырмаларды орындау барысында көрініс табады. Сын тұрғысынан ойлау қабілеттер мен құндылықтарды және түрлі әрекеттер сияқты әр түрлі өлшемдерді қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлау - өзіндік және жеке ойлау. Ал сабақсыни тұрғыдан ойлау болып табылады. Сонымен, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріненегізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсізқұратын болады [11,12 б; 10, 45 б].

Сабақтарымызда студенттердің сыни ойлауларын дамыту мақсатында, студенттердің топта өзін-өзі немесе бір-бірін және топтардың өзара бірін-бірі сыни тұрғыдан бағалауы кезінде «Екі жұлдыз, біртілек», «Стикердегі диалог», «Білемін. Білдім. Білгім келеді», «Бес саусақ» әдістерін қолдана отыру арқылы сабақ нәтижесі шығарылып отырылады.

Студенттердің тез ойлап, тез ой алмасулары үшін «Ой шақыру» әдісі жиі қолданылады. Онда студенттер белгілі бір мәселенің шешімін табуда өздерінің бар білімдерін еске түсіріп, теориялық материалда берілген ұғымды бір-бірімен пікірлесе отырып, талқылай алады. «Кластер» әдісі сабақта бір-бірінің пікірлерін жинақтап, жүйелеп, нақты тұжырымдар жасауда сыни тұрғыда пікірлесулерін қалыптастыратын топтық және диалогтік оқыту әдісі ретінде орындалады. Ал топтық жұмыстар арқылы бірнеше студенттер өзара диалогке түседі. Диалогке түсуде әркім сыни ойлайды, бір-бірінің жауабын сыни көзбен қарауға үйренеді.Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады,кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы студент не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Ойлау процесі жазу кезінде көрінеді, себебі жазып жатқан адам әр кезде белсенді. Ол әр уақытта өзіндік ойлайды да, өзінде бар білімнің барлығын қолдана алады. Ол өзінің айтқандарын нақтылай түсу үшін дұрыс дәлелдер келтіре біледі.

Міне, осыны негізге ала отырып, туындаған ойларын, өз көзқарастарын жазып отырулары талап етіледі. Онда студенттер не көріп, не түсінгендіктерін жазып отырады. Бұл өз кезегінде студенттердің сын тұрғысынан ойлауларын дамытуды көздейді. Бір жағынан студенттердің ойларын тек ауызша баяндап қоймай, жазу әрекеттерін де дамытуға маңызы зор. Бұдан оқытушы ретінде қай студенттің жазбаша сөйлеулері қаншалықты дамығанын және жалпы сауаттылықтары қандай деңгейде екендіктерін анықтауға мүмкіндік туады.Сонымен, ойлау мен білім алуды байланыстыра бағыттаптын оқыту технологиясы - сын тұрғысынан ойлауды дамыту екендігіне көзім жетті. Өйткені, белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау студентті білімалуға бағыттаптын білімнің биік белестеріне көтерілуіне жол ашады. Бұл тұжырымдамамосы СТО технологиясының кез-келген стратегияларынан көрінеді.

Жоғарғы оқу орнының оқытушылары ретінде оқытудағы әдіс-тәсілдерімізді өз тәжірибе сабақтарымда кеңінен қолдануғамүмкіндік беріп, нәтижесінде қалай оқыту мен оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, бастамашыл, өзіне міндет ала білетін және жауапкершілікті түсінетін,сын тұрғысынан ойлана алатын болашақ педагог мамандарды даярларлап шығатынымызға сенімдіміз.

Қорыта келгенде, болашақта кәсіби шеберлігі шындалған, білім деңгейі мен талабы жоғары тұлғаларды қалыптастыруға жоғарыда қарастырылған әдіс-тәсілдердің ықпалы өте зор. Мұның барлығы білім сапасы деңгейінің артуына әкеледі. Осылайша барлық дамыған мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуында әлемдік өзгеріс еңсе, бұл оқытуға бұдан да жаңа инновациялық тәсілдерді әкелуге жетелейді. Білім берудегі негізгі инновациялық модельдер оқушының білім деңгейін, шығармашылығын арттыруға бағытталған жалпы адами құндылыққа бай кәсіби тұлға қалыптастырудағы педагогикалық инновациялар болып табылады.



## **Әдебиеттер тізімі**

1. Шатеков Ж., Исаев С. Келешекте жоғарғы білім беру саласының кейбір мәселелері. // *Ізденіс*, 1999/2.
2. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық. - Тараз, 2014.
3. Хмель Н.Д. Теория мен технология тұтас педагогикалық процестің жүзеге асырылуы. - М. 2002. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса.
4. Юсуфбекова Н.Р. Педагогикалық инноватика: шығу мен қалыптасу // Мәскеу қалалық педагогикалық университет Хабаршысы 2011. - №4(14) 2010. - 8-17 б.
5. Исаева Г. Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011ж. №3 60.
6. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 28 ақпан 2007ж.
7. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 23.06.2009.
8. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз №254-256.
9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
11. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

**Бижанова Г.К.**

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық, (E-mail: Galia\_arka@mail.ru)

**Акылбекова Э.А.**

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық, (E-mail: Aihan2010@bk.ru)

## БАЛА ТҰЛҒАСЫНЫҢ СТЕРЕОТИПІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕГІ – ЕРТЕГІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгергені жайлы айтылады. Бұл өзгерістер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың қажеттігін негіздейді. Сондықтан қазіргі ЖОО-ы жағдайында студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту маңызды проблема.

**Кілттік сөздер:** тұлға, ертегі, бала, тәрбие, батыр, қиял, арман, хайуанаттар, ғажайып, тұрмыс, салт.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается проблемы в связи с изменениями в общественных политических сферах изменилось содержание, цели и задачи в системе образования. Понимая природу новых технологий обучения, эти изменения требует пересмотреть характер традиционного обучения и обосновывает необходимость развития новаторства в разработке новых методологических изменений в учебно-познавательной деятельности студентов.

**Ключевые слова:** личность, сказка, ребенок, воспитание, герой, воображение, мечта, животные, чудо, жизнь, обычай.

**Annotation:** This article discusses the problems in connection with changes in social, political and economic spheres has changed the content, objectives and tasks in the system of education.

In particular, the problem of teaching and learning activities of students today remains one of the most important for institutes and universities. Then, the development of students in higher education in terms of teaching and cognitive activity important task problem.

**Key words:** personality, fairy tale, child, upbringing, hero, imagination, dream, animals, wonder, life, custom, righteous.

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ертегілердің түрлерін қарастырсақ, нақты әдебиетші М. Әуезов ертегіні үш түрге бөліп қарастырған. Олар: қиял – ғажайып, тұрмыс – салт, шыншыл ертегілері болып табылады. Алайда қазіргі зерттеулер нәтижесіне қарағанда ертегіні төрт түрге бөледі. С. Қасқабасов ертегідегі қияли идеялық қызмет атқарады, бірақ сюжеттен гөрі композицияның рөлі күшті болады деп есептейді. Ол ертегіні: хайуанаттар жайындағы, қиял – ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық деп бөледі.

М. Әуезовтың ертегі түрлерін талдасақ қиял – ғажайып ертегілерінде «Жерқұла атты Кендебай», «Аңшы бай» «Ұшқыш кілем» жатады деп есептейді. Оқушы осындай ғажайып достарының көмегімен мейірімді, адал дос адамын ардақтайды, оның күшіне мол сенім білдіреді. Оқушы барлық заттарға көзқарасы өзгеріп, кішіпейілдікке, мейірімділікке, дос болуға ішінен ой қорытады [1].

С. Қасқабасовтың пайымдауынша, қиял – ғажайып ертегілер – шығу тегі жағынан ертелік прозаның ең көнесі. Алғашқы қауымда пайда болған, жанрлық жанынан біркелкі емес. Бас қаһармандары: аңшы, мерген, кенже бала, тазша бала, жауынгер, батыр, т.б. бұқара халық өкілдері. Ертедегі табиғаттың дүлей күштерімен алысып, күнделікті өмір үшін аң – хайуанаттармен күрескен кезде халықтың арманы соларды женетін күшті батыр, балуан, мерген болды. Ал кейінгі дәуірде рулық қоғам тұсында халықтың арманы- өз елін бөтен елден, жаудан қорғайтын батыр болды. Ол қазақ өміріндегі қара шаңырақ иесі-кенже бала болды.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі басты тақырып-сиқырлы заттардың көмегімен бас кейіпкердің неше түрлі қиындықтарды жеңіп, мұратына жетуі. Егер қаһарман бар күшін пайдаланып, керемет қиындықтарды жеңсе, ол батыр атағына ие болады да, мұндай кейіпкері бар ертегі өз ерекшелігімен дараланып, «Батырлық ертегі» деп аталады. Біздің пікірімізше, батыр тұлға тек ерлігімен ғана емес, ақыл-парасатымен де, айласымен де жауын жеңіп отырған.

Қиял - ғажайып ертегілердің бір жағында жалмауыз кемпірлер, дәулер, түрліше тотемдер, екінші жағында солармен күреске түсіп жүретін мергендер, аты жоқ балалар, Ер

Төстік, оның Желаяк, Таусоғар, Көлтаусар сияқты достары жүреді. Бұлардың ғашық қыздары көбіне пері болып келеді. Кенжекей ақ қасқыр қызындай сәуегей, ол мыстан, Бекторы, Шойынқұлақ жамандығын күн бұрын сезеді. Қыз біткеннің сиқыры, олардың әлеуметтік типі көп жағдайда бұлдыр.

Тылсымдау, сиқырлау, жәділеу, самұрықпен ұшу, теңіз кешу, айдаһармен алысу, жеті басты жалмауыз, адам етін жейтін кемпірлер үнді ертегілерінен алынған ба дейміз. Жамандық пен жақсылық, жеті пәле Иран елінің ұғымдарынан да көрініс тапқан. Ол замандарда политеистік наным бүкіл Азияға ортақ болған. Мысалы, «Қорқыт ата кітабы» сюжетіндегі Төбекөз дәу «Одиссеядағы» Полифемге ұқсас. Скиф-сақ дәуірінен қалған Желаяк (Ветрогон). Көлтаусар (Опивало яки Обьедало), Таусоғар (Горокат) шығыс-батысқа бірдей ортақ. Жабайылық, аңшылық, бақташылық өмір сатыларын, космология, тотемизм, зороастризм, дуализм, монотеизм нанымдарын басынан өткермеген елдер кемде-кем [2, 24 б.] .

Ертегінің тағы бір түрі- тұрмыс-салт және хайуанаттар туралы ертегілер. Тұрмыс-салт ертегілерінде бақташылық тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. Бұл М.Әуезовтің зерттеуі бойынша көрсетілген. Ал С.Қасқабасовтың айтуынша ертегілердің ішінде хайуанат ертегілерінің алатын орны зор. Жануарлар туралы мифтер мен әнгімелердің жануарлар туралы ертегіден айырмашылығы тура мағына мен ауыспалы мағынаның, шын образ бен оның тұспалы арасында болады. Ертегіде адамдар мен олардың әрекеттерді тұспалдап көрсетеді. Оларда таптық қоғамның көрінісі байқалады. Жануарлар жайындағы ертегілерді 3 топқа бөлуге болады:

1. Мифтік қасиетін жоғалтқан этиологиялық ертегілер.
2. Дүние жүзі халықтарының жануарлар жөніндегі эпосын құрайтын классикалық ертегілер.
3. Мысал ертегілер.

Этиологиялық ертегілерде синкреттік қасиет басым, тұрақты композициялық құрылым жоқ. Олар этиологиялық мазмұны жағынан мифке жақын. Оған айтушы да, тыңдаушы да сенбейді. Бірақ адамгершілік тәрбиесі сақталады. Жануар – кейіпкерді суреттеу, мінез-құлқын бағалау жағынан ертегілік қасиеті байқалады. Жануарға берілетін мінездеме көбіне құбылмалы болып табылады. Сол арқылы әр түрлі адамдық проблемаларды айдаһар, дио тағы басқа суреттеле береді. Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Маса неге ызыңдайтын болып қалған?» деген сияқты үш сұрақ бірдей жауап беріледі.

Балаларға қатысты мысал ертегілер жатады. Ә.Дүйсенбаев «Құйрық», «Алатаудың бауырында», М.Әлімбаев, Х.Ерғалиев «Қоянның ерні неге жырық?», Б.Ысқақов «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тағы сол сияқтылар.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – **шыншыл ертегілер**. Бұл ертегілер өмір шындығына жақын, ішінде реалдық адам бейнелері басым. Олар кейде өмір шындығынан алынып, бас қаһармандары патша, уәзір хан болып келеді. Мысалы: «Хан мен уәзір», «Өнеге», «Ақылды етікші» ертегілерінің бас қаһармандары күндіз тақта отырса, түнде үстіне жаман киім киіп, шаһар аралап жүретін патша мен оның уәзірлері. Мұндай ертегілерде хан әділ болып көрінеді. Бірақ көп жайда патшалар жауыз адам ретінде суреттеледі. Мысалы, «Ақылды етікші» ертегісінде хан ешкім өз пайдасын ойлап еңбек істемесін деп бұйрық береді. Мұны күндіз-түні етік тігіп, бала-шағасын зорға асырап жүрген етікші еңбек адамдарына тиімсіз сол үшін ақылсыз ханның ісі дейді.

Бізге шыншыл-реалистік ертегілердің қазақ өмірінен алынған нұсқалары мәндірек. Мұндай ертегілердің бас қаһармандары ақылды қарт, тапқыр жігіт, қаңбаң шал, тоғыз Тоңқылдақтан зорлық көретін Шіңкілдек, айлалы тазша, қойшы, кедей, жауыз, бай, сұғанақ молда, тойымсыз ұры болып келеді.

Олардың көбісі - халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Көптеген ертегілердің рухында сын-сықақ сарыны бар. Олардағы жамандық пен жақсылықтың аңғарынан біз түрліше реалдық адам мінездерін ғана емес, қоғам өміріндегі теңсіздік суретін, халықтың әділет, жақсы өмірді іздеген арман-мүдделерін де жақсы байқаймыз.

Қазақтың реалистік ертегілерінің ең маркаларының бірі – «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» сюжеті болуға тиіс. Бұрын жұрт өзінің алпысқа келген әкесін өлтіретін болса, бұл ертегілердегі ақылды қарт елдің ең қадірлі адамына айналады. Бұл аталық қоғам салтының нығаюын көрсететін құбылыс.

«Жақсылық пен жамандық», «Үш ауыз сөз» ертегілері мінез, мораль тақырыптарына құрылған. Жамандық жаяу келе жатып, Жақсылықтың атын мініп өзін жаяу қалдырып кетеді. Бірақ табиғатынан ақылды Жақсылық бай қызын иемдеп, мұратына жетсе, ақылсыз Жамандық қасқыр мен арыстанға жем болады [3].

«Үш ауыз сөз» ертегісінде жас жігіт ақылды қарияға бір үйір жылқы беріп «суын ішкен құдыққа түкірме», «оң қолың ұрысса, сол қолың арашашы болсын», «ертеңгі асты тастама» дейтін үш ауыз

өсиет үйренеді. Бала елден кетіп, бір ханға қызметке тұрады. Оған хан әйелі ғашық болып, мазасын алады. Бала әйелдің дегеніне көнбеген соң, әйел баланы ханға жамандайды. Хан баланы ертеңгісін от жағарларға жұмсап: «Кім бұрын келсе, соны пешке тығып жіберіндер» деп әмір береді.

Таңертең қабын арқалап бара жатқан балаға бір кемпір жолығып, ертеңгі асты татып кет дейді. Сол екі арада баланы көргісікеліп пешханаға келген ханымды от жағарлар өртеп жібереді. Сөйтіп бала бір өлімнен аман қалады, мұрат-мақсатына жетеді,

«Екі жетім» ертегісінде өгей шешенің қиянаты, «Ұр тоқпақ» ертегісінде ұрылардың өзі ұратын тоқпақтың астында қалғаны суреттеледі. «Ұрлық түбі - қорлық» деген ғибрат осыдан келіп шығады.

Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі - Аязби». Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамның жаманына Аязби ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсұлуға үйленіп хан болады. Ол кісі болғанда да асып-таспайды, «аяз әлінді біл» деп өзіне-өзі ақыл салып отырады. Сондай ақылды да әділ адамға ханың қырық уәзірі қарсы болады. Аязби ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулығы мен ақылсыздығын әжуа еткен.

Қазақтың реалистік ертегілерінде қоғамның төменгі тобынан шыққан «кішкене қаһармандар» (М. Горький) тіпті көп. Олар бірде қаңбақ шал, бойы бір қарыс, Шіңкілдек түрінде кездесе, бірде хан мен байларды алдап түсіретін тазшалар түрінде әңгімеленеді. Қаттырақ соққан жел ұшырып әкететін қаңбақ шал балық аулайды, еңбек сүйгіш. Бірақ күніне екі балық ауласа, соның бірін түлкі тартып жейді. Ақыры ол өзінің ақыл-айласымен үш дәуді жеңіп шығады, түлкіден де солардың қолымен кек алады. Зорлаушылардан жапа көрушіні айыруда «Тоғыз Тоңқылдақ -бір Шіңкілдек» ертегісінің айтары көп. Сырт қарағанда зорлық бәйбішенің тоғыз ұлы мен тоқалдан туған Шіңкілдек арасында болатын сияқты. Түптеп келгенде бұл күштілердің әлсіздерге істеген қиянаты болмақ. Әлсіздерге болысу - қазақ ертегілеріне тән халықтық белгілердің бірі.

Қазақ ертегілерінен көрінетін әлсіз образдардың бірі - тазша. «Тазша бала» ертегісінде бала сараң байдың майын алып, патшаның қазынасына түседі. Бірақ өзін таптырмайды. Сол патшаны мазақ еткен екінші патшаны тұтқындайды. Сөйтіп ол ханның өз істегенін өзіне істейді.

Шындығында, ертегі айту еріккеннің ермегі емес, жастарды сөз өнерінің қыры мен сырына жаттықтырып тәрбиелеу мектебі болып саналған. Мәселен, ертеде қазақ ауылына келген әр қонақтан «қонақ кәде» талап етіп, қонақтың өзі білетін ертегі, аңыз әңгімелерді қисынына келтіріп айтып беруін қалауы, ал оны ауылдың үлкен-кішілерінің кірпік қақпай тындап ләззат алуы, жастарды ауызекі сөз өнеріне тәрбиелеудің бірден-бір мектебі болған. Неше түрлі ғажайып уақиғаларға құрылған ертегілердің жігін келтіріп, тартымды етіп айтып беру, әр эпизодтың арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, кейіпкерлеріне мінездеме беру, оларды тындаушының көз алдына елестетерліктей етіп бейнелеп бере білу, әр кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарай сөз сараптау, тілдік сипаттау таба білу, ертегі айтушыдан мол өнерді, тіпті айтқыштық шешендікті, әрі дикторлық, әрі ораторлық шеберлікті талап етеді. Демек, ертектің тартымды, қызықты, тындаушыға әсерлі болуы оны айтушыға байланысты. Жастарды ертеке айта білуге үйрету де халықтың сөз өнеріне тәрбиелеудегі өнеге мектебінің рөлін атқарып келген [4, б 104].

Хайуанаттар туралы классикалық ертегілер саны жағынан ел арасында көп тараған. Ол қоғамдық-саяси ұғымдармен, діни нанымдармен тектік байланысын үзген. Сондықтан құбылушылық нәрселер тек кейіпкердің өз басының қасиеттері деп саналады. Онда өте қызықты қорқынышты жағдайлар, адамның тағдыры, жанұясы және тағы басқа керемет оқиғалар баяндалады. Олардың тақырыбы әр алуан. Оны халықтық фольклорлық роман деп атаса болады. Негізгі мақсаты-ғибадат алу, тәрбие беру. Мұнда ақылмен жету мақсаты қойылған. Кейде кітаби стиль көрініс табады. Оған Ы.Алтынсариннің, Қ.Мырзалиевтің шығармалары тән [5, 124 б.] .

«Қазақ ертегілерінің» бірінші томына бұл тақырыптағы сюжеттен он үш, екінші томына жиырма бес ертегі енген-ді. Бүгінде бұл ертегілер барынша толық күйінде жарық көріп отыр. Олардың өзін мал шаруашылығына («Бозінген») және хайуанаттарға байланысты туған («Сыртандар», «Арыстан мен түлкі») ертегілер деп екі салаға бөлеміз. Соңғысында араб, үнді жұртының «Мың бір түн», «Қалила мен Димна», «Тотынама» сияқты сюжеттерінен алынған ертегілер де бар.

Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің бірі -«Бозінген» сюжеті. Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумасы деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы алтын, құйрығы күміс бота туғанда, кемпір мен шал інгенді бір керуеншілерге сатып жіберіп, ботасын алып қалады. Қысқа ғана ертегінің көп жері ботасын жоқтап жылаған Бозінгеннің зарлы сөздеріне құрылған. Бағланбайдың екі баласы Бозінгеннің даусын танып, оны ботасына қосады.

Малды, әсіресе түйе түлігін қасиет тұтқан қазақ халқы бұл тұста ботасын сүйген Бозінгенді үлкен образға айналдырған. Бозінгеннің зары - монолог түрінде берілген. Онысы - жоқтау:

Жаралғаннан жасымнан,  
Үстіме кілем жамылдым.  
Күліп, жанып сабылды.  
Көрер күнім бар ма екен.  
Тартып беру бала үшін,  
Мен ботамды сағындым.

Бұдан әрі өзі жат қолына түскен Бозінген ұшқан құстардан, түнде жортқан жапалақтан ботасының дерегін сұрайды. Иесі түйені құтқарып, ботасын алып келе жатқанда да Бозінген оны көругеасығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүюі адамға ұқсас болып шығады [6].

Мал күту мен еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты жас балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық, тартымды. Кім күшті? ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөп, тоқты, қасқырдың, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пілтесін жеп қоятын тышқан, тышқаннан ін қазып, алты батпан ауырды арқалап, жеті батпан ауырды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол - еңбек сүйгіш, ұйымшыл. «Тепең көк» ертегісінде сараң байдың кедейленген үш баласына малдан қалған жалғыз көк тай олжа түсіреді.

Ауырып жатқан кемпір-шалға дәрі шөп іздеп шығатын қошқар мен теке - кедейдің сүйенер қолқанаты. Олар жолай түрлі жыртқыш аңдарға жем бола жаздаса да, дәрі шөптерді тауып келіп, өз иелерін ажалдан құтқарады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мал баққан елдің баласы жасынан-ақ сол тірлікті қадірлей бастайды. Қазақ ертегілерінде төрт түлік мал адамның құты, досы, тірегі ретінде суреттеледі.

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Қуасығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүюі адамға ұқсас болып шығады.

Мал күту мен еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты жас балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық, тартымды. Кім күшті? ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөп, тоқты, қасқырдың, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пілтесін жеп қоятын тышқан, тышқаннан ін қазып, алты батпан ауырды арқалап, жеті батпан ауырды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол - еңбек сүйгіш, ұйымшыл. «Тепең көк» ертегісінде сараң байдың кедейленген үш баласына малдан қалған жалғыз көк тай олжа түсіреді.

Ауырып жатқан кемпір-шалға дәрі шөп іздеп шығатын қошқар мен теке - кедейдің сүйенер қолқанаты. Олар жолай түрлі жыртқыш аңдарға жем бола жаздаса да, дәрі шөптерді тауып келіп, өз иелерін ажалдан құтқарады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мал баққан елдің баласы жасынан-ақ сол тірлікті қадірлей бастайды. Қазақ ертегілерінде төрт түлік мал адамның құты, досы, тірегі ретінде суреттеледі [7].

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі

мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Қу түлкіге, ақымақ арыстанға халық ертегілері сықақ, сын қолданған. Кейде бұл ертегілерді қара сөзбен айтылған мысал десе де болғандай. Бұл реттен «Түйе, арыстан, қасқыр мен түлкі» ертегісінің айтары тіпті терең. Түйе еңбекшілер образын берсе, түлкі, қасқыр, арыстан - қанаушылар бейнесін суреттейді [8, 104 б.] .

Хайуанаттар туралы кейбір ертегілерге адам образы қосыла бастайды. «Мақта қыз» бен «Қотыр торғай» оқиғалары еңбек процесімен тікелей байланысып жатады. Қотырын ауыртқан шеңгелді торғай ешкіге шағады, шеңгелді ешкі жейді. Тілін алмаған ешкіні қасқырға шағады, сөйтіп торғай екеш торғай да өзінің кегін жоқтайды. Мұның айтары - нашарға қиянат жасама, өзіңнен зор шықса, көзің шығар деген әділет идеясы болмақ. Тым кішкене қуыршақтың өзі де әділет адамы, батыр, «Бозінген», «Тепең көк» ертегілері тірліктің қамын айтады.

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны да бар. Мысалы, «Түлкі мен маймыл ертегісінде маймылдың ақымақтығы, түлкінің қулығы дәріптеледі. Маймыл - баққұмар, ол патша болсам дейді. Соны түлкі қақпанға түсіріп, «басыңа тепкілесен кетпейтін бақ қонды деп мазақ етеді. Түлкі қай елде болса да ақылды, қу аннан саналған. «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қорқау қасқыр қыс айында түлкіден балық алып жемек болса, ол «балық өзенде көп, суға құйрығыңды салып отырсаң, балыққа молығасың» дейді. Қасқырдың құйрығы мұзға қатып қалып, суатқа келген шаруалардан таяқ жейді, құйрығы мұзда қалады. Қасқыр - қорқаулау, ақылсыздау аң. «Кәрі арыстан» ертегісінде сол тойымсыз қасқырдың өзіне де зауал туады. Арыстан қартайып, жүре алмайтын болған кезде, патшамыздыңкөңілін сұраймыз деп барлық аңдар келеді. Келмегені қасқыр болыпты. Түлкі оны арыстанға шағып, мерт қылады. «Түлкім, түлкім, тілімді жеші» деген арыстанға, ол: «амандық болса, көтеншегінді де жермін», - дейді [9] .

Арыстан образында хан, патшаларының да сыны бар. Осы ретпен хайуанаттар жөніндегі ертегілердің аяғы шыншыл ертегілермен жалғасып келеді [10] .

Халықтың мезгеп отырғаны бір ғана аңдар арасында жайлар емес, әлеумет өміріндегі теңсіздіктер, содан құтылу -күн көріс, өмір сүрудің шарты дейтін меже болмақ.

Ертегінің үшінші бөлімінде алтын жұмсап, еркіндікке шығарған құстардың адамдар армандаған баққа дүниенің бұрыш-бұрышынан жеміс-жидек тұқымын тауыш әкеліп екендігі, сол арқылы ғажайып бақтың байлыққа әкелгендігі айтылады. Бұл бөлімде олар қиялдаған арманға жетеді. Құлазыған тақыр дала ғажайып бау-бақшаға айналады. Ымырт үйіріліп, қараңғы түскенде алмалар самсып, құстар тамылжытып ән шырқайды. Жарлы-жақыбайлар хош иісті көк шалғынды төсеніп, өмірлерінде алғаш рет рахатқа кенеліп, тәтті ұйқыға кенеледі Ғажайып бақтың қызығы сол баққа ақсүйектер мен байлар келсе, жеті құлып салынған темір қақпалы үлкен қабырға пайда болады. Алмаға суық қолын созған ақсүйектер есінен танып, жерге құлайды. Зәре-құты ұшқан бай-мырзалар ол жерге жоламайды. Ал кедейлер келісімен қақпа өздігінен ашылып, олар қанша жеміс жесе де жеміс азаймайды. Ертегінің бұл бөлімін түсіндіргенде, ондағы бейнеленген халықтың бақытты тұрмысты аңсаған арман-тілегі мен ондағы бейнеленген таптық көзқарасты халық ертегілерінің ерекшелігімен бірлестіре отырып түсіндіру қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан мектебі. 2009
2. Нұрмұхамбетова Т.Р Тәжірибелік психология. Алматы., 2004
3. Подьяков Н.К. К вопросу о развитии мышления. 2007
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. –Астана., 2004.
5. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. 2004
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. 2004
7. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. 2008
8. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 2008
9. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. 2007
10. Қазақша рефераттар – [www.temakosap.net](http://www.temakosap.net)

**Каратаева Т.О.,**

Аркалыкский Государственный педагогический институт им. И.Алтынсарина,  
Аркалык (E-mail: b\_tatuana@mail.ru)

**Тертышник О.С.**

КГКП «Костанайский строительный колледж», Костанай, (E-mail: lunna85@mail.ru)

## **ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНО-ТВОРЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ КАК ЗНАЧИМЫЙ КОМПОНЕНТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ**

**Аннотация:** В статье раскрыты особенности интеллектуально-творческого потенциала, как значимого компонента в профессиональной деятельности будущего учителя. Автором проведен анализ проблемы развития интеллектуально-творческого потенциала личности, рассмотренной исследователями в нескольких направлениях. Уточнена сущность понятий «интеллектуальный потенциал», «творческий потенциал». Раскрываются особенности развития интеллектуального и творческого потенциалов студентов, которые является одной из предпосылок решения ключевого противоречия современной системы образования между быстрым темпом приращивания культуры и возможностями овладения культурой индивидом. Рассмотрены образовательные технологии адекватные развитию интеллектуально-творческого потенциала будущего учителя. Обозначены факторы, препятствующие проявлению интеллектуально-творческого потенциала студентов. Приведены результаты диагностического исследования, направленного на выявление интеллектуально-творческого потенциала студентов в вузе. Представлены условия развития интеллектуально-творческого потенциала в профессиональной деятельности у будущих учителей.

**Ключевые слова:** потенциал личности человека, профессиональная деятельность, творческая личность, творческий подход, интеллектуальный потенциал, творческий потенциал, интеллектуально-творческий потенциал.

**Аннотация:** Бұл мақалада зияткерлік-шығармашылық әлеуеттің ерекшелігі, болашақ мұғалімнің кәсіптік шеберлігі туралы жазылған. Автор жеке тұлғаның зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелерін бірнеше бағытта талдады. «Зияткерлік әлеует», «шығармашылық әлеует» түсініктері анықталды. Студенттердің зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің ерекшеліктерін дамыту қарастырылған және қазіргі заманғы білім беру жүйесін қалыптастырудың қағидаларынан туындайтын бірыңғай қарқынмен мәдениет деңгейін көтеру және мәдениетті игеру мүмкіндіктері бар адамдардың арасында айқындалады. Болашақ мұғалімді оқытудың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Студенттерде зияткерлік-шығармашылық әлеуетін тудыратын факторлар назардан тыс қалады. Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің зияткерлік-шығармашылық әлеуетін диагностикалық зерттеулердің нәтижесі көрсетілген. Болашақ мұғалімдердің кәсіптік зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға іс-шаралар ұсынылған.

**Түйін сөздер:** Жеке тұлғаның әлеуеті, кәсіптік іс-шаралар, шығармашылық тұлға, шығармашылық жанасу, зияткерлік әлеует, зияткерлік-шығармашылық әлеует.

**Abstract:** In the article features of intellectual and creative potential as significant component in professional activity of future teacher are revealed. The author carried out the analysis of the problem of development of intellectual and creative potential of the personality considered by researchers in several directions. The entity of the concepts "intellectual potential", "creative potential" is specified. Features of development of intellectual and creative potentials of students which is one of premises of the solution of a key contradiction of the modern education system between the fast rate of an increment of culture and opportunities of mastering culture the individual are revealed. Educational technologies adequate to development of intellectual and creative potential of future teacher are considered. The factors hindering manifestation of intellectual and creative potential of students are designated. Results of the diagnostic testing directed to detection of intellectual and creative potential of students in higher education institution are given. Conditions of development of intellectual and creative potential in professional activity at future teachers are provided.

**Keywords:** potential of the identity of the person, professional activity, creative person, creative approach, intellectual potential, creative potential, intellectual and creative potential.

Подготовка педагога нового типа приобретает особенную актуальность в условиях модернизации системы образования в Казахстане. Поскольку растет значимость интеллектуально-творческого труда, взаимодействия науки, техники и общества, гуманистической и творческой направленности науки и научно-технического прогресса. Растет спрос общества на подготовку специалистов, которые могут быть востребованы в новых социально-экономических условиях: способных быстро адаптироваться к условиям жизни и ориентироваться в быстротекущем информационном поле, к самостоятельному, творческому решению проблем и профессиональному саморазвитию. Эти показатели характеризуют человека с высоким уровнем развития интеллектуально-творческого потенциала. Значит, есть необходимость в подготовке учителей, способных к интеллектуально-творческому

труду, профессиональному саморазвитию и актуализации собственных потенциальных возможностей. Высокий уровень развития интеллектуально-творческого потенциала будущего учителя предоставит возможность будущему учителю создать условия для интеллектуально-творческого развития личности учащихся.

Потенциал личности человека – это совокупность внутренних сил и возможностей, которые актуализируются в результате саморазвития и при создании благоприятных внешних условий[1]. Интеллектуальный и творческий потенциалы личности имманентны совокупному внутриличностному потенциалу. Интеллектуально-творческий потенциал обеспечивает адекватную жизнедеятельность индивида в конкретном социальном и физическом окружении, приспособливает ее наилучшим образом к условиям окружающего мира, прежде всего, мира социального. Проблемы развития интеллектуального и творческого потенциалов личности рассматриваются исследователями в нескольких направлениях: психогенетические исследования (Д. Гудинаф и др.); психометрические исследования (А. Бине, Д. Векслер и др.); педагогические и психолого-педагогические исследования проблемы формирования интеллекта (М.К. Акимова, Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В. Давыдов, Дж. Дьюи, В.А. Крутецкий, В.А. Сластенин, С.Д. Смирнов, М.А. Холодная, И.И. Цыркун и др.); исследования по психологии труда, психологии развития, акмеологии (Б.Г. Ананьев, В.Д. Шадриков и др.). Творческий потенциал рассматривается как способность человека творить мир и себя, как способность к активной самореализации. Творческий потенциал фиксирует те источники саморазвития индивидуума, которые способствуют его актуализации. В психологической литературе творческий потенциал рассматривается как проявление внутренней жизни человека в процессе его взаимодействия с людьми (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский и др.), способность человека изменять и преобразовывать окружающий мир (Б.М. Теплов и др.), сложная динамическая система взаимодействия человека с обществом (В.Н. Дружинин), активность человека (Д.Б. Богоявленская), особый вид мыслительной и практической деятельности (К.К. Платонов), способность человека творить добро и оказывать поддержку другому человеку (Л.В. Мардахаев), совокупность жизненного (практического, прежде всего) опыта, возможностей и способностей, которые даны людям от природы или развиты в последующей деятельности и могут быть использованы для решения какой-либо задачи, достижения определенной цели (В.П. Пархоменко) и др. Проблеме формирования творческого потенциала личности посвящены работы исследования И. Ф. Исаева, А. С. Косогаевой, Н. В. Кухарева, Л. Н. Москвичевой, В. Н. Наумчика, J. Khatena и др. Несмотря на выполненные исследования, остаются не изученными важные аспекты проблемы развития интеллектуального и творческого потенциалов личности будущего педагога: не определены методические и дидактические основы развития интеллектуального и творческого потенциалов, отсутствует адекватное научно-методическое обеспечение.

Развитие интеллектуального и творческого потенциала студентов является одной из предпосылок решения ключевого противоречия современной системы образования между быстрым темпом приращения культуры и возможностями овладения культурой индивидом. Реальное интеллектуальное и творческое развитие будущего педагога имеет место только тогда, когда он сам осознанно осуществляет прогрессивные изменения в собственной интеллектуальной и творческой сфере. Осознание локализует метод «проб, ошибок и случайного успеха», отдавая предпочтение критериям инновационно-педагогической культуры. Инновационно-педагогическая культура рассматривается в единстве аксиологических, гносеологических, преобразовательных и коммуникативных форм активности субъекта[2].

Образовательные технологии, адекватные развитию интеллектуально-творческого потенциала будущего педагога, может быть представлен на 2-х уровнях: целостного педагогического процесса и уровне элементов педагогического процесса. Из технологий, ориентированных на развитие интеллектуально-творческого потенциала личности студента, наиболее часто используются проблемно-деятельностное обучение, модульное обучение, контекстное обучение и игровое обучение. Каждая их технологий, отражая динамику имманентных состояний педагогического процесса и действий его участников, генерирует собственный кластер методов и форм обучения. В контексте инновационного процесса производными от доминирующей модели развития интеллектуального и творческого потенциалов явились следующие основные кластеры методов, отражающие логику инновационной деятельности: общие теоретические методы (системный подход, моделирование, системный анализ); эмпирические методы (изучение литературы, наблюдение, опрос и оценивание, составление задач, конструирование, разработка); комплексные методы (педагогический эксперимент, изучение и обобщение педагогического опыта, аналогии, модифицирование, копирование); методы оценки и интерпретации (тесты и тестирование, анализ, статистическая обработка результатов) и креативные методы (мозговая атака, синектика, создание сценариев, ТРИЗ, КАРУС, инновационная игра) [3]. Совокуп-



ность сопутствующих методов развития интеллектуально-творческого потенциала, производных от других моделей-предписаний, включает методы: коррекции личностных свойств; инновационного прецедента; инновационных прожектов и проектов; инновационных инцидентов; дискуссии; инновационного консультирования; инновационной экспертизы; методических проб и устранения ошибок; психофизиологической поддержки; конструирование понятий, правил и теорий; открытые задания; «портфель студента»; метод проектов; обучение в сотрудничестве; имитационные упражнения; анализ конкретных ситуаций; саморазвития «точек» духовно-личностного измерения; герменевтического круга и спирали; понимания; абдукции; фальсификации; аксиоматизации; эйдетической редукции; фокальных объектов («метод каталога», «метод случайных объектов»); конференция идей («творческое совещание»); гирлянд ассоциаций и метафор; маленьких человечков; контрольных вопросов; морфологический анализ Ф. Цвикки [4]. Таким образом, доминирование инновационной направленности в развитии различных сфер жизнедеятельности человека обуславливает определение нового видения функций интеллектики, в частности, рассмотрение его в контексте инновационного процесса. Инновации являются одним из важнейших факторов развития современного общества, в том числе и сферы образования. Специфика педагогических инноваций определяется совокупностью следующих факторов: образование является социальной конструируемой системой; в педагогических инновациях доминирует гуманитарная составляющая; оценочные критерии образования определяются заданным контекстом; педагогическая инновация имеет границы, обусловленные заботой о сохранении здоровья субъектов образования с учетом отдаленных последствий. Содержанием управляемого инновационного процесса являются сферы педагогического поиска, создания педагогического новшества, его реализации, а также рефлексии и оценки педагогического нововведения. Исходя из вышеизложенного, целесообразно инновационно-педагогическую культуру педагога рассматривать как системо-образующую основу методологических и дидактических основ развития интеллектуального и творческого потенциалов личности будущего педагога.

Для выявления реального состояния осведомленности о интеллектуально-творческом потенциале студентов, среди педагогических специальностей было проведено диагностическое исследование на базе Аркалыкского государственного педагогического института им. И.Алтынсарина, среди студентов 2-4-х курсов, обучающихся по специальностям 5В010200 «Педагогика и методика начального обучения», 5В010300 «Педагогика и психология», была проведена анкета «Ваш интеллектуально-творческий потенциал». Результаты показали, что у 26 % студентов заложен значительный интеллектуально-творческий потенциал. Средним уровнем обладают 58 % студентов. У 16 % студентов низкий уровень интеллектуально-творческого потенциала.

Таким образом, у большинства опрошенных интеллектуально-творческий потенциал находится на среднем уровне. Это означает, что более чем половина студентов с трудом способны адаптироваться к условиям жизни и ориентироваться в быстротекущем информационном поле, к самостоятельному, творческому решению проблем и профессиональному саморазвитию. У таких студентов существуют сложности с развитием и реализацией интеллектуально-творческого потенциала, что существенно может повлиять на их будущую педагогическую деятельность.

Это может быть обусловлено личностными особенностями студентов, своеобразием среды образовательного учреждения, спецификой организации учебно-воспитательного процесса, особенностями взаимодействия между преподавателями и студентами и т. д.

Анализ психолого-педагогической литературы показал, что для развития интеллектуально-творческого подхода к профессиональной деятельности необходимо уже в вузе у будущих учителей создавать условия для развития гибкого продуктивного мышления, способности к самосовершенствованию, самообразованию, рефлексии собственной деятельности и ее результатов, воображения, импровизации, основанной на знании и интуиции. Это позволит генерировать разнообразные оригинальные идеи, решать нетривиальные, сложные задачи, оперировать противоречивой информацией [5]. Для эффективного осуществления данного процесса необходимо оптимизировать подготовку педагогических кадров, совершенствовать содержание, методы и формы образовательной деятельности в вузе.

При изучении педагогических дисциплин необходимо знакомить студентов с проектной деятельностью, давать выполнять творческие задания, применять интересные формы воспитательной работы, организовывать игры, инициировать работу с интернет-ресурсами и т. д. Необходимо создавать условия для изучения студентами теоретических основ инновационных технологий обучения и воспитания, для формирования и развития умений выявлять и решать педагогические проблемы, для совершенствования навыков эффективного педагогического общения и успешной совместной деятельности в образовательном процессе.

В целом студенты считают, что активному развитию интеллектуально-творческого потенциала могут способствовать мероприятия, организованные преподавателями для студентов; организованные студентами совместно с преподавателями и организованные студентами самостоятельно.

Таким образом, в образовательной среде вуза должно быть место активному поиску, реализации способностей и интересов студентов, накоплению личного творческого опыта, профессиональному саморазвитию. Всё это будет способствовать развитию интеллектуально-творческому потенциалу студентов, которые они смогут реализовать в дальнейшей педагогической деятельности.

#### **Список литературы**

1. Андреев В. И. Педагогика творческого саморазвития: инновационный курс: в 2 кн. Казань: Изд-во Казанского университета, 1998. Кн. 2. 338 с.
2. Цыркун, И.И., Пунчик, В.И. Интеллектуальное саморазвитие будущего педагога: дидактический аспект: монография / И.И. Цыркун, В.И. Пунчик. – Мн.: БГПУ, 2008. – 254 с.
3. Котлобай, О.И. Моделирование интеллектуального развития младших школьников в контексте инновационного процесса / О.И. Котлобай // Актуальные вопросы современной науки: сборник научных статей. – Минск: БГПУ, 2009. – С. 93-97.
4. Тимашкова Л.Н. Индивидуально-творческое развитие будущих педагогов в процессе коммуникативной подготовки / Л.Н. Тимашкова // Становление и развитие профессионального творчества педагога: материалы республиканской научно-практической конференции. – Минск: БГПУ, 2007. – С. 92-95.
5. Буховцева О. В. Педагогическое сопровождение как фактор социализации студентов I курса в образовательном пространстве вуза // Педагогическое образование и наука. № 3. 2012. С. 97 — 100.

**Мусирова Г.Б.**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық, (E-mail: gmusirova73@mail.ru)

**Балтабай Ж.Б.**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық, (E-mail: jansaya\_93.kz@mail.ru )

## СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ ТАЛДАНУЫ

**Аннотация:** В предлагаемой работе рассматриваются вопросы о движущих силах обучения, закономерностях и содержании общественно-исторического развития познавательных процессов.

В психологической, философской и исторической литературе встречаются рассуждения о развитии сознания и самосознания, о времени появления развитой личности в истории и т.д., в которых можно конкретно проследить процесс более или менее аналогичных социальных и исторических изменений.

**Ключевые слова:** философия, познание, познание как общественно-историческая категория, теория познания, учебно-познавательная деятельность, познавательная деятельность студентов, психология, история педагогики, профессиональной культуры.

**Abstract:** The proposed work deals with the driving forces of learning, the laws and content of the socio-historical development of cognitive processes.

In the psychological, philosophical and historical literature, there are arguments about the development of consciousness and self-consciousness, the time of the emergence of a developed personality in history, etc., in which the process of more or less analogous social and historical changes can be specifically traced.

**Key words:** philosophy, cognition, cognition as a socio-historical category, theory of cognition, educational and cognitive activity, cognitive activity of students, psychology, history of pedagogy, professional culture.

**Аңдатпа:** қарастырылған мәселенің басты ерекшелігі – білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары, философияның негізгі мәселесі тұрғысынан зерттелетін ілім – таным теориясы жайлы баяндалған.

Таным теориясы танымдық іс-әрекет заңдары мен заңдылықтарын зерттейді. Әлемді тану мүмкіндіктері және оның заңдары туралы мәселені философиялық шешу тарихи өзгеріп отырды, онда әрбір тарихи дәуірде жекелеген ғылымдардың дүние туралы жинақтаған білімі көрінеді.

**Кілт сөздер:** философия, таным, таным қоғамдық-тарихи категория, таным теориясы, оқу-танымдық іс-әрекет, студенттердің танымдық іс-әрекеттері, психология тарихы, педагогика тарихы, кәсіби мәдениет.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. А.Н.Леонтьев: «Таным - әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде байланысты деп жорамалдауға болады», - деп түсінік береді [1, 10 б.].

Ал, білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады.

Таным теориясы танымдық іс-әрекет заңдары мен заңдылықтарын зерттейді. Әлемді тану мүмкіндіктері және оның заңдары туралы мәселені философиялық шешу тарихи өзгеріп отырды, онда әрбір тарихи дәуірде жекелеген ғылымдар жинақтаған дүние туралы білім деңгейі көрінеді. Философиялық білім араларында таным процесі мазмұны анықталатын танымның субъект және объектісі қарастырады. Танымның объектісі болып шындықтың өзі немесе оның субъектіден тәуелсіз тіршілік ететін үзіндісі болып табылады. Объект – қандай да бір затқа бағытталған әрекет. Объект – субъект белсенділігі сіңірілетін өріс. Таным субъектісі болып өз тарихи дамуындағы адам және адамзат болып табылады. Субъект өзін объектімен байланыстырып, материалдық, мақсатқа лайықты әрекетті тасушы ретінде көрінеді. Субъект – мақсатты болжап, шындықтың өзгеруін жүзеге асыратын белсенді де дербес тіршілік иесі. Алайда, объективті шындық та субъектінің өзімен белсенді танымдық қатынасқа таным түсетіндіктен, таным объектісі болады [1, 37 б.].

Таным процесі түрлі қиындықтарды жеңумен байланысты, таным барысындағы қиындықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік күшін жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен

міндеттердің болуымен байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-құлқының негізгі нысандарының бірі, жеке адамның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау – жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік күшін айқындайтын кезең болып табылады.

Таным мен оқу процесі арасында болатын маңызды ерекшеліктер:

- Таным – бұл қоғамдық-тарихи категория. Көптеген ғасырлар бойы ғалымдар табиғат, қоғам және адам ақыл-ойының біршама заңдылықтарын ашты. Яғни, ғалымдар жаңалықты тұңғыш күйінде таниды, сондықтан да ондай таным толық болмайды. Ал оқу процесінде студенттер бұрыннан белгілі жаңалық деп қабылдайды, ғылым жинақтаған түсінік, ұғым, деректерді игереді. Олар өздері үшін бұрыннан белгілі шындықты қайтадан ашқан сияқты болып, шәкірттердің дара мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орайластырылған, дидактикалық бейімге келтірілген әрі қарай қарапайымдастырылған материалдарды меңгерумен айналысады. Сонымен бірге оқу барысындағы таным міндетті түрде, мейлі тікелей не жанама, педагогтің көмегінің болуын керек қылады, ал ғылым тұлғааралық қатынастарды көбіне қажет етпейді.

- Жаңалықтар ашуға арналған таным процесі ұзақты кезеңдік ғылыми ізденістерді қажет етеді. Ал оқу үдерісінде белгіліні қайтадан ашып, игеру жолы қысқа әрі мұғалім шеберлігімен жеңілдетіледі.

- Таным процесі материалдық не рухани нысандарды қабылдауды талап етеді де, ал олардың шынайылығын практика дәлелдеуі тиіс. Оқу барысында мұғалім білім игеру процесі бөліктерін ауыстыруы және оны практикалық ептілік, дағдылармен кезектестіріп немесе біріктіріп жүргізуі мүмкін.

Таным – адамның объективтік шындықты ойында бейнелейтін және қайта жаңғыртатын, қоғамдық іс-әрекет барысы. Танымның негізгі және білімнің ақиқаттығының шарты – танымдық іс-әрекет.

Студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктері болады:

1. Таным процесінің ғылымдағы объектісі – белгісіз құбылыстар. Студенттер ғалымдар зерттеген жүйені өздігінен оқу арқылы танып біледі. Студенттер оқытуда адамзаттың танымдағы өткен жолын өтпейді. Олар ғылымның ашылған жаңалықтарын, ақиқат жетістіктерін игереді. Ол игеретін білімдер кездейсоқтықтардан тазартылған, жүйеленген, сенімді. Педагог студенттерді ғылымдағы таластармен танысытырады. Сол арқылы студенттерді ғылыми ізденістерге ынталандырады.

2. Студенттердің таным процесі үнемдірек. Ғалымдардың, әдіскерлердің, педагогтардың көмегімен, оқытудың тиімді жолдары арқылы білім беру қарастырылады, әрбірпән бойынша маңызды білімдер мазмұны іріктеліп алынады.

3. Оқыту процесінің ерекшелігі студенттердің оқуды әрі қарай жалғастыруға, өз бетінше ізденуіне, еңбек әрекетіне дайындалуына, қажетті іскерлік пен дағдыны игеруіне педагогтың басшылығымен студенттің өз бетінше оқу әрекетінің өзара байланысы негізінде жүзеге асатын педагог үшін де таным процесі болып табылады.

4. ЖОО-дағы таным процесі білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Білімді игеру барысында студенттердің ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың дүниетанымы, ғылыми көзқарастары мен сенімдері, сезімдері қалыптасады.

5. Студенттердің таным процесі олардың жастарына сай ұйымдастырылады.

6. Таным процесі педагогтың басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, студенттер мен педагогтың тығыз өзара ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады.

Оқудағы таным процесінің әрбір буыны өзіне тән сапалы белгісі бар процесер. Сонымен бірге, оның әрқайсысы білімді қабылдауда оны дамытуда маңызды рөл атқарады. Демек, оқыту процесінің сатылары, өзара бір-бірімен байланысты, тұтас, толық таным процесі екені – табиғи заңдылық.

Оқу танымдық іс-әрекет – студенттің білім алуға деген белсенді ақыл-ой әрекеті. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін жетілдіру мәселелеріне педагогтардың, психологтардың көптеген еңбектері арналған. Бұл мәселенің кейбір жақтары сонау көне замандардан бастау алатыны жөнінде айта кеткен абзал. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығын Я.А.Коменский, И. Г.Песталоцци мен А.Дистервергтің, Н.Г.Чернышевскийдің және т.б. еңбектерінде дамытылып, тереңдетіледі. Мәселен, А.Дистерверг оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту баланың ақыл-ой қабілетін дамытудың аса маңызды құралдарының бірі деп есептейді. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығы жөнінде құнды пікірлерді Ф. Бэкон, Ф. Рабле, М. Монтень, Д. Локк, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Гельвеций, Д.Дидро, А.Ловуазье, И.Г.Песталлоций, И. Кант және т.б. еңбектерінде көрсеткен [2, 21 б.].

М.Монтень оқу-танымдық іс-әрекеттің маңыздылығын, оқытушының басшылық рөлі жөнінде былай деген: «Студент педагогтан алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасату қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дамиды».

Я.А.Коменский: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», -деп ерекше атап көрсеткен. Сонымен қатар, танымдық іс-әрекетті дамыту әдістемесін жасап, оны былай көрсеткен: «Таным бастамасы - сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек. Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өз бетінше тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын», -деп ерекше атап көрсетті [3, 11 б.].

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңызын ашуда К.Д.Ушинскийдің еңбектері көп үлес қосты. «Дүниеде барлық болып жатқан құбылыстарды, заттарды салыстыру арқылы ғана білеміз, егер бізге еш нәрсемен салыстыруға болмайтын, еш нәрседен айыруға болмайтын бір жаңа зат кездессе, біз бұл зат туралы бірде – бір пікір, бір ауыз сөз айта алмаған болар едік», - деп танымдық іс-әрекетті дамыту қажеттігін көрсетеді .

Материалдың көлемін, сипатын және оқыту әдістерін анықтауда студенттердің ерекшеліктерін, олардың ой-өрісі мен қабілеттерін қатаң еске алуды, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуін әрдайым сақтап отыруды, мазмұндауларда да анықтамаларда да, қорытындылар мен тұжырымдардың анық та дәл айтылуын талап етті. Сондай-ақ шәкірттердің ойлау қабілетін дамытудың және өздігінше білім алу дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде студенттердің өздігінен істейтін жұмысына зор маңыз берді.

К.Д.Ушинский еңбектерінде ақыл-ой әрекеті оқушылардың оқуға икемділігі, оқуға деген ұмтылысы мен қажетсінуі түрінде көрініс береді. Ол ақыл-ойды қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі туралы қарастыра отырып, өз еңбектерінде оқушының оқу процесінде ақыл-ойын дамыту мен тәрбиелеудегі жағдайларға ерекше мән берді. Ақыл-ойды дамыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі дидактикалық шарт – мұғалім мен оқушының оқу процесіндегі еңбегін дұрыс бөлу деп түсіндіреді [4, 13 б.].

К.Д.Ушинский пікірін П.Ф.Каптерев одан әрі дамытып, педагогикалық процесс оқушы мен мұғалімнің бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл – мұғалімнің бағыттаушы, ал екінші жағынан-оқушының өзіндік ішкі әрекеті. Ол оқушының білім игерудегі белсенділігі мен қызығушылығына, талпынысына ерекше мән берді. Каптерев оқушының білімді игерудегі ішкі мүмкіндіктерін зерттеуді бірінші орынға қойды .

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуда мұндай ішкі мүмкіндіктерді зерттеудің маңызы зор.

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуды оқу процесіндегі маңызды педагогикалық шарттары ретінде қарастырады. Сонымен қатар, оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту ұғымының мазмұндарына авторлар әр түрлі түсініктеме берген.

Б.П.Есипов студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңызын аша отырып, дамытуға мынадай анықтама берген: «Дамыту- шәкірт ақыл-ойының, ізденімпаздығының белгілі бір дәрежесін көрсетеді», - дейді . Ал И.Я.Лернер: «Белсенді болмай, ізденімпаз бола алмайсың»-дейді, сөйтіп, оқу-танымдық іс-әрекеттегі белсенділікті ізденімпаздық шартына жатқызады. Ал кейбір авторлар оқу-танымдық белсенділікті іс-әрекет ретінде қарастырса, екіншілері жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде санайды, бірақ «жеке тұлғаның ерекше қасиеті» ұғымының мазмұнын ашып көрсетпейді .

Өзінің еңбегінде бұл көзқарастарға талдау жасай отыра, Т. И. Шамова екі ұғымды бір-бірінен бөліп-жарып қарауға болмайтындығын атап көрсетеді. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуға төмендегідей түсінік беріп: «Біз оқу-танымдық іс-әрекетті дамыту шәкірттің ақыл-ой және дене қуатын жай ғана жұмылдыруына жатқызбаймыз, қайта оны жеке тұлға әрекетінің сапасы ретінде қарастырамыз, бұл сапа шәкірттің әрекет мазмұны мен процесіне көзқарасында, оның білімді және іс-әрекет тәсілдерін оңтайлы қысқа мерзімде тиімді игеруге ұмтылуында, мінез-құлық, ерік-жігерін оқу- танымдық мақсаттарға жұмылдыруында көрініс табады», - деп атап көрсетеді.

Н.А.Половникова: «Оқу-танымдық іс-әрекеттің мәні – мектеп оқушысының білімді игеруде өз күшімен талаптануы», -дейді .

М.И.Махмутов: «Оқу-танымдық іс-әрекет-шәкірттің ақыл-ой дамуы және оның өз бетінше ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті», - деп қарастырған [5, 9 б.].

Танымдық шығармашылықтың элементі ретінде теориялық ойлау - деген студенттің алған білімдерді, болмыстың құбылыстарын шығармашылық түрде түсініп-ұғыну, шығармашылық қабілетін жетілдіру, ерік-жігерді, сенімді іске асыруға бағыттаудың қабілеттілігі.

Оқу-танымдық іс-әрекетті дамыту – студенттердің ғылыми білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудегі, шығармашылық қабілеттілігінің дүниетанымы мен адамгершілік-эстетикалық көзқарастарының дамуындағы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен

ынталандырудың мақсатты педагогикалық процесі. Оқыту, адамның іс-әрекетін белгілі бір білімдерді, білік пен дағдыларды меңгерудің саналы мақсаты билеген кезде қызмет-әрекет ретінде жүзеге асады. Түсініктерді, ұғымдарды, заңдарды студенттердіңбасына жаттанды түрде сіңіруге болмайды. Оларды студенттіңөзі, мұғалімнің басшылығымен, көмегімен қалыптастыру қажет. Түсініктердің пайда болуы, заңдарды жете түсіну – студенттің ойлау мен іс-әрекетінің белсенді процесі деп тұжырымдаймыз.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. - Алматы: «Білім», 1994.
2. Әбілқасымова А.Е. Формирование познавательной самостоятельности студентов-математиков в системе методической подготовки в университете: автореф. дисс. ...п.ғ.к.: 13.02.2002. -Алматы, 2002. - 166б.
3. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. -М.: Педагогика, 1984. - 79 б.
4. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Дис. ... п.ғ.к.: 13.02. 2002. – Алматы, 2002. – 166 б.
5. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы. Дис. ... п.ғ.к. : 15.01.01. - Алматы, 2001. – 140 б.

**Таукелова А.Е.**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Арқалық,  
(E-mail: anar.tauekelova@mail.ru)

**Уәли Ә.І.**

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай,  
(E-mail: aiken.1011@mail.ru)

## **ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Аннотация:** Қазіргі студенттер қауымының алдында тұрған үлкен мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашыл іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген болуы қажет. Соған орай, оқыту үдерісінде білім берудің негізгі мақсаты - еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өміріне белсене қатынасуға дайын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Қоғамның өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Білім мазмұнының ұлттық негізде берілуі мен оқытудың жаңа міндеттері және озат тәжірибелердің жинақталуынан білім беру креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Мұндағы ең басты талаптардың бірі: білім беруді дамытудың жаңа бағдары - инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуы. Қазіргі кездегі оқу үдерісінің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары –өміріне жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық іліммен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

**Кілт сөздер:** қарым- қатынас, әлеует, үдеріс, шығармашылық, оқыту, дамыту, студент, қалыптасу, мүмкіндік

**Аннотация:** Перед современным студенческим сообществом стоит большая цель - быть активным во всех сферах жизни, быть способным, свободным и полноценно развитым в творческой деятельности. В этой связи, главная цель образования заключается в формировании творческой личности готовой к активному участию в социальной, экономической, политической жизни страны.

Процветание общества и развитие науки влияет на постановку задач совершенствования структуры и содержания образования. Передача образования на национальной основе и новые задачи обучения, а также накопление передового опыта обуславливает образование внедряется в креативно-педагогическую цивилизацию. Одно из основных требований: новое направление образования – высокий уровень профессиональной компетентности как конкурентноспособной личности будущего специалиста в инновационной новейшей стратегии. Понимание новой цели учебного процесса на сегодняшний день заключается в развитии главных стратегических направлений – формирование нового поколения специалистов ответственно относящихся к жизни, с развитой культурой мировоззрения, овладевший навыками творческого мышления, с высоким уровнем деловых способностей, преобладающим гуманистическим мышлением, вооруженный инновационной наукой с богатыми гуманистическими качествами.

**Ключевые слова:** взаимоотношение, потенциал, процесс, творчество, обучение, развитие, студент, формирование, возможность

**Abstract:** The modern student community has a big goal - to be active in all spheres of life, to be free, free and fully developed in creative activity. In this regard, the main goal of education is to form a creative personality ready for active participation in the social, economic, political life of the country.

Prosperity of the society and the development of science affect the setting of tasks to improve the structure and content of education. The transfer of education on a national basis and the new tasks of instruction, as well as the accumulation of advanced experience, causes education to become involved in a creative-pedagogical civilization. One of the main requirements: a new direction of education - a high level of professional competence as a competitive personality of a future specialist in an innovative new strategy. The understanding of the new goal of the educational process today is the development of the main strategic directions - the formation of a new generation of professionals who are responsible for life, with a developed culture of worldview, mastered the skills of creative thinking, with a high level of business ability, the prevailing humanistic thinking, armed with innovative science with rich humanistic qualities.

**Keywords:** interrelation, potential, process, creativity, learning, development, student, formation, opportunity

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен шығармашылық жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еліміздің жоғарғы оқу орындарының көшкен кредиттік оқыту жүйесі білім алушылардың өз бетінше ізденістер жасап, оқу үрдісінің субъектісі болуын талап етеді, танымдық белсенділігі жоғары,

ғылыми білімдер қалыптастырудың тетіктерін меңгерген студент- қазіргі білім жүйесінің сапасын арттырады» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін алға шығарады [1].

Еліміздегі қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі және дамудың жаңа жолына түскен кезеңде студенттердің шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың маңызы арта түсуде. Себебі осы талап тұрғысынан алғанда оқу үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі студенттер қауымының алдында тұрған үлкен мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашыл іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген болуы қажет. Соған орай, оқыту үдерісінде білім берудің негізгі мақсаты- еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өміріне белсене қатынасуға дайын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты - бәсекелестік қабілетке ие шығармашыл тұлғаны дамыту. Бұл дегеніміз қазіргі заманғы ЖОО болашақ маман ретінде тек қана белгілі бір білім, дағдыларды меңгеріп қана қоймай, меңгергендерін бүкіл өмір ағымында қолдануы қажет.

Педагогикалық білімнің бет алыстары ғасырдағы өркениет пен азаматтық қоғам алдындағы тұрған міндеттермен тікелей байланысты. Олар: тұлғаның өмірдің барлық кезеңдерінде тұрақты дамыту мен оның өзін-өзі жетілдіру, кәсібилікке ерте бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту т.б. Қазіргі кездегі оқу үдерісінің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары –өміріне жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, инновациялық іліммен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Білім беру тұлғаның мінез – құлқы мен қабілетін жетілдіру қорытындысы мен үдерісі деп түсіндіріледі.

Студент үшін басты міндет – білім алу болып табылады. Бірақ та жаңа уақыт қазіргі заманғы студенттерге білімге жаңа көзқарасты қарауға ұсыныс береді. Күнделікті өмірге адамның әр алуан аймағында жаңа технологиялар енгізіліп, меңгерілуде.

Әлеует — қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар.

Шығармашылық – индивидтің соңғы құндылықтар жасаудағы, стандартты емес шешімдер қабылдаудағы терең қасиеттерін көрсететін қабілеті.

XX ғасырдың 50 жылдарында шығармашылықты англо – американдық психологияда кең түрде зерттей бастады.

Шығармашылық әлеует студенттердің жаңа ұғымдарды жүйелеуші, әрі жаңа дағдыларды іске асырушы, құрамын бейнелеуші қабілет ретінде интеллекті деп бөліп қарастырды.

Шығармашылық әлеуетті зерттеу екі бағытта іске асады. Ол шығармашылықтың интеллектіден тәуелдігін және онымен байланысты танымдық процестерді өлшеуге бағдарланатындығына арналған. Екінші бағыт бойынша тұлға өз психологиялық ерекшелігімен бірігіп, шығармашылықтың маңызды аспектісіне жататындығын көрсетеді.

Дж.Гильфорд және оның әріптестері 1954 жылдан бастап шығармашылықты сипаттайтын он алты гипотетикалық интеллектуалды қабілетті бөлген. Олардың ішінде: уақыт бірлігінде туындаған идеялар саны ойлау икемділігі (бір идеядан екіншісіне көше алу), біртумалық (жалпы көзқарастан айырмашылықтағы идеяларды құра білу), қызығушылық (қарсы әлемдегі проблемаларға сезімталдық), болжам құра білушілік, ирреванттылық (реакцияның стимулдан логикалық тәуелсіздігі); фантастикалық (стимул мен реакция арасында логикалық байланыстағы жауаптың шынайылақтан толық үзілгендігі). Дж. Гильфорд бұл факторларды ойлау дивергенттілігі атты түсінікпен ортақтады [2, 83].

Арнайы интеллект және шығармашылықты зерттеу тестілері арқылы алынған мәлімет бойынша ғалымдар қарама – қайшы қорытындыға келген. Қорытындыға сүйене отырып интеллект пен шығармашылық өзара байланысын анықтау мүмкін болмады.

Кейбір ғалымдар шығармашылықты дәстүрлі интеллект тестімен өлшенетін интеллекттің бір ерекше көрсеткіші ретінде түсіндіреді.

Шығармашылық қоршаған ортадан тәуелділігі шығармашылықты жүйелеп, дамытуға ықпал етеді.



Зерттеулер көрсеткендей қоршаған орта ақпарат қалпы мен еркін атмосфера және жоғары еркіндікпен ерекшелену қажет.

Шығармашылық жеке фактор ретінде жуық арада жалпы қабілеттер тобынан бөлініп қаратырыла бастады және оның жеке дара бөлінуіне кейбір қызықты факторлар себеп болды. Себебі, интеллект тесті бойынша жоғары балл алған адамдар проблемалы жағдайларды жиі сәтті шеше білмеген. Орташа интеллектуалды коэффициентті (ОК) көрсеткішті көрсеткен зерттелінуші, бойынша интеллектісі жоғары көрсеткіш көрсеткен зерттелінушіге қарағанда тапсырманы жылдамырақ шешкен. «Ақылды» жоспар мен болашақ әрекеттерін ойластырғанда, «инициативті болса, әр түрлі болжамдаулар мен қарапайым шешу арқылы сәттілікке жетуі мүмкін. Сәйкесінше интеллектінің жалғыз ғана факторы проблемалық тапсырмаларды шешу үшін жеткіліксіз. Зерттеушілер «шешімі жоқ» жағдайдан қандай әйгілі қабілеттің интеллектіге енетіні жайлы сұрақ төңірегінде зерттеулерін жүргізген.

Шығармашылықты бірінші болып Поль Торренс зерттеген. Ол шығармашылықтың жаңа, әрі стандартты емес идеяларды құра алу қабілетін ашқанша елуге жуық әртүрлі анықтамаларын тексеріп көрген. П. Торренс креативтілікті үш негізгі көрсеткіш бойынша өлшеуді ұсынған. Бірінші көрсеткіш – идеялар саны, ол адамда уақыт бірлігінде туындайды. Идеялардың көп бөлігі немесе қосымша болуы мүмкін, әлде болмаса шешімін табуда қолайсыз болуы мүмкін. Бұл үшін екі зерттеу үлгісі – икемділік пен біртумалық қолданылады.

Икемділік қайталанбас идеялар санымен айқындалса, біртумалық – олардың сиректігі бойынша анықталады.

Шығармашылық әлнуетті дамытып, оның қабілетін жоғарылатуға бола ма? Бұл сұрақтың әлі де шешілмеуіне қарамастан зерттеушілер шығармашылықты дамытуға болады дейді..

Қоғамның өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Білім мазмұнының ұлттық негізде берілуі мен оқытудың жаңа міндеттері және озат тәжірибелердің жинақталуынан білім беру креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Мұндағы ең басты талаптардың бірі: білім беруді дамытудың жаңа бағдары - инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуы.

Сондықтан да қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағытталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі - субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандардың креативтілігін дамыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Шығармашылықтың дамуына көп ықпалды студенттің жеке бастық ерекшелігі, оның эмоционалды және мотивациялық факторлары ықпалын тигізеді [3].

Шығармашылықты адамдарды шығармашыл еместерден келесі тұлғалық сапалар бойынша айырады: агрессивтілік, өз - өзіне аса сенгіш, өзіне зор көңілде болу, интеллектуалды шектеулерді менсінбеу, басқалардың ойын ескермеу. Қазіргі уақытта әзірше креативтіліктің мотивациялық қатынасына бірлік көзқарасы жоқ. Солардың біріндегі көзқарас бойынша «креативті индивид» өзін жақсы жағынан реализациялауға тырысады, іс - әрекеттің жаңа тәсілін орындауда максималды түрде өз мүмкіндіктеріне сәйкестенуге тырысады.

Екінші бір көзқарас бойынша шығармашылық әлеуеттің түрткісі тәуекелге бел буушылыққа, өз мүмкіндіктерінің шегін тексеруге байланысты.

Д.Б. Богоявленскаяның зерттеулері қазіргі уақыттағы шығармашылықты зерттеудің аса перспективті бағытына енеді, ол өз экспериментінде шығармашылықтың бірлігін бөлген. Бұл бірлік ретінде шығармашыл тұлға ретіндегі танымдық және мотивациялық сипатын айқындайтын интеллектуалды белсенділік белгілеген.

Д.Б.Богоявленская интеллектуалды белсенділіктің үш деңгейін қарастырады.

1. Репродуктивті - пассивті деңгей. Интеллектуалды белсенді адамдардың іс - әрекетті, әрқашан да қандай да бір сыртқы стимулмен анықталады.

2. Шығармашылық деңгей. Бұл деңгей зерттелінушісі интеллектуалды инициативаның осы немесе басқа деңгейін сипаттайды. Әр жаңа заңдылық «эвристпен» шығармашылық ізденіс, ашу ретінде бастан өткеріледі. Мұндай адамдарға танымның басты құрамына салыстырмалы талдау жатыр.

3. Шығармашылық әлеуетті деңгей. Шығармашылық әлеуетті деңгейге ие адамдарда ойлау процесінің ақырғы пунктіне тірелмей, өзбетінше ары қарай зерттеу мақсатын құрумен байланысты.

Шығармашылық әлеуетті деңгейге тән ойлау іс - әрекетімен байланысты талдаудың терең процесі алға шығады.

Н.М.Гнатко шығармашылық механизмін зерттеу арқылы, оны потенциалды және актуалды деп екіге бөлген.

Потенциалды шығармашылық – бұл индивидтің потенциалды бейімділік жоспарындағы индивидуумды сипаттайтын іс - әрекетке дейінгі креативтілік. Ол базалық даярлық формасында белгілі бір сыртқы жағдайларда актуалды креативтілікке ие болумен сипатталады.

Актуалды шығармашылық – іс - әрекеттің сол немесе басқа түрінің сипатымен бірге индивидуумның потенциалды шығармашыл әсер ету сипатының туындауы. Яғни бұндай адам шығармашылық белсенділік белгілі бір іс - әрекет түрінде танытады [4].

Қоғам дамуымен, философиялық және психологиялық ғылымдардың дамуымен креативтілікті қалыптастыру мәселесіне көзқарастар дамып өзгеріп отырды. Түрлі психологиялық мектептер креативтілік феноменіне, танымдық қызығушылық, шығармашылық белсенділік, шығармашылық қабілеттерді зерттеуге деген өзіндік тәсілдерін ұсынды.

Ғалымдар, зерттеушілер, психологтер мен педагогтер өздерінің зерттеулеріне креативтілік ұғымына әртүрлі анықтамалар береді. Е.Торренс бойынша шығармашылық - білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік. Е.Торренс үш факторлы шығармашылықтың моделін ұсынады:

- ой ұшқырлығы (продуктивтілігі-өнімділігі);
- икемділік;
- ерекшелік, өзіндік.

Бұл тәсілде шығармашылық өлшемі нәтиже сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіріп, жандандыратын сипаттар мен үрдістер ретінде көрінеді. Д.Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығы" ретінде қарастыра келе, шығармашылықты талдау бірлігі - интеллектуалдық белсенділікті (шығармашыл тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттарын олардың бірлігінде бейнелеп көрсетеді) және интеллектуалдық белсенділіктің үш деңгейін: стимулдық - өнімді, эвристикалық және креативтілік деп ажыратады. Алғашқы деңгейге жеке тұлғаның интеллектуалдық белсенділігі танымдық ынта және жігерлілікпен жұмыс жасау барысында да бастапқы берілген тәсіл шеңберінде қалатын адамдар жатқызылады, олардың іс-әрекеті сыртқы стимулмен анықталады. Эвристикалық деңгейдегі адамдарға өз іс-әрекетінің құрамы мен құрылымын талдау, түрлі міндеттерді өзара салыстыру тән, бұл жаңа шешімдерге, ой-қорытындыларға, жаңалық ашуга жетелейді. Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Біздің ғасырда біздің қоғамымыздың сапасы өзгерісін байқауға болады. Мемлекеттің даму деңгейі оның табиғи ресурстарының байлығымен ғана анықталмайды. Мемлекеттің дамуына зор үлесті елдің интеллектуалды және потенциалды шығармашылығы жатады. Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы білім берудің стратегиялық жүйесі бойынша, елімізде жоғары білікті, білімді конкурентті шығармашыл адамдардың қатарын көбейту алға қойылған.

Психологиялық сөздікте шығармашылық ойлау танымдық іс-әрекетті жүйелеудегі жаңа субъективті продуктін сипаттаушы ойлаудың ең маңызды түрі ретінде анықталады. Кеңес психологиясында шығармашылық ойлау мен шығармашылық тұлға турасындағы зерттеулері жүргізіледі.

Шығармашылық дамуының психологиялық принциптерін арнайы қарастырғандар:

А.З. Запорожец, Д.Б. Эльконин, М.И. Лисина, А.А. Венгер, В.В. Давыдов, Н.Н. Поддъеков және т.б.

А.М. Матюшкин көптеген зерттеулердің жұмысына негізделі отырып, (Н.С. Лейтес, Б.М. Теплов, В.А. Крутецкий, Е.И. Игнатъев, Э.А. Голубаева, В.М. Русалов, А.В. Запорожец, т.б.) шығармашылық дарындылық концепциясын өңдеген. Шығармашылық дарындылық құрылымында бөлген:

- танымдық мотивацияның басымдылық ролін;
- креативті шығармашылық белсенділікті;
- біртумалы, стандарты емес шешімнің мүмкіндігін;
- болжау мүмкіндігін;
- жоғары эстетикалық, адамгершілік, интеллектуалды бағалауды қамтамасыз ететін жаңа эталондарды құру.

А.М.Матюшкин дарындылықтың психологиялық құралы адамның шығармашылығымен шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық элементтермен сәйкес келеді деген. Шығармашылық дарындылық жаңа идеяларды қозғап, құрылғандарды жаңа қолданып, атқара білумен байланысты.

Шетел зерттеулері шығармашылық дарындылықты түсіндіру үшін «креативтілік» түсінігіне негізделеді.

Е.П.Торренс бойынша креативтілік – бұл әлеуметтік емес, продуктивті ойлауға деген қабілет пен жеке бастық сипатпен бағаланатын жалпы интеллект. Е.П.Торренс креативтілік процесті сипаттау арқылы анықтайды, нәтижесінде адам проблемаларға, білімдегі проблемаларға сезімталдық танытады. Ақпараттық жоқтығын немесе олардың элементтерінің дисгормониясы кезінде адамда қисымды сезінушілік күшейеді. Проблемалы шығармашылық жолмен шешуде адам жалпы қабылдаған, қарапайым проблемаларды шешуден қарағанда көптеген болжамдар құрып, өз күдіктерін шешуде жолдарды қарастырады.


Е.Торренс үш сипатты бөлген: «адекваттылық», «кідіріске қарсылық» немесе «ойлаудың абстрактілігі».

Шығармашылық ойлауға қабілет міндетті болады, бірақ адамның шығармашылық жетістігіне жетуде жеткілікті жағдайды тудырмайды.

Көптеген авторлардың зерттеулері бойынша адамның шығармашылық дарындылығын функциялауда тұлғалық фактор маңызды болып табылады (интеллектуалды процестердің эмоционалдығы, қызығушылығының бағыттылығы, бірбеткейлік, мақсатбағдарлық, шешімділік, еңбекқорлық, т.б.).

Зерттеу логикасынан ағымдай келе шығармашылық әлеуеттің міндетті жағдайына мыналар жатады:

- а) шығармашылық тұлға;
- ә) шығармашылық процесс;
- б) шығармашылық орталар (Сурет 1).



Сурет 1. Шығармашылық әлеуеттің туындау жағдайы.

Шығармашылықты интеллектуалды және әлеуметтік деп бөлуге болады. Интеллектуалды шығармашылық талдау мен жинақтаудан тұратын когнитивті аймақты біріктіреді. Талдау мен жинақтауды қабілеттер жат интеллектінің құрушысы болып табылады. Әлеуметтік креативтілік кәсіби креативтілікті, педагогикалық креативтілікті біріктіреді.

Біз шығармашылық әлеуетті– жалпы шығармашылыққа қабілет ретінде түсінеміз. Көптеген зерттеулерде бұл қабілеттің сыртқы және ішкі факторларына байланыстылығы айтылған. Бұл зерттеулер нәтижесі бойынша шығармашылық жүйелілігін, көрінуінде биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың ерекшеліктік рөлін алға қояды [5].

Осыған орай, шығармашылық адамзаттық руханилықтың бір бөлігі мен тұлғаның өзін - өзі дамыту жағдайы баса отыра, тұлғалық шығармашылық өзіндік дамуы ретінде алға шығады.

Шығармашылық әлеует категорияның үш шегі сипатталған:

1) Шығармашылық процесс – шығармашылықтың даму мақсаты мен сәйкес іздестіру – операциялы немесе қарым – қатынасты – шығармашылық іс - әрекет мақсат ретінде.

2) Шығармашылық қорытындыға белсендірілетін, субъективті, әрі объективті жаңа өнімді құрушы, материалды құндылық, рухани аймақтың нәтижесі, бір уақытта шығармашылық потенциал енгізілуі.

3) Шығармашылық әлеует тұлғалық категория ретінде қарастырылады. Ол өзіне потенциалды, рефлексивті және белсендірілген креативтілік енеді, оның даму қарқындылығын тұлғаның өзін - өзі белсендірудің креативті процесі мен қорытындысында айқындалады.

Қортындылай келе көп студенттердің шығармашылық әлеуеті тұтастай алғанда адамзаттық тұлғалығындағы шығармашылық, оның деңгейі, құрылымы мен ерекшелігі студенттердің индивидуалдылықтың басқа аспектілерімен, яғни танымдық процестер спецификациясымен тұлғалық сипатпен байланысады диалектиалық даму ерекшелігін айқындап, өз - өзін дамытуы іске асады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы. – Астана, 2007.

2. Guilford, J.P. (1983). *Transformation abilities of function. Journal of Creative Behavior.* – 83 б.

3. Ананьев Б.Г. *Психологическая структура личности и ее становление в процессе индивидуального развития человека// Психология личности.-Т.2 Хрестоматия. – Самара: Бахрах, 1999.*

4. Омарова Р.С *Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Пед.ғ.д... дисс. Автореф. – Түркістан, 2008.*

5. *Креативная педагогика XXI века = Creative pedagogics of the XXI st century: Педагогическая деятельность как процесс непрерывного развития творческого потенциала личности – М.: Академический Проект, 1999.*

Есиргепова В.Ж., Малыхина Н.Ф., Турсунова Л.А.

Аркалыкский государственный педагогический институт им.Б.Алтынсарина  
 Детский сад-ясли санаторного и общеразвивающего типа  
 «Золотой ключик» отдела образования акимата г.Аркалык, e-mail: vita\_arka@mail.ru

## ТРАЕКТОРИИ СОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

**Аннотация:** В статье анализируются основные пути социализации и социальной адаптации личности применительно к условиям современного общества. Большое внимание уделяется рассмотрению в качестве главных институтов социализации трудовой деятельности и образования, взаимосвязь которых в процессе формирования личности обозначается на основе развития системы социальных ценностей. Аксиологические предпосылки социализации определяются в качестве основного фактора всестороннего развития личности как неотъемлемой части современного общества.

**Аңдатпа:** Мақалада заманауи қоғам шарттарына қатысты тұлғаның әлеуметтенуі мен әлеуметтік бейімделуінің негізгі жолдары талданады. Әлеуметтендірудің негізгі институттары ретінде еңбек әрекеті мен білім беруді қарастыруға баса назар аударылады, олардың өзара байланысы тұлғаның қалыптасуы барысында әлеуметтік құндылықтар жүйесінің дамуы негізінде белгіленеді. Әлеуметтендірудің аксиологиялық шарттары заманауи қоғамның ажырамас бөлігі ретінде тұлғаның жан-жақты дамуының басты факторы есебінде анықталады. Сонымен қатар, оқуда ерекше қажеттілігі бар өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі сұрақтарына елеулі көңіл бөлінеді.

**Кілт сөздер:** қоғам, әлеуметтендіру, еңбек іс-әрекеті, білім беру, әлеуметтік құндылықтар, инклюзия, тұлға

**Abstract:** The article analyzes the main ways of socialization and social adaptation of the individual in relation to the conditions of modern society. Much attention is paid to the consideration, as the main institutions of socialization of labor activity and education, the interrelation of which in the process of the formation of a person is designated on the basis of the development of the system of social values. The axiological preconditions of socialization are determined as the main factor of the all-round development of the individual as an integral part of modern society. Also important attention is paid to the issues of socialization of the younger generation with special educational needs.

**Key words:** society, socialization, labor activity, education, social values, inclusion, personality

**Ключевые слова:** общество, социализация, трудовая деятельность, образование, социальные ценности, инклюзия, личность

В наше время значение личности в обществе можно рассматривать по-разному. С одной стороны, личность – это значимая часть социума, основной его компонент – каждый сформировавшийся духовно человек, который отдает себя на пользу своего государства. С другой, индивид является всего лишь частичкой общества, его маленьким фрагментом, что уменьшает в разы значение каждого человека в мировом масштабе. Тем не менее, все эти частицы – люди – должны тесно взаимодействовать друг с другом во имя поддержания целостности системы. А значит, каждый индивид должен занимать в обществе свою нишу, выполнять определенную задачу.

С раннего детства ребенка окружают люди, которые передают ему навыки и умения взаимодействия с обществом. И до самой смерти происходит этот процесс, свойственный только людям.

Социобиологи ищут сходства между людьми и животными. В результате их поисков у животных, кажется, обнаруживаются все социальные качества, что и у людей: умение дружить, любить, создавать семью, приходить на помощь друг другу. Но ученые не смогли найти признаки социализации у животных. В зачаточной форме обучение «правилам жизни» существует у обезьян или волков. Но передача смысла поступков, их значение, социальных норм и ценностей, освоения социальных ролей у животных нет. Только человек способен «свертывать» эволюционные этапы своего развития. Поэтому человеческие детеныши не смогли прижиться в обществе.

На всех этапах развития общества в нем происходят процессы, определяющие как саму сущность имеющей в тот или иной момент времени социальной реальности, так и особенности развития составляющих данное общество личностей. При этом ведущим процессом, на наш взгляд, является социализация личности. Утверждать подобное нам позволяет тот факт, что именно всесторонней социализацией и социальной адаптацией членов общества обусловлено его становление и развитие. Адаптируясь к условиям социума, индивид становится его полноправным членом. Как следствие, он вовлекается в орбиту общественных отношений, начинает испытывать на себе влияние остальных членов общества и одновременно сам влияет на них. Таким образом, происходит переход социального взаимодействия на новый, более высокий уровень. В научной литературе социализация определяется как «процесс накопления людьми опыта и социальных

установок, соответствующих их социальным ролям» [4, с. 94]. Конечно, данный процесс не является стихийным. Социализация происходит в рамках определенных институтов, которые осуществляют функцию трансляции социального опыта и установок, накопленных предыдущими поколениями. Кроме того, их функцией также является поддержание взаимодействия между личностями с целью содействия в передаче индивидуального опыта и ценностных ориентаций. Все это должно способствовать как личностному развитию индивида, так и его становлению в качестве члена того или иного общества. Одну из главных ролей в формировании личности играет осуществление трудовой деятельности. Это обусловлено как творческим характером труда, так и способностью его субъектов участвовать в формировании новой социальной реальности. В. Н. Назаров отмечает, что «целостный смысл труда – в одновременном преобразовании и одухотворении природы и совершенствовании человека» [3, с. 198]. Данное определение представляет большой интерес, поскольку обычно труд воспринимается лишь как способ преобразования материального мира, создания экономического продукта. Как следствие, практически никакого внимания не уделяется духовным предпосылкам труда, его ценностным основаниям и значению как важным факторам социализации. Однако рассмотрение трудовой деятельности лишь как категории экономики, без учета ее социокультурной и аксиологической составляющих, представляется нам весьма поверхностным и односторонним. Кроме того, нельзя забывать, что «всякая общественная среда есть объективное проявление или воплощение нравственности (должных оснований) на известной степени человеческого развития» [6, с. 287]. Иными словами, любое социальное взаимодействие, возникающее в процессе трудовой деятельности, должно способствовать нравственному обновлению вовлеченных в него индивидов, усвоению ими определенных этических установок общества, что в определенной степени и представляет конечную цель социализации. Любое социальное явление может рассматриваться в качестве определенной системы ценностей, которые в значительной мере являются базисом мотивации индивида. Так и труд невозможно анализировать в отрыве от его ценностных оснований. Аксиологические предпосылки трудовой деятельности представляют собой важный фактор ее развития в условиях современного общества. Это, в свою очередь, накладывает существенный отпечаток на особенности адаптации личности к условиям труда. Воспринимая систему ценностей трудовой деятельности, индивид интегрируется в нее, сопоставляя с собственными ценностными ориентациями. Таким образом, происходит развитие личности, вовлечение ее в систему социальных ценностей и норм. Подобная адаптация означает усвоение важнейших аспектов общественной жизни, а следовательно, постепенную социализацию. Успешность осуществления трудовой деятельности неразрывно связана со способностью индивида воспринять систему ценностных ориентаций и нормативных установок общества. Труд – это, прежде всего, явление социальной жизни. Его невозможно представить в отрыве от общества хотя бы потому, что он осуществляется в значительной мере для его успешного развития. Успешно трудиться – значит способствовать ускорению социального прогресса. Чтобы иметь возможность это делать, нужно понимать, куда движется общество, каковы его цели и пути их достижения. Все это возможно лишь при условии полного погружения индивида в систему социальных ценностей. Поэтому процесс адаптации и социализации посредством осуществления трудовой деятельности носит двунаправленный характер. С одной стороны, индивид, усваивая нормы и ценности труда, полнее интегрируется в общество. И в то же время, с другой стороны, по мере социализации он начинает полнее отождествлять себя с обществом, в результате чего у него формируется устойчивая мотивация к созидательному труду ради общего блага. Являясь средством интеграции индивида и общества, социализация представляет собой связующее звено между поколениями. Усваивая накопленный социальный опыт, мы одновременно становимся ближе к успехам и достижениям прошлого и получаем способность всемерно использовать их ради построения нового будущего. Но одно лишь взаимодействие с обществом и его представителями в процессе труда не даст необходимой полноты погружения в ценностную парадигму социальной деятельности. В данном контексте трудно переоценить потенциал социализации, заложенный в таком важном институте, как образование. При этом не стоит забывать, что «сущность образовательного процесса с внутренней стороны заключается в саморазвитии организма; передача важнейших культурных приобретений и обучение старшим поколением младшего есть только внешняя сторона этого процесса, закрывающая самое существо его» [1, с. 358]. Иными словами, значение образования не ограничивается его участием в процессе социальной интеграции и адаптации. Оно играет более чем существенную роль и в саморазвитии личности, ее становлении в условиях обновления и модернизации системы общественных отношений. Вообще, рассматривая проблемы развития личности как части социума, мы должны помнить об особенностях современного общества, представляющего собой сумму связей,

совокупность или систему отношений, возникающих из совместной жизни людей, воспроизводимых их деятельностью [5, с. 475]. В установлении и поддержании данных отношений и связей и заключается социальная роль институтов и подсистем общества. Так, институт образования создает условия для развития личности в соответствии с общей траекторией социального прогресса. То есть образование обеспечивает возможность индивида интегрироваться в общество. А непосредственный процесс интеграции происходит в рамках осуществления совместной деятельности и происходящего в ее рамках межличностного взаимодействия. В данном контексте наиболее значимой формой интеграции индивидов, несомненно, является созидательный труд. Совместная деятельность не просто обеспечивает духовное единение, она позволяет разрозненным индивидам структурироваться в коллектив, характеризующийся социальным единством на основе общих целей и разделяемых ценностей. Коллектив представляет собой субъект экономической жизни общества, обладающий особой системой ценностей, понятных и приемлемых для каждого из его членов. Взаимодействие институтов образования и трудовой деятельности происходит посредством трансляции социальных ценностей. Получая образование, индивид начинает трудиться и, следовательно, переходит из подсистемы общества, отвечающей за социализацию новых поколений и передачу им опыта предшественников, в экономическую систему. С собой он переносит те ценности и духовный опыт, которые были им усвоены ранее. Адаптируясь к условиям новой социальной системы, индивид корректирует имеющиеся у него аксиологические представления, таким образом, они приходят в соответствие с нормами и ценностями осуществляемой трудовой деятельности. Одновременное усвоение существующих ценностей и корректировка их в соответствии с личностными аксиологическими представлениями составляют сущность социальной адаптации и духовной социализации индивида в современных условиях. В настоящий момент общество завершает переход к постиндустриальной стадии своего развития. Это накладывает определенный отпечаток на все сферы социальной жизни. Происходит постепенное взаимопроникновение различных социальных систем, ранее не оказывавших друг на друга существенного влияния. Это проявляется в том числе и в профессионализации всех сфер деятельности. Так, в актуальных условиях общественного развития «характерной особенностью подсистем духовной системы общества является институционализация профессиональной духовной деятельности» [2, с. 69], в результате чего социализация личности постепенно начинает входить в сферу влияния и экономической сферы жизни социума. Адаптация индивида в обществе посредством осуществления осмысленной и полезной деятельности представляет собой феномен, значение которого трудно переоценить. Духовное развитие и рост важны как таковые, а в том случае, когда они сопровождаются экономической активностью, данный синтез является, на наш взгляд, наиболее приемлемым и важным путем социализации личности. Рассматривая потенциал образования и трудовой деятельности в контексте их роли в личностном росте и развитии, мы должны помнить о том, что социальная адаптация есть необходимое условие успешного существования не только единичного индивида, но и того или иного социального института в целом. Формируя ценностные ориентации личности, институты образования и трудовой деятельности меняются сами, аккомодируя свои аксиологические предпосылки в соответствии с нуждами как индивида, так и всего общества.

Также, в современном обществе одной из наиболее актуальных проблем является социальное развитие детей с ограниченными возможностями здоровья. Родители и педагоги обеспокоены тем, чтобы ребенок, входящий в этот мир, стал гармонично развитой личностью. В Казахстане дети с ограниченными возможностями здоровья воспитываются и обучаются не только в домашних условиях, но и в домах-интернатах и коррекционных школах. Главная проблема ребёнка с ограниченными возможностями заключается в нарушении его связей с миром, в ограниченной мобильности, бедности контактов со сверстниками и взрослыми, в ограниченном общении с природой, недоступности ряда культурных ценностей, а иногда и элементарного образования. Ребёнок, имеющий инвалидность, может быть также способен и талантлив, как и его сверстники, не имеющие проблем со здоровьем, но обнаружить свои дарования, развить их, принести с их помощью пользу обществу ему мешает неравенство возможностей. Социализация – это процесс и результат включения индивида в социальные отношения. В процессе социализации индивид становится личностью и приобретает знания, умения и навыки, необходимые для жизни среди людей. Общие проблемы для детей с ООП: 1. Ограниченные представления об окружающем мире. 2. Многие дети с ограниченными возможностями здоровья отличаются повышенной впечатлительностью (тревожностью). 3. Для большинства характерна повышенная утомляемость. 4. У других детей отмечается повышенная возбудимость, беспокойство, склонность к вспышкам раздражительности, упрямству [5]. В настоящее время с раннего детства дети с ООП сталкиваются с оценкой их

внешности другими, что приводит к формированию у них «комплекса неполноценности», который выражается в замкнутости и приводит к скрытой депрессии. По мере взросления они начинают осознавать, что уровень их жизненных возможностей по сравнению с «обычными» детьми снижен. Формируются излишне заниженная самооценка, социальная пассивность, происходит сужение активного жизненного пространства. Эта проблема занимает очень важное место в работе социального педагога, так как несет отрицательное воздействие на социализацию ребенка. Учитывая социальные потребности, физиологические и психологические возможности воспитанников, деятельность педагогического коллектива направлена на специальное обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями здоровья, которая включает: обучение детей в объединениях по интересам на базе учреждения и на дому; психолого-педагогическое и методическое сопровождение; построение адекватного педагогического процесса; индивидуально-личностный подход; выявление причин деформации в развитии и поиск средств, способов их устранения; оказание реабилитационной помощи детям с учетом их потребностей и возможностей; организацию содержательного досуга [1].

Инклюзивное образование. Общий характер взаимодействия здоровых детей и подростков с особыми потребностями подразумевает совместное пребывание на определенной территории в одно и то же время, а также участие во всех видах совместной деятельности. Подобное образование называется инклюзивным или включенным. Инклюзивное образование – процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным нуждам всех детей, что обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями. Восемь принципов инклюзивного образования:

- Ценность человека не зависит от его способностей и достижений.
- Каждый человек способен чувствовать и думать.
- Каждый имеет право на общение, а также быть услышанным.
- Все люди нуждаются друг в друге.
- Подлинное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений.
- Все люди нуждаются в поддержке и дружбе ровесников.
- Для всех обучающихся достижение прогресса скорее может быть в том, что они могут делать, чем в том, что не могут.
- Разнообразие усиливает все стороны жизни человека [6].

Данные принципы позволят ребенку с особыми потребностями, группе здоровых детей и классному коллективу взаимодействовать друг с другом, исключив непонимание. При этом необходимо подчеркнуть, что основным условием для возникновения межличностных отношений выступает именно совместная деятельность. Детей объединяет не только непосредственная симпатия друг к другу, но и отношения, связанные с выполнением тех или иных заданий. У этих детей сформировано положительное отношение к себе, к школе, к своей деятельности, т.е. происходит нормальная социализация ребенка в условиях школы.

Общие психолого-педагогические рекомендации в работе с детьми с ООП:

- Принимать ребенка таким, какой он есть.
- Как можно чаще общаться с ребенком.
- Избегать переутомления.
- Не сравнивать ребенка с окружающими.
- Поощрять ребенка сразу же, не откладывая на будущее.
- Обращаться к ребенку по имени.
- Не предъявлять ребенку повышенных требований.
- Стараться делать замечания как можно реже.
- Оставаться спокойным в любой ситуации.

Помимо этого на процесс социализации ребенка с ООП влияет его качество жизни. Дети с ООП должны иметь равные со здоровыми людьми возможности. Для этого нужно специально создавать все необходимые условия: - Создание условий для формирования у ребенка уверенности в своих возможностях. - Развитие положительного отношения ребенка к себе, другим людям, окружающему миру, коммуникативной и социальной компетентности детей. - Приобщение детей к ценностям, сотрудничество с другими людьми: оказание помощи при осознании необходимости людей друг в друге. - Формирование норм нравственного поведения, социальных навыков. - Подбирать эффективные методы работы по социализации детей с учетом психологических особенностей детей.



Таким образом, происходит развитие институциональной парадигмы социума, а современное общество, решив проблемы социализации индивида, переходит на новый, более высокий уровень своего развития.

**Список литературы:**

1. Лысак И. В. *Общество как саморазвивающаяся система*. Таганрог: Изд-во ТТИ ЮФУ, 2008. 112 с.
2. Назаров В. Н. *Философия в вопросах и ответах*. М.: Гардарики, 2004. 320 с.
3. Смелзер Н. *Социология* / пер. с англ. М.: Феникс, 1994. 688 с.
4. *Современный философский словарь* / под общ. ред. В. Е. Кемерова. М.: Академический проект, 2004. 861 с.
5. Соловьев В. С. *Оправдание добра. Нравственная философия* // Соловьев В. С. *Сочинения: в 2-х т.* М.: Мысль, 1988. Т. 1. С. 47-548.
6. Андреева Г.М. *Социальная психология: Учебник для вузов*. (Электронная библиотека социологического факультета МГУ <http://lib.socio.msu.ru>)

**Қиясова Қалия Құралбаевна**

п.ғ.к., «Шет тілдері» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ

**Бахрамова Гульмира Абдурасуловна**п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ  
gulia1966@list.ru**Алдабергенов Нурлан Абдухаликович**

п.ғ.к., «Бастапқы әскери дайындық» кафедра меңгерушісі, М.Сапарбаев атындағы ОҚГПИ

**Салмырза Жайна Ізбасарқызы**

т.ғ.к., оқу бөлімінің маманы, М.Сапарбаев атындағы ОҚГПИ

**Сихынбаева Жамиля Сарсенбаевна**

п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы ШУ

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ – КӘСІБИ ЕҢБЕК БӨЛІСІНІҢ БІР ТҮРІ**

Өмірдегі көп мамандықтың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкірт жандылықты қажет ететін мамандықтың бірі - м ұ ғ а л і м д і к. Олай дейтініміз мұғалім еңбегі, біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, ол үнемі оқушы – шәкірттермен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді өз мойнына жауапкершілігіне алған маман.

Мұғалім күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әрқандай кездейсоқ жайттардың туындап отырытындығын алдын-ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға да дайын болуға тиіс. Осындай күрделі де қиын жауапкершілікті арқалаған мұғалім өз пәніне қатысты үнемі білімін жетілдірумен, сабақ өткізу шеберлігін таңдаумен бірге педагогикалық – психологиялық өресін өсіріп отыруға мәжбүр болады. Онсыз ұстаз оқушының қабілетін, қызығушылығын, ішкі қажеттерін сезіп, бағдарлай алмайды, яғни шәкірттеріне берген білімі мен тәрбиесі де мазмұнды бола алмайды.

Қазіргі «Егеменді Қазақстан» елі атанып, демократия жолымен игілікке, ізгілікке, гуманистік бағытта білім мен тәрбие беру мемлекетіміздің күнделікті іс - әрекетінде өзекті мәселе болып отыр.

Бұл демократия тәрбие халыққа білім беру мен кәсіптік даярлық жүйесін үздіксіз жетілдіріп:

а) тәрбиенің негізін неден бастауымыз керек?

ә) оқытуды қалай оқытуымыз қажет?

б) білім беруде нені негізге алуымыз тиіс? деген сияқты бүкіл халықты, яғни бүкіл дүние жүзін алаңдатып, мазасын кетіріп отырған мәселелердің мән –мағынасын айқын ашып беретін байсалды да салиқалы ұсыныстар мен жүйелі шешімдерше немқұрай қарап, сырт қалуға тиіс емеспіз. Бұл жерде талап етілетін не нәрсе?

Тегінде, оқытушылар даярлауды жақсарту да, оқыту әдістерінің өзін өмір талаптарына сәйкестендіру де, мектептерді осы заманғы оқу құралдарымен, көрнекі құралдармен қамтамасыз ету де қажет –ақ.

Дегенмен, тар өрісті мұғалімдік қызметтің шеңберімен тежеліп қалмай, жаңа педагогикалық технологияларымен білімімізді толықтырып, рухани дәрежемізді жан –жақты көтеру жолдарын тауып егеменді, демократиялық қоғамымыздың дамуына үлес қосуымыз жөн.

Мұғалім қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жедел қарқынмен дамуына ілесе отырып, оның жетістіктерін оқуға және тәрбие процесінде кеңінен пайдалана білуге тиісті. Сонда ғана мұғалім ғылым негіздерімен қаруланған, қоғам үшін қажетті игілікті өндіруге белсене қатысатын ынталы, білімді адамдарды дайындай алады.

Бүкіл халық мұғалімдерге өздерінің қымбатты, қадырмен келешегі балаларды үлкен сеніммен тапсырып отыр. Сол сенімді ақтауда халық мұғалімдері ерінбей еңбек етіп, жаңа адамды тәрбиелейді, оны өмірге, қоғамға дайындайды.

Мұғалімдік мамандық қай қоғамда болмасын өте жауапты әрі игілікті мамандықтардың бірі. Әрине, мұғалімнің материалдық өндірісте жұмыс істемейтіндігі, еңбек құралдарын жасамайтындығы және технологиялық процесті жетілдіру ісіне де тікелей қатыспайтындығы өзінен –өзі белгілі. Бірақ, мұғалім өндіріш күштердің дамуына және халықтық материалдық игі жағдайының дамылсыз өсуіне

әсер етеді. Ол қоғамның ең басты өндіргіш күштерін жасайтын жеке адамды, яғни тұлғаны тәрбиелеп дамытатын және қалыптастыратын басты тұлға. Міне, мұғалімнің қоғамдық прогрестегі ролі, оның мамандығының әлеуметтік мәні осында.

Мұғалімдердің еңбегі еленіп, бүкіл халықтық ілтіпаттың, ризалық сезімінің жарқын көрінісінің бірі ретінде - 1965 жылдың қазан айының бірінші жексенбісін «мұғалімдер күні» деп белгілеп дәстүрлі мереке ретінде аталып келеді.

Мемлекетіміз бен халқымыздың ықыласына бөленген мұғалімдердің беделі әлі де арта берері анық. Өйткені, мұғалім жас ұрпаққа тәрбие беруде, олардың бойын да ізгі адам қасиеттерді қалыптастыруда, оларды еңбекке, ізденімпаздыққа баулуда, шешуші тұлға.

Экономикалық басқарудың және жоспарлаудың жүйесі мен әдістерін қайта құру, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруда ғылымның оқу мен тәрбиенің ролін жоғары бағалады. Қоғамымызда жеке адамдардың дамуына, олардың барлық мемлекеттік іске араласу құқығын көтерді.

Жеке адамның дамуы және қалыптасуы дегеніміз - белгілі бір мамандықты меңгерген, жан-жақты білімі бар, дене бітімі келбетті, әлеуметтік экономикалық дамуға өз үлесін қоса алатын, қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің дамуына сәйкес келетін, информатика, компьютер, интернет т.б. жұмыс істей алатын маман адамды айтамыз.

Мамандық дегеніміз-материалдық және рухани өндірісте адамның белгілі қызмет атқаруына мүмкіндік беретіндей алған білімі мен практикалық дағдылар жиынтығы.

Мамандық «кәсіби» және «мамандық» деген екі түсінікті қамтиды. Мамандық пен кәсіптің қалыптасуының тарихи сипаты болады. Өндірістің жаңа саласының пайда болуы және техникалық прогресс нәтижесінде жаңа технологияның енуі жаңа мамандық тұғызады. Демек, техникалық прогрестің дамуы жаңа мамандықтың пайда болуын қамтамасыз етті. Осылай біртіндеп ескі ауыр дене еңбегін қажет ететін кәсіптер жойыла берді. Капиталистік елдермен салыстырғанда, социалистік қоғамның, социалистік қоғамға қарағанда Егемендік Қазақстанның демократиялық қоғамында да мамандық таңдаудағы ерекшеліктері мол. Елімізде еңбек өнімділігін арттыру және еңбек ресурстарын молайтуда мамандық таңдауға зор мүмкіндік беруі әр бір мамандыққа машықтану, жаттығу, икемделу қажет. Әрі толық жан –жақты меңгеріп мамандандырылуға қажет

Педагог-кадрлар мектептерде оқушыларға тәрбие мен білім беруде, оларды жүйеге келтірілген ғылымдар негізімен қаруландыра отырып, еңбекке деген саналы көзқарасты қалыптастырады.

Жер бетіндегі ең абзал мамандық - Мұғалімдік. Ұстаздық жұмысқа кіріскенде, болашақ ғалымдармен, құрылысшылармен, ғажайып техниканы жасаушылармен, шебер еңбеккерлермен, дәрігерлермен және космонавтармен де бірінші болып жүздесетіндер, сіздер, яғни болашақтың ұстаздары. Біз өз анамызға қалай бас исек, барлық мамандық иелері де ұстаз мұғалімдерге солай бас июі қажет.

Мұғалімдік мамандық жан –жақты білімді, шынайы, сезімтал болуды, балаларға шексіз сүйіспеншілікті қажет етеді. Әр күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана оларды ғылымға ынталандыруға, еңбекке баулуға, түрлі іс –әрекеттің салтанат құратынына шексіз иландыруға, адамгершілік негіздерін сіңіруге болады.

Мұғалім қызметі -өскелең ұрпақтың мәңгі өзгермелі қарама –қарсылығы мол жан дүниесіне ене білуде. Әлі толыспаған сәби жанын жасытып, жаралап алмас үшін өте мұқияттылықпен жұмыс істеу қажет.

Педагогтың балалармен шынайы достық қарым-қатынысын ешбіроқулықпен алмастыруға болмайды . Педагогтың азаматтық борышының бірі:

Парасаттылық –ақыл –оймен, ар –ұят –ар ұятпен, отанға берілгендік – соған адал қызмет етумен тәрбиеленеді.

Мұғалімді адам жанының инженері, мінез –құлық сәулетшісі, ауру шипагері ақыл –ой мен естің жаттықтырушысы, ой мен сезім дирижері, адамның алғашқы қылығының әділ қазысы, жас өркенді мәпелеуші бағбан, т.с.с. деп атайды. Осының бәрі – таза шындық.

Бірақ басқа мамандықтардан айырмашылығы – оларға өз еңбегінің жемісін бірден білу жазбаған. Олардың еккен жемісі көгеріп –көктеу үшін ұзақ жылдар керек. Мұғалім өзіндегі әлде бір сотқар баланың бір кезде жасампаздығы мен іскерлігін көруі үшін сарқылмас күш қайрат қажет. Осы құртақандай адамның болашақта тұған жерімізді қалай байытып, түлететіндігін алдын ала көре білуі тиіс.

Мұғалім өзінің жігер –шабытын қазіргі және болашақтағы өз парыз түйсігінен алады. Оның шығармашылығы мектеп реформаларының идеясымен рухтанады. Оның көз алдында: Я.А.Коменская, К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский, Ы.Алтынсарын, А.Құнанбаев, М.Жумабаев т.б. секілді ұлы есімдер тұрады.

Мұғалімдік мамандықты таңдаған студенттер оқыған алғашқы күндерінен бастап тәрбиелеу өнерін үйренгендері жөн. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» - ең алғашқы кәсіби –педагогикалық пәндері.

Бұл пән мынадай міндеттерді талап етеді:

1. Мұғалімнің кәсіптік қызметінің ғылыми негіздерімен таныстыру.
2. Оқу еңбегі мәдениетін меңгеруге көмектесу.
3. Педагогикалық практикадан өтуге даярлау және біліктілікке қалыптастыру.
4. Мұғалімдік кәсіби сапаларды дербес қалыптастыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өте қызығылушықты және игілікті іспен шұғылдануға үйрету.
5. Қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі».

Болашақ маман иесіне бұл пәнді оқу педагогикалық өмір жолды дұрыс таңдауға, әрі педагогикалық шығармашылықтың негіздерін толық меңгеруге жәрдемдеседі. Оқыту мен тәрбиелеудің табысты болуы көп жағдайда педагогтар мен оқушылардың жүйелі жұмыстарына, олардың бірлескен еңбек сипатына байланысты. Педагогикалық үдерістің өте тиімді болуы үшін мынадай жағдай қажет: мұғалім оқушысын оқыту мен тәрбиелеуге ынта–ықылас білдіруі және атқара алуы, олардың оқуға деген ынтазарын оята білуі тиіс. Мұны Ш.А.Амонашвили, И.Л.Волков, Е.И.Ильин, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов секілді жаңашыл педагогтар ұсынған «Ынтымақтастық – педагогикасының» идеялары мен принциптерінен меңгеруге болады. Мұғалім мамандығын мәңгілік деп атайды. Адам өзі өмір сүргеннен бері әрдайым оқып-білуге - өз тәжірибесін жас ұрпаққа таратуға - өмір тәжірибесін саналы, мақсаткерлік тұрғыда меңгеруге талпынады. Жастар тәлімгері, әдетте, біршама көп білетін, әрі құрметті адамдар болды. Олар атқарып отырған істің маңыздылығы және таңдаулы мұғалімдердің беделі мұғалімдік мамандыққа айрықша ілтипат білдірді. Осыдан 300 жыл бұрын өмір сүрген, ғылыми педагогиканың негізін қалаушы славяндық ұлы педагог Ян Амос Коменский мұғалімдерге «ең тамаша міндет жүктелген, күн астында одан жоғары тұрған ешнәрсе жоқ» - деп жазды. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский мұғалім мамандығын былайша бағалады: «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеніңші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр». Мұғалім еңбегінің ерекшелігі неде? Бұл ерекшелік, сәрі, мұғалімнің адамдармен жұмыс істейтіндігінде болар? Бірақ басқа мамандық иелері де: юристер, дәрігерлер, артистер т.б. адамдармен қарым-қатынаста болады. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі мұғалімдердің қоғамдағы орнына қарай айқындалады. Адамзат көп ғасырлық тарихында өте мол тәжірибе жинақтады.

Жас ұрпақ үшін қоғам олардан және бұқаралық информация құралдары арқылы ең бағалы және қажетті нәрселерді алады, ал негізінен алғанда мұғалім арқылы жастар санасына сіңіреді.

### **Әдебиет**

1. Жолдасбеков А.А., Бахрамова Г.А. Кәсіби білім беру педагогикасы / Оқу құралы, ҚР БжҒМ М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы РОӘК баспаға ұсынылған № 1 хаттама 05.02.2016. -Алматы.: Нурай Принт Сервис. 2016. – 212 бет.
2. Баймолдаев Т.М. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару. –Алматы, 2016. – 136б.
3. Әлқожаева, Н.С. Педагогика /Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 220б.
4. Қарақұлов Қ.Ж. Педагогикалық менеджмент және мектепті басқару. –Шымкент, 2016. -140-150бб.

**Қиясова Қалия Құралбаевна**

п.ғ.к., «Шет тілдері» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ

**Бахрамова Гульмира Абдурасуловна**

п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ

**Салмырза Жайна Ізбасарқызы**

т.ғ.к., оқу бөлімінің маманы, М.Сапарбаев атындағы ОҚГПИ

**Алдабергенов Нурлан Абдухаликович**

п.ғ.к., «Бастапқы әскери дайындық» кафедра меңгерушісі, М.Сапарбаев атындағы ОҚГПИ

**Сихымбаев Қуаныш Сарсенбаевич**

п.ғ.к., «Дене шынықтыру» кафедрасының меңгерушісі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ**

Танымдықтың мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы белгілі нақтылығында. Тәжірибелік және рухани әрекетте жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл танымдық процестің ең жалпы үлгісі. Алайда, белсенді-танымдықтың ерекшелігінің мәні неде екенін түсіну үшін, субъектінің санасында танымдық нақты әлемнің көрінісінің екі деңгейінің барын (репродуктивті және продуктивті) бірінен-бірі танымдық процестің жүріп отыру айырмашылығы бар екенін атап кету керек.

*Репродуктивті танымдық* деңгейінде (оқыту материалы) сырт қабылдауға берілген күйінше қабылданады. Кейбір зерттеушілер репродукцияны бір енжар нәрсе сияқты қарайды, әрине ол шындыққа ұласпайды. Білім мен әрекеттің әдістерін меңгеруде оқушылардың мақсатты бағытталған әрекеті, оқушылар жағынан әр уақытта белсенді болып келеді, тек бұл белсенділіктің деңгейі әртүрлі болады. Сонымен бірге әрекеттің басқа элементтері болуы мүмкін (Т.И. Шамова). Дидактикалық көзқараста бұл әрекет бұрынғы өтілген материалдың бірнеше рет қайталануы, әртүрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы іске асады. Танымдықтың жоғары деңгейі – бұл продуктивті, белсенді танымдық. Бұған тән ең алдымен, оқушының оқыту материалына деген өзгешілік қатынасы. Осының барысында, тек қана оқыту ықпалы өзгермейді, сонымен бірге, оқыту мақсатына субъект – оқушы да өзгереді. Белсенді танымдық кезінде оқушы оқып-үйреніп жатқан материалдың мазмұнына жаңа сұрақтар қояды, оның мәселесін қалыптастырады, оны шешуге жаңа әдістер іздейді. Таным оқушылардың құбылыстар туралы терең білуге ғана емес, оны ерекше ұғынуға, меңгеріп жатқан білімге және танымдық әрекетте, яғни, тек білімді, білік пен дағдыны меңгеру қалыптаспайды, сонымен бірге танымның нәтижесі мен құнды қатынастар пайда болады.

Танымдық белсенділік жеке тұлғаның әрекетінде қалыптасады. Бұл ұғымдардың қарым-қатынасы шамалы тура келгендік қатынас деп білуге болады. Бұл танымдық белсенділік оқытудың интенсификациясы мен мәнін белгілейді. Бұл танымдық әрекетте қалыптасып анықталады, бірақ бұл құбылыстар (ұғымдар) ұқсас деген нәрсе емес. Танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы ретінде келесі компоненттер ерекшеленеді: оқу тапсырмаларын дайындауға әзірлік; өзіндік әрекетке ұмтылыс; тапсырма орындаудағы саналылық; оқытудың жүйелілігі; жекелік деңгейді көтеруге ұмтылыс т.б.

”Белсенділік деген (интенсификация, мығымдық) оқушының іс - әрекеті мен пәнімен “қосылғандағы” дәрежесін анықтайды. Оқушылардың белсенділіктің дағды – біліктерін меңгеруі.

Белсенділік – бұл оқытушының белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, мазмұнды, көлемді оқу қолданатын және қызығушылығын тудыратын, белсенділігін арттыратын, шығармашылықты арттыратын, білімді меңгерудегі оқушының өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы, оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған. Бұл ой еңбегінің құлдырау және тоқтап қалудан сақтайтын, жігерлі, мақсатты бағытталған жүйе. Белсенділіктің негізгі мақсаты оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оқу – тәрбиенің саласын көтеру.

Қазіргі кезде танымдық белсенділіктің мәнін ұғындыратын екі әдіс анық белгілі болып отыр. Бір зерттеушілер танымдық белсенділікті әрекет ретінде қарайды, ал біреулер – сапа, жекелік білім деп ұғады. Берілген мәселеге “танымдық әрекет” және “танымдық белсенділік” ұғымдарының енуі тек

әрекетті бірлікте қарайтын болсақ онда бұл жағдайда мәселе өзінен өзі шешілетін сияқты, себебі оқушылардың кез-келген әрекеті ойламды шешімді болуы керек.

Оқушылардың оқыту белсенділік мәселесі – терең педагогикалық зерттеулердің пәні. Бұны өңдеуге М.А. Данилов, Р.Г. Лемберг, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, М.Н. Скаткин, И.Ф.Харламов, Т.И.Шамова, Г.И. Щукина, А.Х. Аренова үлестерін қосты.

Оқытудың әдістемелік белсенді негізі болып, танымдық ілімі болып табылады. Оқушылардың кәсіптік қызығушылығын тудыру және зейіннің қолдау шеберлігі.

Оқушыларды оқыту мотивациясының тағы бір маңызды жағы белсенділікпен байланыста болады – бұл дербестік, оқыту анықтамасымен байланысқан, әрекет құралдары, үлкендердің және мұғалімнің көмегінсіз оқушылардың өздерінің іске араласуы. Танымдық белсенділік пен оқушылардың дербестігі ажырамайтын зат: белсенді оқушылар, әдеттегідей көбіне дербес; оқушының жеткіліксіз жекелік белсенділігі оны басқалардан бірте-бірте дербестіктен айырады.

*Оқушылардың танымдық әрекетінің белсенділігі.* Танымдық әрекеттің белсенділігін оқытудағы құралдары мен әрекеттерін табу мәселесі ғасырлар бойына жалғасады.

Жастарды тәрбиелеуде ежелгі грек философы Сократ эвристикалық әңгімені пайдаланған. XVII-XIX ғасырдың педагогтар Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский және т.б. оқытушының негізгі жұмысы- оқушыларды өзінше ойлау, зерттеу іздестеріне бейімдеу деп санаған. Олар дамып келе жатқан оқытудың дидактикасын жасаған. А.Дистерверг былай деп жазған “нашар мұғалім шындықты хабарлап қояды, ал жақсы мұғалім оны табуға үйретеді”.

Қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде оқушыларды шығармашылықты дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырған. Кеңес әдіскерлері мен психологтары Л.С. Выготский, Б.Г. Есипов, Л.В. Занков, В. В. Давыдов, Р.Г. Лемберг, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин дамып келе жатқан оқытудың тәжірибесі мен теориясына және оқушылардың танымдық әрекетінің белсенділігіне үлкен, зор үлестерін қосты.

*Білімнің кең көлемді қоры жиылған оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру жолдары:*

1) Әрекеттік жақындасу оқушыларды танымдық әрекетке тәрбиелеу. Әрекеттік жуықтаудың негізінде әрекет теориясы жатады. Оның негізі: жеке тұлға әрекетте қалыптасады (бұл туралы Қытай даналығында былай делінген: “Маған айт – мен ұмытып қаламын; маған көрсет – мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер – мен үйренемін”). Оқыту процесін ұйымдастыратын мұғалімдерге әрекеттің құрылымын білу өте маңызды. Оның негізгі түрлері: мотиві, мақсаты, мәселелер, мазмұны, құралдары, әдіс- тәсілдері және қорытынды. Бұлай дегенміз, мұғалім көптеген құралдар арқылы оқушының ойлау қабілеті, тәжірибелік шамасына әсер ету керек. Осы компоненттердің барлығын мұғаліммен бірге оқушы да меңгеруі керек

Педагогтарға сонымен бірге оқушылар әрекеттерінің негізгі түрлерін білу керек: оқыту – танымдық, әлеуметтік, еңбек, ойын, талғамдық, денешынықтыру- сауықтыру. Әрекеттің барлық осы түрлері оқытушы мен оқушының өзара қатынасынан тұрады. Әрекеттің бұл түрлерін өзара байланыстыру өте маңызды.

2) Гуманистік психология және педагогика ілімдеріндегі жеке – бағытталған жуықтау төменгі саладай қалыптасады (К. Роджерс):

- Индивид үнемі ауысып отыратын әлемнің ортасында өмір сүреді. Оған қоршаған әрекетті қабылдаудың жеке әлемі өте маңызды; бұл жекелік әлем-әлі сырттан ешкім танып білмеген.
- Қоршаған әлемге адам жеке қабылдау және түсіну арқылы қатынас жасайды.
- Адам өзінше түсінуге және өзінші пайдалануға ұмтылады; өзіндік жетілдіруге ішкі қажеттілік қасиеті болады. Жеке тұлғаның дамуы үшін қажет өзара түсіністік, тек қарым-қатынас жасау қорытындысында ғана толық жетеді.
- Өзіндік жетілу, даму - ол қоршаған ортамен, басқа адамдар байланыста болады.

Адамға тура және жасырын байланыстар нәтижесінде пайда болатын, оның өзіндік түсінігін шығаратын сырт көздің берген бағасы өте маңызды, оқушының өзіндік толымдық әрекетінде мұғалім жеке бағытта оқыту жағдайында ең зор ұйымдастырушы- нұсқалық жоспарлар, дифференциалды әдістер, шығармашылық үй тапсырмалары, сабақтан тыс оқушы әрекетін ұйымдастыру арқылы жоғарғы сапаға жетеді. Жоспарлау мен бірге педагогика әдістері кіреді.

3) Оқыту процесіне деген зерттеушілік өткендегі іс - әрекетпен байланысты. Атап айтқанда: өзіндік танымдық оқушының әрекетін қамтамасыз етеді, ойлау қабілетін дамытады, өзіндік білім алуға дайындайды.

Оқушыларды зерттеу үшін әртүрлі іздену әдістері қолданылады(эврика- іздену): ізденіс әңгімелер, өзіндік шешім(мұғалімнің басқаруымен) ережелер, формулалар, түсініктер, стандарт емес есеп-

тердің шығарылуы, лабораториялық және тәжірибелік жұмыстар, бақылаулар. Мектеп тәжірибесінде жеке және ұжымды түрде оқыту жұмысының топтық ізденіс түрлері, әдісі.

Мәселелеп оқыту (проблема қою) - ізденіс танымдық әрекеттің негізгі құралы. Мәселелеп оқытудың қайнар көзін Сократтың ізденіс әңгімелерінен көруге болады, бұл жерде ол сұрақ қою және әңгімені қисынды құрастыру арқылы өзінің оқушыларын қарама- қайшылыққа, әрі қарай тиісті қорытынды жасауға жетектейді.

Қазіргі кездегі ізденіс ойлау құралдары бойынша педагог пен психологтардың зерттеулері (Ю.Н. Куллюткин), мәселелеп оқытуды (И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, В.Н. Максимова, В. Окунь т.б.) оқушылардың ізденіс зерттеу есептерін шешуде танымдық әрекеттері басқаша екенін көрсетеді. Ізденіс әрекеті бірқалыпты жүріп отырады, кей жерде айқын көрінеді (О.К. Тихомиров). Бүкіл мәселелеп оқытудың мәні ерекше жағдай оқу процесінде пайда болады, оқушы белгілі шешімге келе алмай, не болмаса қатыса алмайды. Мәселелі жағдайда оқушының білімі мен алдына қойған міндеті арасында қарама- қайшылық туындайды. Мәселелеп оқыту алгоритм мәселені шешудің дұрыстырған тексеруден тұрады. Бұл кезде ізденіс әңгімелері, дискуссия (пікір- талас), мәселені мазмұндамалар т.б. пайдаланылады.

4) Оқыту алгоритмі белгілі бір түрдегі есепті шығаруда қатаң ережелердің қажеттілігін бекітеді. Оқыту процесі ауыр да сенімсіз болды, егерде типтік есептерді шығаруда оқушы жаңа жолдар іздеп, оқушы математикалық есептерді толық сандармен, бөлшектермен шығаруда белгілі бір ережеге сүйенетін, сол сияқты тілді меңгеруде. Алгоритмсіз адам қарапайым автоматтар мен техникалық құралдарды да пайдалана алмайды (компас, телефон т.б.). Алгоритмдеу программалап оқытумен тығыз байланысты, оның мәні нақты хабарламаның таңдауынан тұрады, ал оқушыға аз мөлшерде беріліп отырылады. Қадам қозғалысы шегінде кері байланыс орныққанын бірден көруге, түсінікті ме түсініксіз бе, меңгерілді ме, меңгерілмеді ме, есеп шығарылды ма, шығарылмады ма. Программалап оқытудың талассыз ерекшеліктеріне қарамастан бұл жуықтауды жалғаз және көп салалы деп қабылдауға болмайды. Егерде оқушы сабақтан сабаққа программаланған оқулықтың мәтіні соңында үздіксіз жүріп отырса, егерде ол оқыту машинасымен жұмыс істесе, онда программа- лап оқыту жағдайында оқушының бастамасы кеңейді.

5) Оқытуды компьютерлеу. Компьютер дегеніміз - маманның еңбегінің нәтижесін сапалы өзгертіп отыратын құрал. Адамның танымдылығының құралы ретінде ЭВМ – ның қолданылуы, білімнің пайдалану мүмкіндіктерін көбейтеді, ойлау әрекетінің жаңа формаларын дамытуға жағдай жасайды, оқыту сапасын арттырады.

Бірінші сатыда компьютер оқу әрекетінің пәні болып табылады, оның меңгере отырып, оқушылар осы машинаның жұмысы туралы білім алады, дағды- білігіне үйренеді, оператор жұмысының дағдыларын меңгереді. Екінші сатыда компьютер оқу есептерін шығарудың құрылына айналады. Компьютер оқытуда пайдаланатын қосымша техникалық құрылым ғана емес, сонымен бірге ол тиісті жоспарлауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде мәселенің бір жағын – құрастыру және ЭВМ-ді қосуды көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып- инженер орындайды, ал екіншісін – педагог; себебі ол есептеу машинасының жұмысына қонымды негізделген дидактикаға сәйкес пен оқытудың адам әрекетін реттейді. Оқытуды жалпы компьютерлеу үшін алгоритмді ойлау қиындарын меңгеру керек.

Компьютердің келесі бір қиындығы оның құрамы дидактикалық жүйеден басқалармен қатар тұрғындығында (мақсаттары, мазмұны, әдістері, оқушы мен мұғалімнің әрекет тәсілдері). Бұлар өзара тығыз байланыста, біреуіндегі артынан екіншісі жетектейді. Сол себепті мектеп сныптары мен жоғары оқу орындарындағы есептеу машиналарының орнығуы компьютерлеудің соңын емес, басталуын көрсетеді, яғни оқыту технологиясының жүйелігін. Гигиеналық нормалары сақтамаудың компьютермен жұмыс істеу барысында оқушының денсаулығына үлкен зардабын тигізетін де естен шығармау керек. Сонымен бірге компьютермен жұмыс оқушы мен мұғалімнің қарым- қатынасының орнын толықтыра алмайды.

6) Қазіргі мектепте дифференциалдап оқыту кең көлемде қолданылады (И.Э. Рабунский т.б.). Бұл жерде маңызды жуықтау аясы оқушылардың әртүрлі білімінің дамуының көкейкесті деңгейіне сүйену, сонымен бірге “жақындап дамудың шекарасы” біртіндеп әрқайсысын білімді меңгерудің жаңа әдістеріне көшіріп отыру. Бұл жуықтаудың қиыншылығы – білім бағдарламасын, дағды мен білікті, пәндік жүйеде әрқайсысы меңгеру керек. Бұл меңгерудің деңгейі әртүрлі дәрежедегі оқушылар үшін жоғары болу керек. Ешқандай есту, көру, сөйлеу және қабылдау кемістігі жоқ әрбір оқушыға бұл жуықтаудың көмегі, ол яғни барлық нақты танымдық әрекеттің жоғары деңгейдегі мүмкіндіктеріне иегер бола алады деген сөз. қазіргі мектептерде, оқушылардың әртүрлі дәрежесіне бағытталған оқыту тапсырмаларын дифференциалдап, оқыту жағдайында не мұғалім бере алады, не болмаса оқушылардың өздері таңдауларына болады. Егерде оқушы өзі таңдап алған болса тапсыр-

маны, онда мұғалімге оны алдағы қателіктерден сақтандыру, сонымен бірге оның мүмкіндігіне қарай есеп шығаруды тапсыра алады және де оқушының осыған деген құштарлығының деңгейін анықтай алады. Бірақ та дифференциалдап оқыту жуықтау бола алмайды, себебі оқу процесі оқытудың басқа да маңызды, оқушылардың дамуына бағалы да мәнді екені белгілі. Сонымен барлық дәрежедегі сыныптағы оқушылардың жеке мүмкіндіктерінің қаншалықты екенін көрсете алатын маңызды құрал. Бұл жерде оқушыға басқалардың еңбегінің нәтижесін көрсететін және қабілеті мен білімнің деңгейін танытатын кері байланыс та іс жүзіне асырылады.

7) Оқушылардың белсенділіктерінің бір бағыты болып ұжымдық танымдық әрекет болып саналады (М.Д. Виноградов, Н.С. Дежников, И.Б. Первин, Х.И. Лийметс, Г.Кусайнов, Н.Н.Хан т.б.) педагогикалық әдебиеттерінде қары-қатынас мәселесі, оқу процесіне қатысушылардың өзара қатынас айқын баяндалған. Оқушылардың ұжымдық танымдық әрекеті, оқушылар ортақ тапсырма орындауда өз істерін үйлестіріп, жұмысты өзара бөліп, әркімнің міндетін мұғалім ұйымдастырып беретін, яғни іскерлік тәуелділік жағдай пайда болады, білімді меңгеруде өзара қарым-қатынас ұйымдастырылады, аса бағалы тәжірибе алмасу жүреді (Н.Н. Хан) ұжымның танымдық әрекеті сабақта да сабақтан тыс уақытта да педагогикалық процессте жүріп отырады. Ұжымдық танымдық әрекетті ұйымдастыру мұғалімнен тек теориялық және әдістемелік дайындықты қажет етпейді, сонымен бірге сынып белсенділерімен маңызды жұмыс жүргізуді талап етеді (ассистенттер, консультанттар, кітпханашылар т.б.). Сонымен, қазіргі дидактика, ізденіс және әртүрлі жуықтауларды шешудегі оқыту процесінің сан қырлы мүмкіндіктерін ашады.

*Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы.* Қызығушылық (латынша interest- мәні бар, маңызды) – адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Қызығушылықты жеке тұлғаның өз әрекетіне бағалық қатынасы деп анықтауға болады. Оқушының танымдық қызығушылығы – танымдық саласына қатынасынан пайда болады. Оқуға, білуге деген қызығушылық танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. Л.С. Выготский былай деген: “Ең алдымен баланы бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтар, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін, салатынын және бала өзі қимылдайтынын, ал оқытушы болса тек сол әрекетті басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқушылардың танымдық қызығушылығы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты, ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді”.

*Танымдық ынта-ықыластардың қалыптасуы.* Ынта –ықылас (интерес) – (лат. Interest – мағынасы болу, маңызды)- әрекеттің адам аса маңызды деп түсінетін шынайы себебі. Ынта-ықыласқа субъектінің өз іс-әрекетіне дұрыс баға беру қатынасы деген анықтама беруге болады. Танымдық ынта-ықылас оқушының таным объектісіне деген эмоционалды қатынасында көрінеді. Оқуға деген ынта-ықыластың танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. “Баланы қандай да бір іс - әрекетке шақырғың келсе, ең алдымен, оны қызықтыру керек, оның осы іс-әрекетке эзір екенін; осы іс-әрекет үшін қажетті барлық күш – жігерінің жиналғанын; баланың өз бетінше әрекет ететінін, мұғалім тек оның іс - әрекетін басқарып, бағыттайтын болады, осының бәрін анықтап алу керек” (Л.С. Выготский).

Оқушылардың танымдық ынт-ықыластары олардың білімінің деңгейі мен сапасына, ойлау іс - әрекеті әдіс-тәсілдерінің қалыптасуы байланысты. Оқушылардың ынта-ықыласы олардың мұғалімге деген қатынасына да байланысты. Жақсы көрген және сыйлатын мұғалімдерде оқушылар ынта-ықыласымен оқиды. Танымдық ынта-ықылас балалық әуесқойлықтан басталады, алайда ол тез арада жарқ етеді де, солайша кенеттен сөніп қалады. Терең білім беруді бұндай әуесқойлық негізінде ұйымдастыруға болмайды. Баланың әуестігін ояту үшін тартымды бастау, әсерлі сюжет, оқиғаның күтпеген арнаға түсуі, мәселелік жағдай сияқты тәсілдер қолдану ұсынылады.

Танымдық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда келесі қызметтердің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз теу; оқушылардың артта қалуының алдын алу; “қауіп – қатер балаларының ” диагностикасы; үлгермеушілікті болдырмау; оқу материалының мазмұны (тарихи сапарлар, өмір тәжірибесінен мысалдар, мемлекет стандарт шегінен асу, т.б.); білім берудің әртүрлі формалары мен әдістері, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану; мұғалімнің оқушыларға қатынасы; балалар ұжымының қоғамдық пікірі; ақыл-ой қабілеттілігі мен жалпы оқу біліктерін дамыту.

#### *Әдебиет*

1. 4. Қарақұлов Қ.Ж. Педагогикалық менеджмент және мектепті басқару. –Шымкент, 2016. -140-150бб.
2. Мамытбаева С., Сатаева Л. Жалпы білім беру саласындағы мұғалімдердің жаңаша көзқарасы /«Ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім беру) Жаңашыл педагогтардың 2-ші Республикалық форумының еңбектері. –Шымкент.:ОҚМУ Т.2., 2014. -149 б.
3. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушының танымдық шығармашылығын қалыптастыру (оқу әдістемелік құрал). –А., 2003.60 б.
4. Бұзаубақова К. «Жаңа педагогикалық технологиялар» //Қазақстан мектебі. № 4. 2005, 5-8 б.



**Ибраева К.Ж.**

доктор педагогических наук, профессор, академик Академии педагогических наук Казахстана  
Казахский Агротехнический университет имени С. Сейфуллина (Астана)

**Елеупаева Жанар Каукербековна**

кандидат педагогических наук, доцент

Казахский Агротехнический университет имени С. Сейфуллина (Астана), Казахстан

**Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна**

Заведующая детским садом «Самал» г. Астана

## **НАРОДНЫЕ ТРАДИЦИИ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

***Аннотация** Для изучения казахского общественного быта особое значение имеет народные традиционные правила воспитания. Нужно выяснить, во сколько сильны традиции, когда современные жизненные требования упрочили новые направления. Несмотря на это, на современном этапе прочно действуют, общепризнанные истины: "Первоначальное образование ребенок получает в семье; в дошкольных воспитательных учреждениях и педагогические методы должны основываться на свободных отношениях образования". Казахстан отличается многообразием обычаев и традиций, и нужно тщательно изучить методы воспитания в каждой области Казахстана. В этом отношении, думаем, важно сопоставить казахстанские этнографические материалы к предмету этнопедагогики, этнокультуры, антропологии.*

***Abstract.** The rules existing in the folk system of education has the exceptional meaning in studying of Kazakhstan family and community life. It is necessary to determine, how strong is the power of tradition, when the necessities of changed life established many new destinations instead of the old ones. Despite of family and community life. It is necessary to determine, how strong is the power of tradition, when the necessities of changed life established many new destinations instead of the old ones. Despite of this its recognized as a true the professed sooths: "The family should be considered as the beginning of the school, where every common and comprehensive educational measures must have yielded full liberty." Given that Kazakhstan is characterized by angular and ethnographic diversity, it's necessary to pay special attention to child's care regulations, existing in every corner of Kazakhstan. In this regard, we think that it will be important as ethnographic materials from different parts of Kazakhstan and their relation to the subject Ethno-cultural, Ethno pedagogical, Anthropology*

***Ключевые слова** Культура этническая (национальная) культура, материальные и духовные ценности нации, социальное окружение.*

***Keywords:** Culture, ethnic (national) culture, material and spiritual values of the nation, social environment.*

Основной и важной областью системы народного образования являются детские игры и семейные взаимоотношения. Это - первая стадия, когда дети воспринимают жизненно важные элементы собственной этнической культуры. В процессе игры развиваются такие личностные качества, как интеллект, фантазия, воображение. Детство – это не ранняя стадия существования человека, а период социокультурной подготовки человека к взрослой жизни. Таким образом, инкультурация ребёнка является предпосылкой его трансформации во взрослого, дееспособного человека. Народные игры – образцы т.к. народного спорта, являясь средством физической тренировки подростков, в то же время представляют собой своего рода школу этнического, морально- нравственного развития, правильной ориентации, смекалки ребёнка. Тексты считалок представляют большой интерес с точки зрения описания действительности, характерной для истории и быта народа. В тексте речь идёт о исторически засвидетельствованной реальности, о возможности доверять ребёнку с «закрытыми глазами»; «приглашение на свадьбу», очевидно, является отражением этнического единства казахов. Интересным представляется наличие цвета, в частности, красного цвета среди правил игры. Цвет придаёт предмету смысловую оценочную окраску. Одной из важнейших ценностей общества являлось мужество; оно было необходимо для общества, поэтому идеалом для ребёнка должен был стать мужественный, способный, ловкий человек. На пути к достижению этого большое значение имели игры с глубоким смыслом, среди которых можно назвать игру «жеты кумалак». Она развивала у подростка ловкость, внимание, а также способность достигать желаемого результата. Функция считалок в процессе игры состояла в том, что они создавали настроение для физического упражнения, подготавливали к участию в игре. Кроме того, они вырабатывают у ребёнка способность приятия или неприятия той или иной реальности. В процессе игр, которые классифицируются как развлекательные и бытовые дети развлекались; кроме того, эти игры помогали детям осознать суть детства, развивали их внутренний мир, умственные и физические данные, формировали у них чувство правды, ловкость, уравновешенность - готовили их к будущей взрослой жизни. Смысл игры в том, что человек не должен проиграть, он должен победить. Воспитательные обычаи широко представлены в семейном этикете, во взаимоотношениях членов семьи. Отношение членов семьи друг к другу развивало чувство взаимного уважения, воспитывало и готовило подрастающее поколение семьи; приучало детей к формам обращения, к правильной жизни. Во всех семьях детей приучали к мирной жизни, любви к ближнему; к неприятию лени, дармоедства и мошенничества. Таким образом, система воспитания, выработанная

обществом, отражает особенности взаимоотношения общества и ребёнка. Ребёнок, подросток всегда являлся источником счастья и радости, средством обновления этнокультуры. Правила воспитания ставили перед собой целью, чтобы ребёнок уже с младенчества осознавал себя членом общества, что способствовало формированию его в качестве личности, которая способна направить свою жизнь по верному пути. Давно известен обычай судить о человеке по происхождению и воспитанию, по родителям и воспитателям. Хороший человек – от хороших воспитателей – для народа это обычная закономерность, хотя допускались и парадоксы: хорошие люди могут вырасти в неблагоприятных общественных и семейных условиях. В народе отдавали должное внутренним возможно-стям личности, ее самостоятельности и личной ответственности за поведение. Красивое в природе аль-Фараби видит в предметах, обладающих гармоническим сочетанием цвета, формы и т.д. Красивое в человеке и обществе – это гармония совершенства физического и духовного, где духовное, безусловно, возвышается над физическим. Связь между образованием, культурой, демократией и экономическими возможностями сегодняшней школы является жизненно необходимым условием благополучия любого свободного общества. Новая мировая эпоха требует нового осмысления и теоретического разрешения новых проблем. И в этом должен помочь бесценный опыт тех мыслителей и подвижников, которые своей теоретической и практической деятельностью способствовали на том или ином уровне решению задач общекультурного диалога, синтеза идей и поискам взаимодействия и взаимопонимания. Этапы интеграционных процессов история знала не однажды. Расцвет блестящей исламской цивилизации произошел именно на почве взаимовлияния и взаимообогащения культур, ее культурное значение для мировой истории до сих пор восхищает всех, кто с ней знакомится.

Наследие аль-Фараби – это синтез разных культур и осуществление межкультурной коммуникации и диалога, это теоретическое развертывание идеи единства и глобального синтеза, где встретились разные времена и культуры. [1, р. 73].

Духовные ценности, накопленные в древности, Гегель сравнивал с матерью-землей, от соприкосновения с которой наука, как Антей, обновляет свои силы. Поэтому мы и считаем, что традиционность культуры, в том числе и педагогической, важнейший признак высокой культуры народа. Чем больше сохранившихся и широко бытующих древних традиций, чем внимательней к ним народ, тем выше его культура. Гегель считал, что «...всякий новый расцвет науки и просвещения возникает путем обращения к древности». Проявление внимания и интереса к древней культуре народа, по словам Фараби, признак его истинной просвещенности. Высокие результаты воспитания детей в народной среде – один из важнейших предметов анализа педагогической науки. Раскрытие секретов народного воспитания по готовым результатам может пролить свет на особенности педагогической культуры народа и страны в целом. Давно известен обычай судить о человеке по происхождению и воспитанию, по родителям и воспитателям. Хороший человек – от хороших воспитателей – для народа это обычная закономерность, хотя допускались и парадоксы: хорошие люди могут вырасти в неблагоприятных общественных и семейных условиях. В народе отдавали должное внутренним возможностям личности, ее самостоятельности и личной ответственности за поведение. Красивое в природе аль-Фараби видит в предметах, обладающих гармоническим сочетанием цвета, формы и т.д. Красивое в человеке и обществе – это гармония совершенства физического и духовного, где духовное, безусловно, возвышается над физическим. В научном наследии великого мыслителя Востока, уроженца казахской степи Абу Насра аль-Фараби (870-950), значительное место уделено отдельным вопросам этнопсихологических знаний, так он считал, что народы отличаются друг от друга нравом, характером и языком. Ученый охарактеризовал особенности стереотипов поведения и свойств нрава, присущего тюркам, арабам и другим народностям, населявших в то время многонациональное государство Арабского халифата. [2, с. 63].

В ходе развития человек со временем стал овладевать знаниями о природе, которые имеют огромную ценность, хотя, может быть, она и окажется незначительной по сравнению с абсолютным знанием. Главными идеями современного общемирового развития становится сотрудничество и взаимопонимание, поиск единства через различия и сохранение многообразия. Однако этот все более утверждающийся процесс далеко не всегда благополучен, он – противоречив. Глобализация поставила перед народами, странами, государствами и культурами, ориентирующимися на иные, нежели западные ценности и смысложизненные основания, проблему «адаптации» и «принятия» складывающихся геополитических реалий, в которых им важно сохранить свою идентичность. [3, с. 63]. При этом нередко можно видеть, что Запад с неохотой идет на признание реального права других принимать собственную модель культурно-цивилизационного развития. В частности, протест, встречаемый Западом со стороны ислама, зачастую обусловлен тем, что его голос не имеет равноправного звучания в мировом сообществе. Культура диалога выражает сущность гуманистической культуры. Развитие прогрессивной цивилизационной модели развития, которую выбрал современный Казахстан, ха-

рактируется все более растущим осознанием необходимости отказа от культуры силы, перехода к новой парадигме социальной деятельности, в основе которой лежит умение решать острые конфликты, сложные ситуации при помощи диалогических форм взаимодействия и сотрудничества. Такая модель имеет чрезвычайное значение для Казахстана и успешного решения задач демократического развития казахстанского общества, так как диалог представляет собой способ взаимодействия между представителями разнообразных общественных сил и движений, ориентирующихся на интеллектуально-оценочный метод дискуссионного обсуждения острых проблем, их согласованное решение. Это касается не только прошлого, но, прежде всего, современного общественного развития. Искусство диалога представляет собой один из важнейших компонентов социальной, интеллектуальной, нравственной, политической жизни современности. Гуманистические идеи народного воспитания лежат в основе народной педагогической мудрости. Народная педагогическая мудрость – категория этнопедагогика, характеризующая с качественной стороны мудрость народа или конкретного человека, основанную на опыте и знаниях, свойственную соответствующему духу, культуре, мировоззрению народа и используемую в воспитательных целях в качестве наставлений, заповедей, нравочений о нравственном воспитании. Этнопедагогика всегда связана с изучением народной педагогики. И в основном, рассматривается как отрасль педагогической науки, занимающаяся исследованием эмпирического опыта этнических групп в воспитании и образовании детей, морально-этических и эстетических воззрений на исконные ценности семьи, рода, племени, народности, нации. Каждым педагогом в процессе занятий используются определенные методы обучения. Дошкольное образование классифицирует такие методы следующим образом:

- Словесные предполагают применение словесных объяснений, ведение диалогов с детьми, ответы на вопросы. Деткам дошкольного возраста свойственно быстро впитывать себя новое, развиваться, поэтому процесс обучения постепенно усложняется.
- Наглядные предполагают, что на занятиях используются предметы и картинки, иллюстрации и дидактические наглядные материалы.
- Практические – это возможность использовать полученные навыки в реальной жизни, в общении с другими детьми и взрослыми. Для совершенствования практических навыков, учебные программы рекомендуют специальные упражнения.
- Игровые – имитация и проигрывание жизненных ситуаций через игры.

Духовному развитию человека в дошкольном возрасте, по мнению исследователей, лучше всего способствует опять же игровая деятельность, которая является не пустой забавой, а имеет высокий смысл и глубокое значение. Поэтому, обращаясь к родителям, призываем заботиться, об игре и развивать её и широко использовать игру и как одно из средств нравственного воспитания, полагая, что в коллективных и индивидуальных играх, подражая взрослым, ребёнок утверждает себя в правилах и нормах нравственного поведения, тренирует свою волю. Обучать детей рисованию карандашами и красками, лепке из пластилина и песка проводить «*строительные игры*» из кубиков и веток. Свою внутреннюю сущность ребёнок раскрывает не только через труд и игру, но и посредством звуков, красок и форм. Каждый ребёнок познаёт себя в творчестве. Помнить, что именно в первые годы жизни приобретает наибольшее количество познаний, закладывается основа всей духовной жизни. Так, следует воспитывать детей, вовлекая их в различную деятельность, развивать их тело, упражнять внешние чувства, знакомить с людьми, природой; в играх, веселье и невинных забавах готовить их к школе помогая им развиваться. Детский сад должен осуществлять всестороннее развитие **детей**, которое начинается с физического развития. Для физического развития можно использовать разнообразные виды **деятельности**: игры, ритмические движения, конструирование, несложные сельскохозяйственные работы с родителями на участке и прогулки. Как можно больше время проводить с ребёнком на природе, учить общению с природой. Можно бесконечно сетовать на низкий уровень духовного здоровья нашего общества наших детей, но если педагогам и родителям действительно важно, насколько нравственно и духовно приближены их воспитанники к образу настоящего патриота и гражданина, он будет работать в этом направлении, опираясь на позитивный воспитательный и педагогический опыт.

### *Литература*

1. Аль-Фараби и развитие восточной философии. Астана: Елорда, 2005. 107с.
2. Аль-Фараби. Естественнонаучные трактаты / Аль-Фараби. – Алма-Ата: Наука, 1987.87с.
3. Ibraeva K. *Ethnopedagogical orientation of character education* Материали за X международна практична конференция, 2014,17-25 февруари, -2014, том23, Педагогические науки, София «БелГРАД БГ» -2014,55-68

Доскеева Б.Ж.  
филол.ф.к., доцент

Дәрменқұлова Р.Н.  
ф.ғ.к., доцент, С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ, Алматы қ.  
e-mail: doskeeva\_b@mail.ru, rainur70@mail.ru

## ТІЛДІ ОҚЫТУДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ОҚУ ҮРДІСІН БАСҚАРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІСІ

*Резюме.* В данной статье описывается методическое обеспечение как аспект управления процессом обучения языку. Также рассматриваются выводы исследователей по указанному вопросу.

*Summary.* This article describes the methodological support as an aspect of managing of the learning process of the language. Also, the conclusions of researchers on this issue are considered.

Оқу үрдісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету – өте кең тараған ұғым, ол оқу бағдарламасын жобалауды да, соның ішінде оқытудың мақсатын, әдістерін, мазмұнын да қамтиды.

Оқу үрдісінде қолданылатын оқулықтар, оқу құралдары, техникалық құралдар әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің маңызды құраушысы болып табылады.

Тілді үйретуді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі педагогикалық және психологиялық көзқарастарға байланысты оқу үрдісін басқарудың маңызды аспектісі ретінде қарастырылады.

